



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Беттеу
А. Жұмағалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Мұрат Смағұлов
Дінмен ұштасқан зайырлы мемлекеттің
үлгісі 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Константин Сыроежкин
Қазақстан Республикасы мен Қытай
Халық Республикасы арасындағы
көпжақты стратегиялық ынтымақтастықтың
тереңдеуі 9

Леся Қаратева
Ақпараттық қауіпсіздік vs киберқауіпсіздік:
мағынасы мен мазмұны 15

Алмас Арзықұлов
Аймақтық қауіпсіздік мәселесіндегі
Қазақстанның ұйымаралық қызметі..... 24

ІШКІ САЯСАТ

Нұрлан Сейдін
Ел Президентінің Қазақстан халқына
Жолдауындағы отандық ғылымды
дамытудағы негізгі басымдықтар 30

Алтынай Шамгунова
Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау
саласындағы жағдай: мәселелері мен
шешімдері..... 37

ЭКОНОМИКА

Айжан Кожекенова
Қазақстан Республикасына шетел
инвестициясын тартуда мемлекеттік
реттеу маңызын арттыру 44



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

МАЗМҰНЫ

Ұлан Ерденбеков Экономикалық өсудің теориялық негіздері.....	52
---	----

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Гүлмира Сұлтанбаева Интеллектуалды қоғам азаматын тәрбиелеудегі гуманитарлық технологиялар	59
--	----

Құндызай Ерiмбетова Қазақстан тұрғындарының этнодемографиялық ахуалы (1959-1989 жж.).....	70
--	----

Гүлнар Омарова Қазақ хандығы астанасынан шыққан ойшыл Хусаммеддин ас-Сығанақидың дүниетанымы.....	81
---	----

Мади Нұрсаидов, Әлия Анипина Қытай каллиграфиясының даму тарихы.....	94
---	----

Арман Шайманов Орталық Азия және Қазақстан тарихы мен мәдениетіне арналған алғашқы қазақ және орыс тілдеріндегі баспа кітаптары.....	99
--	----

Бағдаулет Ақын Жапониядағы неолибералды саяси реформалар тарихы	103
--	-----

Түйіндеме	111
------------------------	-----

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	–	редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Үлес НЫСАНБЕК	–	жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	–	ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	–	«Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	–	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БҰРХАНОВ	–	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	–	әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	–	ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	–	ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Марат ТӘЖИН	–	Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Зарема ШӘУКЕНОВА	–	ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | | |
|-------------------|---|---|
| Булат СУЛТАНОВ | – | председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук |
| Улес НЫСАНБЕК | – | ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | – | заместитель председателя Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК, доктор исторических наук, профессор |
| Рахман АЛШАНОВ | – | президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор |
| Куанышбек КАРАЖАН | – | профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук |
| Баглан МАЙЛЫБАЕВ | – | заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук |
| Лейла МУЗАПАРОВА | – | первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Марат ТАЖИН | – | Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Российской Федерации, доктор социологических наук, профессор |
| Зарема ШАУКЕНОВА | – | директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК |

Дінмен ұштасқан зайырлы мемлекеттің үлгісі

Мұрат СМАҒҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің
ғылыми қызметкері

Бүгінгі таңда діни көзқарасты өмірлік өлшемге айналдыру үрдісі қоғамда маңызды орын алып, қайта өрлеу кезеңін кешуде. Ғасырлар бойы діни мекемелер мен дін қызметкерлері халықтың дәстүрлі рухани құндылықтар мен адамгершілік санасын жақсылыққа қарай бағыттай келді. Осыған сүйене отырып мемлекеттің әрі мәдениеттің дамуына, мемлекет пен діннің қарым-қатынасына әсер етті. Алайда мемлекеттің дінге көзқарасы әр кезеңде ерекше болған. Бірде дін мемлекет тарапынан қудаланса, бірде дінмен тығыз өзара қатынас орнатқан. Сол себептен бүгінгі күні зайырлы мемлекеттегі діннің орнын бекіту мен оның қоғамдағы рөлін айқындау өте маңызды деп есептелуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақстан – зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет, дегенмен қоғамға өз бетімен біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады», – деген.

Елбасының айтқан сөзі өте маңызды, себебі осы таңда әлемдегі әр мемлекеттің «зайырлы» деген аталымға байланысты өзіндік түсінігі бар. Нақты айтар болсақ, Еуро Одақ құрамындағы ешбір мемлекетте зайырлылық әрі дін мен мемлекет арасындағы қатынастардың ортақ үлгісі жоқ. Ал КСРО құрамында болған елдерде әлі күнге дейін зайырлылықты теократияның, яғни діни мемлекеттің қарама-қайшысы деп ұғынады. Сондықтан басты мәселе «зайырлы»

терминін түсіну мен әр түрлі мағынада талдануында және зайырлы мемлекеттің сипаттарын бергенде ортақ ой-пікірде болмауда жатыр десе болады.

Зайырлылық қағидаты діни догманың мемлекеттік заңдардан алыстауды көздейді, алайда діннің толықтай қоғамнан ажыратылғандықты мақсат етпейді. Яғни зайырлылық мемлекет пен дін арасында қоғамдық және әлеуметтік мәселелерде өзара ынтымақтастықтан бастап, толықтай бір-бірінен оқшалауға дейін түрлі-түрлі қатынастарды орнатуға мүмкіндік ашады. Бірақ өкіметтің қоғамдық-саяси билік ретінде үстемшіліктері сақтала отырып дін мен мемлекеттің ықпал ету аймақтары нақты бекітіледі.

Өкіметтің зайырлылығын анықтайтын негізгі өлшем – билік пен діннің бір-біріне тәуелсіз болуы. Әрқайсының тәуелсіздігі мемлекеттік бекітілген немесе міндетті діни сенімнің болмауы, діни сенім таңдауда әр азаматтың ар-ождан бостандығы болуы және діни бірлестіктердің мемлекеттен арылуы арқылы жүзеге асады.

Қазіргі заманда әлемдік деңгейде діннің мемлекетке ықпал етуі толық емес, жарым-жартылай ажыратылғанын байқап отырмыз. Өйткені қоғам мемлекеттің, ал сенім қоғамның бөлігі болғандықтан, діни сенімді мемлекеттен ажырату оңайлыққа соқпайды. Діни сенім көптеген қоғамдық тұрмыстың салаларына ықпал етеді. Біріншіден: діннің өзі және діни сенім әрдайым мемлекеттің орналасқа жеріне, халық санына және саяси құрылысқа (дінсіздік заманында да құдайға деген сенім тарқамады) қарамастан бар болған. Екіншіден: дін әділдік, қауыпсыздық, ұрпақ қалдыру және т.б. секілді күшті идеологиялар қатарында. Дін әрдайым саяси құрылысқа қарамастан халық арасында өзіндік қарымқатынастары мен өмір сүру қағидалары бекіте білген. Бір сөзбен айтқанда дін әрқашан қоғамның ажырамас және дербес, мәдениетке, ділге, тілге әрі тарихқа әсер ететін институты болуда.

Діни сенім мемлекеттің географиялық шекараға дербес болса да, билік азаматтарының ұждан бостандығына қойған талаптарымен санасуға мәжбүр. Олай болмаған жағдайда халық наразылығының күшеюі мен тыныштығы тұрақсыздануы мүмкін. Жаһандану үрдісіне және жалпы қоғамның түсінігіне қарамастан әр мемлекет өзіндік дінмен қарым-қатынас моделін құруға тырысады. Кейбірі тіпті дәстүрлі конфессия мәртебесін Ата Заңда бекітеді.

Зайырлылықтың мағынасын әр мемлекетте өздігінше түсінгендіктен діни салада жүргізілетін саясатқа қатысты әлемдік деңгейде мемлекеттер арасында келіспеушілік тудыртады.

Келіспеушіліктердің себебі ретінде әр мемлекеттің ішкі құқықтық, әлеуметтік-саяси, тарихи және мәдени дамуы мен сыртқы халықаралық қатынастар ерекшеліктерін атаса болады. Алайда басым көпшілігі зайырлылықтың негізін құрайтын белгілер – ол биліктің құқық, сот, заң шырағу саласы, білім саласы және ұждан бостандығы дін мен діни көзқарастан тәуелсіз болуда деп білуде.

Жалпы алып қарайтын болсақ, зайырлы және зайырлы емес мемлекеттердің түрі екі өлшем бойынша бөлінеді:

1) мемлекет пен діни мекемелер арасында әріптестіктің болуы немесе болмауы;

2) құқық және білім жүйесіне діннің ықпал ету дәрежесі.

Аталмыш өлшемдер зайырлы мемлекеттердің 4 түрін белгілеуге мүмкіндік береді:

1) Преференциалды (ұнамды) – бір немесе бірнеше конфессияларға мемлекет тарапынан берілген жеңілдік, басымдылық, ерекше мүмкіндіктер. Бұл түрде теократиялық мемлекеттегідей діннің орны заңмен бекітілсе де, діни мекемелер мен олардың өкілдері саяси құқыққа ие болмаған;

2) Эквипотенциалды (жекеленген) – мемлекет барынша діни мекемелерді елдегі саяси, әлеуметтік және құқықтық қатынастардан алыстатып жекелеуге тырысады;

3) Контаминационды (аралас) – яғни бірлескен. Осы түрінде мемлекет пен діни мекемелердің қызметтері араласып, тығыз байланыс жасауда;

4) Сәйкестендірілген түрі – мемлекет пен дін арасындағы ең қолайлы әрі пайдалы ынтымақтастығы.

Дүниежүзілік жүйеде қарама-қайшы болған зайырлылық түрлердің көбінесе араласу мен синтезі байқалады. Себебі зайырлылықтың негізгі мақсаттарының бірі – бір жағынан діндар мен атеистік бағытты ұстанатындар арасындағы мүдделік тепетендікті және мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың тепетендігін сақтау. Бір сөзбен айтқанда, бірнеше зайырлылық түрлерін синтез арқылы қажетті жерде қолдану – әрдайым өзгерістерге ұшырайтын қоғамның талабтарына сай өзіндік үлгісін халыққа ұсыну. Бұл тәсілді Қазақстан елі ді қолға алып отыр.

Оқырманға түсінікті болу үшін, Түркияға зайырлылықты еңгізген М.К. Ататюрк секілді дінді әскермен салыстырмалы түрде қарастырайық. Ондай болса кез келген мемлекетте әскер саясаттан тәуелсіз, ел егемендігін қорғаушысы, ал дін – тығыз байланыста болған рухани және тарихи мәдениеттің қорғаушысы болмақ.

Екеуіні де әр мемлекетте болуы бұлжымас қажеттілік, өйткені олар тұрақтылықты сақтау үшін көмекші әрі қосымша құрал болуда. Оның ішінде конфессиялар қоғамның рухани және мәдени құлдыраудан, радикализімнен сақтау қызметін атқаруда.

Қорыта келгенде, Жолдауда көрсетілгендей, азаматтарды ұждан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет өз бетімен біздің заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды еңгізетін әрекеттерге өте қатаң қарсы тұру, халықтың талабтары мен Ата Заңымызға сай зайырлылық үлгілерін ұсынуда.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көпжақты стратегиялық ынтымақтастықтың тереңдеуі

Константин СЫРОЕЖКИН,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың
бас ғылыми қызметкері,
саяси ғылымдарының докторы

Бүгінгі таңда Қытай Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен стратегиялық серіктестік қатынастар орнатқанына қарамастан, Қазақстан Республикасымен байланысы олармен салыстырғанда басым екендігі даусыз мәселе. Бұған, қазақстан-қытай қатынастарының «жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастар» деген сипаттамаға ие болуын мысал ретінде аламыз. Ал посткеңестік кеңістікте мұндай статусқа тек ресей-қытай қатынастары ғана ие, яғни бұл факт көптеген мәселелердің басын ашып отыр.

Бұған «Қазақстан-2050» Стратегиясы және Қазақстан Республикасының Сыртқы саясат тұжырымдамасы бойынша Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси басымдықтары арасында Ресейден кейінгі екінші орында тұру фактісі мысал болады.

Бұл заңды құбылыс, өйткені Сыртқы саясат тұжырымдамасына кірген мақсаттарға көңіл бөлсек, әсіресе Стратегиядағы қауіптер мен қатерлерге қатысты міндеттерді Ресей мен Қытай елімен ынтымақтастықсыз қол жеткізу мүмкін емес екендігін және бұл қауіп-қатерлерге қарсы тұрарлықтай нақты жауаптар да табылмайтындығын байқаймыз.

Осыған байланысты ҚР Сыртқы саясат тұжырымдамасы мен 2050 жылға дейінгі Стратегияны іс жүзіне асыру барысында аталынған мәселені негізге алған жөн. Белгілі бір басымдықтарды нақтылау барысында негізге құжатты жасаушылардың өз тілеулері ғана емес, нақты бір іргелі мәселелер тұрғандығы даусыз. Әрине, аталынған бағыттар бойынша басымдықтардың болуы сыртқы саясаттың басқа тараптары бойынша белсенді саясаттың жүргізілуіне кедергі болмайды.

Ал Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық серіктестік қатынастарды тереңдету мәселесіне келер болсақ, бұл «Стратегияда» және Сыртқы саясат тұжырымдамасында анықталғанындай бірінші кезекте Қазақстан Республикасының өзіндік мүдделері тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Әрине, сонымен қатар жаһандық және аймақтық күштер ара-салмағы есепке алынып, басқа серіктестердің де қызығушылықтары назарда болуы керек.

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы мен 2014-2020 жж. арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасында да толығымен нақты жазылған. Аталынған екі құжат та ашық басылымға жарияланды, сондықтан да бұл мәселеге тоқталып жатудың қажеті жоқ. Сонымен бірге бүгінгі таңдағы қазақ-қытай қатынастарының күрделі мәселелеріне тоқталу қажет деп есептемеймін, өйткені бұл қазақстандық басылымдарда жиі талқылануда және бұл мәселені жіті бақылайтындар үшін аса бір құпия емес.

Бұл жерде бар назарды Қазақстан мен Қытайдың ұлттық мүдделерінің тоғысуы мүмкін салаларға аудару қажет, өйткені осы арқылы жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастарды дамытудың негізін қалауға болады.

Қазіргі таңдағы әлемдік қауымдастықтың мүше-мемлекеттерін алаңдатып отырған негізгі мәселелердің бірі ретінде халықаралық құқық нормаларын бағалау, жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті және осыған қатысты әлемдік тұрақсыздыққа алып келетін қатерлердің алдын алуға бағытталған халықаралық ұйымдардың қауқарсыздығы болып отыр.

АҚШ пен оның Еуропадағы одақтастарының ұсынып отырған халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құру үрдісінде «қосалқы стандарт» саясаты басым рол ойнайды, сонымен қатар күш пен оны БҰҰ ҚК қарамастан қолдану және халықаралық қатынастардың басқа субъектілерімен санаспау әрекеттері бүгінгі күннің шындығы болып

отыр. Осыдан 5-10 жыл бұрын өзіңнің шынайы мақсаттарыңды жасыру, бүркемелеуге деген талпыныс болған еді, ал қазір болса ашық цинизммен әрекет етіп, халықаралық құқықтар нормаларын сақтамау, тіпті өздерінің уағыздап отырған демократиялық құндылықтары мен үлгілерді есепке алмау орын алған.

Әрине, бұл өз кезегінде әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерін қанағаттандырмайды, өйткені оларды күштілер тарапына өтуге ашық итермелеп, таңдау құқығынан айырып отыр. АҚШ пен Еуропаның Ресей тарапынан ұсынылған қауіпсіздіктің жалпы кеңістігін құру туралы бастаманы қабылдамауын Вашингтон мен оның Еуропадағы одақтастарының түсінігіне балама болатын аймақтық қауіпсіздік жүйесін құру қажеттілігі мерзімінің келгендігі деп түсіну қажет болар.

Қауіпсіздіктің бұндай құрылымын қалыптастыруға қажетті мүмкіндік те, және бұл мәселені талқылауға қажетті және талқылануы тиіс арнайы алаң да бар. Бұл бірінші кезекте ШЫҰ және АӨСШК ұйымдары. Тағы бір айта кетерлігі, аталынған ұйымдардың күн тәртібіне бұл мәселені қою тек ортақ стратегия (азиялық) қалыптастыру жағынан ғана емес, сонымен қатар бұл форумдардың халықаралық беделі мен дәрегейін көтеруге де ықпал етеді.

Осы мәселеге қатысты екінші бір туындайтын қиындық – әлемдік қаржы жүйесінің іс-әрекеттік қабілетсіздігі, бұл жағдай жаңа қаржы-экономикалық дағдарыстардың орын алуына алып келіп қана қоймай, сонымен қатар балама пікір білдірген мемлекеттің қауіпсіздігіне ықпал ететін АҚШ-тың Ресейге қатысты санкциялары секілді әрекеттерге де жол беретіндігін көрсетті.

Әрине, әлемдік нарықтардан (мысалы, қаржылық) шеттеуге болмайды, бірақ әлемдік саудадағы дағдарысқа ұрынған – доллар мен еуро секілді екі басым валютаның болуы ұлттық қауіпсіздік үшін көптеген қиыншылықтар тудырып отыр.

Үшінші бағыт – ШЫҰ қызметінің белсенденуі және бұл ұйымның халықаралық беделі мен дәрегейінің артуы. Бұл жерде қазақстан тарапынан айтылған бастамалардың өзектілігі артып отыр. Қазақстан тарапынан мынадай ұсыныстар айтылған болатын:

- ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің толыққанды стратегиясын қабылдау;
- ШЫҰ болжамдау орталығын құру;
- Заңсыз миграциямен күрес жөніндегі ШЫҰ Конвенциясын қабылдау;
- ШЫҰ Энергетикалық клубын құру;

- Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ШЫҰ Конвенциясын қабылдау және ШЫҰ аясында су-азық-түліктік мәселеге қатысты құрылым құру;
- ШЫҰ аясында инновациялық сынтымақтастық бағдарламасын жасау және қабылдау;
- Киберкеңістікке бақылау орнату стратегиясын жасау және қабылдау мен киберпол қызметін атқаратын ШЫҰ аясында арнайы орган құру;
- ШЫҰ аясында ұйым кеңістігі аймағындағы «қақтығыс аудандарында» алдын-алу шараларын жүзеге асыратын Территориялық және аймақтық шиеленістіктерді реттестіретін кеңес құру;
- ШЫҰ аясында Төтенше жағдайлар жөніндегі кеңес құру;
- ШЫҰ кеңістігінде ұлттық валютадан үстем ортақ валюта жасау мәселесін талқылау.

Төртінші басым бағыт – Қытай мен жаңа құрылған Еуразиялық экономикалық кеңістіктің географиялық орналасуын тиімді пайдалану. Мұнда негізгі мәселе ретінде ортақ ірі көліктік-логистикалық жобалар мен экономиканың шикізаттық емес салаларындағы жобаларды жүзеге асыру қарастырылады. Қытай басшысы Си Цзиньпин өзінің Жібек жолы бойындағы «экономикалық белдеу» құру тұжырымдамасын таныстыру барысында осы мәселеге баса назар аударған болатын.

Әрине, бұл мәселеде ұлттық мүдделерді есепте ұстаған дұрыс, өйткені аталынған интеграциялық жоба аясында экономикалық күшеюі мен қаржылық мүмкіндіктері салыстыруға келмейтін мемлекеттер өзара қатынасқа түседі.

Бесінші бағыт – Қытай мен Ресей және Орталық Азия аймағы үшін маңызды саналатын ірі су және экологиялық жобаларға деген қажеттілік. Сонымен қатар, дәл осы экология саласында ғылыми-техникалық ынтымақтастық механизмдерін құру мен өндірісте ғылыми-техникалық жетістіктерді ендіруге деген көптеген мүмкіндіктер ашылады.

Бұл жерде жеке бағыт ретінде «Энергетикалық клубтың» құрылуының тәжірибелік маңызына тоқталуға болады, өйткені болашақта Азия кеңістігінде ортақ энергетикалық кеңістік құру мәселесі де көтерілуі мүмкін.

Алтыншы бағыт – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ортақ жобалар. Бұл жобаларды жүзеге асыруға қажетті табиғи жағдайлар мен ғылыми негізделген база да бар. Қазіргі таңда бұл мәселе өте өзекті болып отыр. Сонымен қатар, ауылшаруашылық

өндірісі мен ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша Орталық Азия мемлекеттері экономиканың нақты және бәсекеге қабілетті секторын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қауқарлы.

Жетінші бағыт – аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен «үш зұлымдықпен» күрес саласындағы ынтымақтастық. Жаңа кезеңдегі өзекті мәселелер қатарында:

- Қытай және Орталық Азия елдерінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігіне Ауғанстаннан төнетін қауіптер мен қатерлері оқшаулау;
- Діни экстремистік топтардың қызметіне, Қытай мен Қазақстан территориясына шетелдік діни эмиссарлардың келуіне шектеу қою;
- Саяси экстремизмнің алдын алу, оның ішінде діни негізделген экстремизмді тоқтатудың жағдайларын жасау;
- Халықаралық терроризмге қарсы күресті жалғастыру және Қазақстан мен Қытай территориясына террористік топтардың кіруіне, сонымен қатар осы ел азаматтарының шетелдердегі террористік шараларға араласуына шектеу қою;
- Ұлтшылдықтың өршуі мен этникалық және діни сепаратистік көзқарастардың алдын алуға жағдай жасау.

Сегізінші бағыт – энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде Қазақстан территориясында мұнай мен газ өңдейтін жаңа өндірістер ашу жағы да бар. Осы ынтымақтастық аясында Қазақстан мен қытай арасындағы стратегиялық серіктестік қатынастар қалыптасып отыр, сондықтан да ол әркез күн тәртібіндегі өзекті мәселе болады.

Тоғызыншы бағыт – ҚХР мен Қазақстанның жекелерген аймақтары арасындағы ынтымақтастықтың дамуы. Бұл Қытай Халық Республикасының Орталық Азия елдерімен байланысында жасаған жаңа ұстанымы. Бұған дейінгі осы үлгідегі байланыстар орын алғанымен де (ҚХР ШҰАА Іле-Қазақ автономды облысы, Қазақстанның Шығыс-Қазақстан және Алматы облысытары) нақты жобалар ретінде тіркелмеген еді. Аймақаралық ынтымақтастық көп жағдайда Қазақстан Республикасы мен ҚХР ШҰАА арасында дамыған еді.

Өзара ынтымақтастықты дамытудың келесі бір бағыты – туризм. Қытайдың бұл бағыттағы тәжірибесі өте үлкен. Ал Қазақстанның бұл саладағы тәжірибесінің жоқтығы, саланың көп жағдайда жекелеген фирмалар мен туристік агенттіктер жұмысы арқылы жүруіне алып келген. Бұл саладағы негізгі қиындықтар – Қазақстанда дамыған туристік инфрақұрылымның болмауы және ҚХР туристерінің

Қазақстанға келуіне қажетті ақпарат алатын маркетингтік зерттеулердің болмауында.

Мәселені қорытындылай келе айта кететін бір жайт – Қытаймен өзара қатынаста эйфорияға жол бермеу болып табылады. Қытай өз тарапынан серіктестің маңыздылығын түсініп, оның пікіралмасушы ретіндегі күшін сезінгенде ғана өзімен тең дәрежеде байланыс жасауға мүмкіндік береді. Ал Орталық Азия мемлекеттері, тіпті Ресейдің де жақын мерзім аралығында Қытаймен бәсекеге түсе алмайтындығын ескере отырып, өзара мүмкіндіктерді біріктіру қажеттілігін түсінеміз.

Бұл үшін барлық жағдай мен мүмкіндіктер бар, тек оған саяси ерік пен ортақ қауіп-қатерді сезіну қажет. Сондықтан да «2014-20 жж. арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында» негізгі басымдық Еуразиялық экономикалық одақ құруға беріліп отыр. Ресей, Қазақстан және Беларусь елдері арасында құрылған Кедендік одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістік, және де болашақта қалыптасуы тиіс Еуразиялық экономикалық одақ Қытайдың посткеңестік кеңістікке, әсіресе Орталық Азия аймағына қатысты жоспарларына біршама тежеу болады.

Ақпараттық қауіпсіздік vs киберқауіпсіздік: мағынасы мен мазмұны

Леся ҚАРАТЕВА,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дың бас ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының докторы

Казіргі таңдағы қарқынды дамып отырған ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар адам өмірінің көптеген жақтарына өзінің ықпалын тигізіп, өзгеріске түсірді. Саяси салада орын алған тектоникалық өзгеріс ретінде қалыптасқан кибернетикалық кеңістіктің «жалпы кеңістіктер» аумағына жылуын айтуға болады, бұл өз кезегінде халықараплық қауіпсіздік архитектурасына әсер етеді. Кибернетикалық кеңістік киберқарулардың жойғыштық әлеуетінің артуы жағдайында мемлекетаралық шекаралардың есепке алынбайтындығын көрсетіп отыр. Мәселенің шиеленісуіне киберкеңістіктегі үрдістерді реттейтін нақты рәсімделген құқықтық нормалардың болмауы де ықпал етуде.

Киберкеңістіктің трансшекаралық мәні құқықтық жүйенің ұлттық деңгейге негізделуін жоққа шығарады. Ал халықаралық құқық нормаларын жасауға әлемдік деңгейдегі маңызды ойыншылардың кибертехнологияларды пайдаланудағы стратегиялық ұстанымдарының өзара ерекшеленуі кедергі болып отыр.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін анықтауға қатысты алғашқы қадам 1998 жылы РФ БҰҰ Бірінші комитетіне «Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ақпараттандыру және телекоммуникациядағы жетістіктер» атты қарар жобасын ұсынған кезде орын алған болатын [1]. Ал қазіргі таңда кибер/ақпараттық қауіпсіздікті зерттеу және қамтамасыз ету бойынша ауқымды жүйе қалыптасқан, оның элементтері ретінде ұлттық мемлекеттер, олардың жеке құрылымдары, халықаралық үкіметтік және

үкіметтік емес ұйымдар, жеке және қоғамдық қорлар мен конференциялар саналады, сонымен қатар институтцияланбаған бағыт, оған жеке және уақытша? Қысқа мерзім аралығында құрылған желілік құрылымдарда жұмыс жасайтын белсенділер кіреді.

Осы желінің құжаттарға жасаған талдауы негізгі екі басым дискурстың бар екендігін көрсетеді, олар мәнмағынасы жағынан өзара ұқсас және өзіндік ерекшеліктері бар.

Дискурс 1.* Дискурс пәні «ақпараттық қауіпсіздік» және «халықаралық ақпараттық қауіпсіздік» (ХАҚ) терминдерімен белгіленеді. Дискурс ақпараттық қауіпсіздіктің екі өзара тәуелді және өзара толықтырушы аспектілері: ақпараттық-технологиялық және ақпараттық-психологиялық тұрғыдан қабылдануын көрсетеді.

Дискурсты қалыптастырушы Ресей Федерациясы болып табылады, ол халықаралық деңгейдегі дискурста тән негізгі принциптер мен әдістерді артикуляциялауда да белсенді болып отыр. Бұл саладағы РФ барынша айқын жетістігі ретінде ХАҚ мәселесін БҰҰ Бірінші комитетінің өкілеттілігіне талдауға қосу шарасы болды, және де ШЫҰ мүше-мемлекеттер арасында ХАҚ қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге келуге қол жеткізуі болатын [2], ал оның аясында дискурстың негізгі ұстанымдарын тек ШЫҰ мүше орталықазия елдері ғана емес, сонымен қатар Қытай елі де ресми қолдау танытты. Қазіргі таңда ШЫҰ Келісіміндегі негізгі түсініктерді ТМД мен ҰҚКҰ тұжырымдамалық құжаттарына көшіру бойынша жұмыстар жасалынып жатыр [3].

Дискурсу бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі объектілері ретінде танылатындар:

- «ақпараттық инфрақұрылым», ақпаратты жасақтау, қалыптастыру, өңдеу, тасымалдау, қолдану мен сақтауға қатысты техникалық құралдар мен жүйелер жиынтығы;
- «ақпараттық ресурстар», оған ақпараттық инфрақұрылым және сонымен қатар ақпараттық өзі мен ағыны кіреді;
- «өте маңызды құрылымдар», мемлекеттің объектілері, жүйелері мен институттары, бұларға қандай да бір ықпал ету ұлттық қауіпсіздік, жеке, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысты тікелей салдарларға алып келеді;
- жеке тұлға, қоғам, мемлекет және олардың мүдделері.

Ақпараттық қауіпсіздіктің қатерлерін ақпараттық кеңістіктегі тұлға, қоғам, мемлекеттің және олардың мүдделеріне қатер төндіретін

* Дискурстың нөмірі оның иерархиясын танытпайды, тек материалды қолайлы ұсыну үшін қойылған.

факторлар ретінде қарастыра отырып, дискурс бұл факторлардың көрініс беруі мүмкін келесідей бағыттарды айқындайды [4].

Бірінші – екі және одан да артық мемлекеттердің ақпараттық жүйелер, үрдістер мен ресурстарға, аса маңызды және басқа да құрылымдарға зиян келдіру, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелерге нұқсан жасау, қоғам мен мемлекетті тұрақсыздандыру үшін тұрғындарды жаппай психологиялық өңдеу, және де мемлекетті қарсы жақтың пайдасына қажетті шешімдер қабылдауға итермелеу мақсатында ақпараттық кеңістіктегі өзара қарсы күресі. Мұндай өзара қарсы тұрушылық «ақпараттық соғыс» категориясымен белгіленген.

Екінші – ақпараттық кеңістікте ақпараттық ресурстарды қолдану және/немесе оларға ықпал етудің заңсыз мақсаттарға қолданылуы. Бұл бағыт терминологиялық жағынан «ақпараттық қылмыс» деген атауға ие.

Үшінші – ақпараттық кеңістікте ақпараттық ресурстарды қолдану және/немесе оларға ықпал етудің террористік мақсаттарға қолданылуы. «Ақпараттық терроризм» деп талынған.

Басқаша айтқанда халықаралық ақпараттық қауіпсіздік келесі құрамдас үштіктің қорғалу деңгейі ретінде танылады:

- Әскери-саяси (оның ішінде ақпараттық-психологиялық)
- Киберқылмыскерлік
- «Сандық жиһад»

Дискурс аясында ХАҚ қамтамасыз ету саласындағы әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған келесідей міндеттер айқындалады:

- «ақпараттық соғыс», «ақпараттық қылмыскерлік», «ақпараттық терроризм» түсініктері бар ортақ жалпылама қабылданған түсініктер аппаратын қалыптастыру.

- ХАҚ қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық келісімдерді жылдам мерзімде қабылдау. Мысалы, мынадай құжаттар: «Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әрекеттер тәртібі» («жұмсақ» үлгі) және «БҰҰ-ның Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы конвенциясы» (заңдық міндетті үлгісі).

Дискурс 2. Дискурсты сипаттайтын құжаттарға «киберқауіпсіздік», «киберкеңістік» деген терминдерді пайдалану тән.

Дискурсты қалыптастыру бірден бірнеше ойыншылармен (АҚШ, ЕО кейбір мемлекеттері, Австралия) жүзеге асырылғандығына қарамастан, «маңызды басшы» Құрама Штаттар, өйткені дискурс бойынша әлемнің жетекші ақпараттық құрылымы ретінде таныла-

ды. Сонымен қатар, мәтіндегі жүргізілген талдау арқылы Құрама Штаттардың желілік әлемдегі гүлдену, қауіпсіздік пен ашықтықты қамтамасыз ету миссиясын өз мойнына алғандығын байқауға болады.

Жоғарыда айтылғанға сәйкес дискурстың негізгі элементтерін АҚШ үкіметтік шенеуніктері жасаған мәтіндерден іздеу дұрыс болады.

Ресми анықтама бойынша киберкеңістік немесе киберкеңістіктік орта ретінде компьютерлік желілер және онымен байланысты физикалық инфрақұрылымдарда мәліметтерді сақтау, өзгерту және алмасу мақсатында электрондық жіне электромагниттік құралдарды пайдалану барысында қалыптасқан шартты бір кеңістік танылады [5]. Киберкеңістік – дискурс аясында бесінші кеңістіктік өлшем ретінде басқа бұрындары бар физикалық: жерлік, сулық, ауалық және космостық өлшемдермен қатар қарастырылады.

Киберорта келесідей анықтаушы мәндемен сипатталады:

- инновациялар үшін ашықтық;
- бүкіл әлем бойынша өзара әрекеттестік;
- адамдар сеніміне ие қауіпсіздік;
- олардың жұмысын қолдауға әлеуетті тұрақтылық.

Мемлекеттер үшін бағыт-бағдарлар болатын киберкеңістіктегі әрекет ету нормаларына негізгі еркіндіктерді қолдау, меншікке құрмет, дербес өмірдің құндылығы, қылмыстан қорғалу, өзін-өзі қорғауға құқық, жаһандық сәйкестілік, желілік тұрақтылық, қолжетімдік сенімділігі, басқаруға көп тараптардың араласуы, киберқауіпсіздікке қажетті назар аудару шаралары кіреді [6].

Дискурс аясында киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бір мемлекеттің мүмкіндігімен жүзеге асырылмайтындығы танылады. Бұл желілік қауымдастықтың және оның ұжымдық авторлық мәнінің салдарына байланысты. Киберкеңістікте шоғырланған адамдардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі бүгінгі таңда «адамзат тарихында бұрын соңды болмаған деңгейде» [7]. Сонымен қатар, жүйенің таратылуы «үйлестірілген жұмысты» талап етеді, өйткені ешқандай біртұтас ұйым, құжат келесім-шарт немесе құрал желілік әлемнің қажеттілігін толығымен ақтай алмайды. «Үйлестірілген жұмысты» қамтамасыз ету үшін қажеттілік:

1. «ашықтықты, өзара әрекеттестікке бейім, қауіпсіз және сенімді киберкеңістіктің құндылығын» мойындайтын жауапты қатысушы, мемлекеттерді ынтымақтастыққа тарту;
2. Қатысушылардың ауқымды шеңберін, «соңғы қолданушылардан бастап, жеке сектордың аппараттық және

бағдарламалық қамсыздандыруын сатушыларды және аймақтық, көппрофильді ұйымдарға дейінгі интернет-провайдерлерді» ынтымақтастыққа тарту.

АҚШ үкіметі нақтылап отырған ынтымақтастық жеті бағыт бойынша жүруі тиіс және ол киберқауіпсіздіктің стратегиялық қаңқасы болуы керек [8]:

1. Экономика: халықаралық стандарттарды және инновациялық, ашық нарықты дамыту. Бұл бағыттың құрамында:

- қолжетімді, жаһандық байланыс желілері арқылы технологиялық инновацияларды қолдайтын еркін нарықтық ортаны жасау;
- интеллектуалдық меншікті қорғау, оның ішінде коммерциялық құпияны ұрлаудан сақтау;
- техникалық эксперттер орнатқан өзара үйлесімді және қауіпсіз техникалық стандарттардың басымдығын қамтамасыз ету.

2. Желілерді қорғау: қауіпсіздікті, сенімділікті және орнықтылықты арттыру. Бұл бағыттың құрамына:

- киберкеңістіктегі ынтымақтастықты ынталандыру — мысалы, мемлекеттердің киберкеңістіктегі әрекеттерінің нормалары саласында — екіжақты тәртіп бойынша, және де көптараптық ұйымдар мен көпұлттық серіктестік негізінде де;
- АҚШ желілеріне шабуылдар санын төмендету мен оның жұмысына кедергілер келтірумен күрес;
- оқыс оқиғаларға, ақпараттық инфрақұрылымның орнықтылығы мен оны қайта қалпына келтіру мүмкіндігі бойынша шұғыл әрекет етуді қамтамасыз ету;
- өндірісте түрлі кенестерді пайдалану арқылы тасымалдаудың жоғарғы технологиялық тізбегінің сенімділігін арттыру.

3. Құқықтық қолданушылық: ынтымақтастықтың кеңеюі және заңның үстемділігі. Бұл бағытқа жататындар:

- киберқылмыс бойынша халықаралық саясатты дамытуға қатысу;
- Будапешт конвенциясына түзетулер енгізу арқылы халықаралық деңгейде киберқылмысқа қатысты заңдарды үйлестіру;
- интернетке қолжетімділікті шетеудің орнына заңсыз қызметтермен күрес бойынша заңдардың мақсаттылығын қалыптастыру;
- террористер мен басқа да қылмыскерлердің операциялар, қаржыландыру және шабуыл жасауды жоспарлауға интернетті пайдалану мүмкіндігінен айыру.

4. Қарулы күштер: ХХІ ғасырдың қауіпсіздігі мәселелеріне дайындық. Бұл бағытқа мыналар жатады:

- әскерилердің сенімді және қауіпсіз желілерге деген қажеттілігінің артуын және бұл қажеттіліктерге бейімделуді есепке алу;
- киберкеңістіктегі орын алуы мүмкін қатерлерге қарсы тұруға қатысты әскери одақтар құру немесе ағымдағыларын жетілдіру;
- жалпы қауіпсіздікті арттыру мақсатында киберкеңістіктегі одақтастар және серіктестермен ынтымақтастықты кеңейту.

5. Интернетті басқару: тиімді және жалпылама құрылымдарды тарату. Бұл бағыттың құрамына:

- интернеттегі ашықтық пен инновацияларға иек арту;
- жаһандық желінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау, оның ішінде домендік атаулар жүйесі (ДАЖ) де бар;
- интернетті басқару және оларға қолдау көрсету мәселелері бойынша қатысушылар арасында конференциялар ұйымдастыру.

6. Халықаралық даму: әлеует, қауіпсіздік және даму. Бұл бағытқа:

- техникалық әлеует және киберқауіпсіздік әлеуетін арттырғысы келетін елдерді қажетті білім, ағарту және басқа да ресурстармен қамтамасыз ету;
- халықаралық киберқауіпсіздік саласындағы жаңа жетістіктерді өзара алмасу және дамыту;
- мемлекеттердің киберқауіпсіздікке қарсы күрестегі мүмкіндігін арттыру, оның ішінде құқыққорғау органдарын, сот мамандарын, заңгерлер мен заңжасаушыларды дайындау жолдары да бар;
- техникалық әлеуетті арттыру мақсатында жоғары лауазымды тұлғалармен қатынастарды орнату, сарапшылармен және олардың Құрама Штаттар үкіметіндегі әріптестерімен тұрақты және ұзақ мерзімдік қатынастарды қамтамасыз ету.

7. Интернеттің еркіндігі: негізгі еркіндіктер мен жеке өмірді қолдау. Бұл бағытқа жататындар:

- азаматтық қоғам қайраткерлерінің еркін пікір білдіру және бірлесуге қажетті сенімді, қорғалған және қауіпсіз платформалар құруына қолдау көрсету;
- азаматтық қоғам және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, олардың интернет-белсенділігін заңсыз сандық шабуылдардан қорғау бойынша жұмыстар жүргізу;
- коммерциялық мәліметтерді тиімді қорғау мақсатында халықаралық ынтымақтастықты ынталандыру;

- интернеттегі өзараәрекеттестікке қажетті ашық үйлесімділікті қамтамасыз ету.

* * *

Көріп отырғанымздай, халықаралық қауымдастықтың негізгі ойыншыларының кибер/ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелердегі көзқарастары біршама ерекшеленеді. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты ресейлік көзқарас негізінен ақпараттық кеңістіктен тарайтын қатерлеге баса назар аудару әдістемесінен тұрады. Ал америкалық дискурс болса өз кезегінде киберкеңістікті түйсіну барысында оны мүмкіндіктер кеңістігі ретінде және оны игеру ұлттық және әлемдік даму мен гүлденудің нақты шарттарының бірі ретінде қарастырады.

1 дискурс аясында кибер/ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым себебі ретінде субъектінің үштік бейнесі тұлға-қоғам-мемлекет пен оның мүдделерін ақпараттық кеңістіктен тарайтын қауіп-қатерлерден қорғау алынып, осы мәселеге назар аударылады. Ал 2 дискурс аясында көпшілік деңгейде кибер/ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің себебі ретінде желілік технологиялар берітін барлық мүмкіндіктерді толығымен игеру қарастырылады.

Нәтижесінде дискурстарға жасалынған талдау негізгі үш ерекшеліктің бар екендігін көрсетеді.

Бірінші ерекшелік жалпы кибер/ақпараттық қауіпсіздік түсінігінің мәніне қатысты. Ақпараттық қауіпсіздікке қатысты ресейлік пікір негізінен ақпараттық жалпыламалық мазмұнына басымдық жасап, киберкеңістік бұл жүйенің бір элементі ретінде қарастыруға бағытталған. Ақпарат табиғи және жасанды ретінде қарастырылады. Киберкеңістік жасанды орта және ақпараттық техникалық өлшемі ретінде танылады. «Кибермен» қатар, ақпаратқа адам санасындағы ой-пікір және кітаптар мен құжаттардағы ақпарат та жатады. Осылайша, пікірталаста ақпараттың тек «кибер» бөлігі ғана емес, барлық жақтарын қарастыру тиіс деген логикалық қорытынды жасалынады.

АҚШ тек электронды инфрақұрылымда пайда болған мәліметтерді ғана қарастыруға мүдделі. Олар да киберкеңістіктен тыс ақпараттың бар екендігін мойындайды, бірақ ол қазіргі таңда соншылақты басым бағыт емес.

Екінші ерекшелік мемлекеттік құрылымдардың интернетті реттеу саласындағы және қолданушылардың желілерге салып отырған контентке мемлекеттік бақылау жүргізуге қатысты мүмкіндіктері

мен өкілеттілігіне байланысты. АҚШ ақпаратты қорғауды, яғни оған цензура салуға немесе тұрғындардың ақпараттандырылуына бақылау орнатуды мүлдем қарастырмайды. Бұл идеяның негізінде тұрғындарды зиянды ақпараттан қорғаудың барынша тиімді жолы білімділікті арттыру мен толығымен хабардар болу деп санайды.

Міне, осы ерекшеліктер ресейлік тарапты сануға және Батыс тарапынан түрлі ұсыныстар жасалынуына ықпал етті. РФ ұсыныстарын батыстықтар «өте үлкен көңіл қалушылық» деп бағалады [9]. Ал ресейлік тарапты қолдаушылар ұлттық мемлекеттердің өз сегментінде интернеттегі контентке бақылау орнатуға қарсы болушылық АҚШ жаһандық киберкеңістіктегі басым болуының шарты ретінде таныйды.

Үшінші ерекшелік кибер/ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы негізгі қатерлерді нақтылауға байланысты. 2 дискурс аясында негізінен киберқауіпсіздікке (ЕО үшін) және «кибертерроризмге (АҚШ үшін) қарсы тұруға назар аударылса, 1 дискурс бойынша қоғам немесе мемлекетті тұрақсыздандыру мақсатында екі немесе одан да көп мемлекеттердің ақпараттық соғыс жүргізуі, және де мемлекетті қарсы тараптың мүддесіне қажетті шешімдер қабылдауға итемелеу саналады.

Соған карамастан, АҚШ киберқауіпсіздік саласындағы өзінің негізгі мақсаттарының бірі ретінде киберкеңістікке жаһандық бақылау орнатуды және кибернетикалық шабуылдық операциялар жүргізу мүмкіндігін қарастырады, өйткені бұл өзінің ақпараттық жүйесін және олардағы ақпаратты қорғау деп есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. A/RES/53/70 от 4.01.1999 Достижения в сфере информатизации и телекоммуникации в контексте международной безопасности. Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей (по докладу Первого комитета A/53/576)
2. Соглашение между правительствами государств-членов Шанхайской организации сотрудничества о сотрудничестве в области обеспечения международной информационной безопасности / http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000286_
3. Вус М.А. Вопросы совершенствования и гармонизации законодательства государств – членов ОДКБ в сфере обеспечения информационной безопасности / <http://iscs-expo.primeexpo.ru/media/52/pdf/vus.pdf>

4. Перечень основных понятий в области обеспечения международной информационной безопасности. Приложение 1 к Соглашению между правительствами государств-членов Шанхайской организации сотрудничества о сотрудничестве в области обеспечения международной информационной безопасности / <http://www.crime.vl.ru/index.php?p=3626&more=1>
5. The National Strategy to Secure Cyberspace, Washington, DC: White House, 2003. / https://www.us-cert.gov/sites/default/files/publications/cyberspace_strategy.pdf
6. International Strategy for Cyberspace. Prosperity, Security, and Openness in a Networked World, May 2011 / http://www.whitehouse.gov/sites/default/files/rss_viewer/international_strategy_for_cyberspace.pdf
7. Remarks by the President on Securing Our Nation's Cyber Infrastructure, May 29, 2009 / <http://www.whitehouse.gov/the-press-office/remarks-president-securing-our-nations-cyber-infrastructure>
8. Международная стратегия по действиям в киберпространстве / http://www.inoforum.ru/inostrannaya_pressa/mezhdunarodnaya_strategiya_po_dejstviyam_v_kiberprostranstve/
9. Кибербезопасность на высоком уровне / http://www.ng.ru/concepts/2013-07-26/7_cyber.html

Аймақтық қауіпсіздік мәселесіндегі Қазақстанның ұйымаралық қызметі

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дың бөлім меңгерушісі

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары мен ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы әлемдік тәртіптің өзгеруі халықаралық қатынастар жүйесінде біршама қиыншылықтар туғызғандығы және оның өз кезегінде мемлекеттер арасындағы қатынастарды қалыптастырудың аймақтық деңгейін қажет еткендігі белгілі. Еуразия құрлығының басым бөлігінде орналасқан Кеңес одағы мен оның басшылығындағы социалистік блогтың толығымен ыдырауы әлемдік үлкен геосаяси ойыншылар арасындағы қарым-қатынастарды реттестірумен қатар, көлеңкеде қала отырып, қоғамға біршама қауіп-қатер тудыратын басқа да күштердің жандануына алып келді. Сондықтан да, жаңа қауіп-қатерлерді аймақтық өлшем арқылы негіздеу бігінгі таңдағы жаһандану жағдайында көптеген мемлекеттерді бірсарынды үдерістерге итермелеп отыр. Мемлекеттердің белгілі бір мәселеге (қатерге) байланысты өзара тәуелділікке бой алдыруы олардың арасындағы аймақтық бірігу үрдісінің қалыптасуына алып келеді.

Соңғы онжақты жылдарда аймақтық кеңістік ауқымды әлемнің күрделі, көпқабатты құрылымы ретінде таныдып отыр. Осындай құрылымның бірі ретінде 1980 жж. – ХХІ ғасырдың басындағы өзгерістер кезінде қалыптасып, өз орбитасына батыстық құндылықтарды негізге алған еуропа-атлантика аймағын кіргізген Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымын қарастыруға болады. Соңғы кездердегі әлемдік тәртіптің өзгеруіне қатысты Ұйым

соңғы кездерде өз ықпал ету аймағына бұрынғы кеңестік республикалармен қатар Орталық Азия аймағын да кіргізіп отыр.

ЕҚЫҰ-ның жаһандық ықпал ету мүмкіндігі болмағымен де, ол өзінің мүшелері әлемдік державалар арқылы өзінің құндылықтары мен нақты әрекеттерін әлемнің ауқымды бөлігіне таратып отыр. Жалпы алғанда ЕҚЫҰ басқа да аймақтық ұйымдармен салыстырғанда өзінің ықпал ету аймағымен өзгеше, өйткені оның әрекет ету аймағы Солтүстік Америка және Еуразиямен қатар, орталық Азия секілді жеке аймақтарды да өзіне қосып отыр. Сондықтан да, қазіргі таңдағы аймақтық принципі бұл жаһандану үдерісіне қарсылық немесе мемлекеттердің өз кеңістігі мен мүдделі аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тұрақтылықты сақтауға қатысты топтасқан әрекеті болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттері (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) жер көлемі – 3882 мың шақырым, халқы 53 млн. адам болатын еуразия құрлығының орталық аймағына орналған. Аймақтың оңтүстікте Ауғанстан мен Иран, шығыста – Қытай, батыс-солтүстікте – Ресей секілді мемлекеттермен шекараласуы белгілі-бір қауіп-қатерлердің ықпалында болуына себепті болды [1].

Адамзат өмірінің әрекеттеріндегі қауіп-қатерлер оның барлық салаларында кездеседі, мысалы олардың мағынасына қарай саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық болуы адамдар қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Бұл аталынған қатерлердің өзара тәуелді болуы олардың біреуіндегі жайсыздықтар басқа салаларға да ықпалын тигізуі мүмкін.

Қазіргі таңда ЕҚЫҰ кеңістігінде орын алып отырған қауіп-қатерлердің барлығы жалпылық немесе әлемдік мазмұнды құбылыстар қатарына жатады. Бұл жағынан алғанда ЕҚЫҰ ерекше ұйым, өйткені ұйымның негізгі мақсаты бұл қауіптердің алдын алу немесе кең ауқымда таралмауын қадағалау болып табылады.

ЕҚЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздіктің кешендік мәселесі ұйым мүше-мемлекеттерінің заманауи әлемнің қауіпсіздігі моделіне қатысты талқылау барысында қарастырылып, бекітіледі. Ұйым аясындағы аймақтық қатынастар деңгейі қауіпсіздіктің Ауғанстанға қатысты мәселелер кешені, заңсыз көші-қон, есірткі саудасы, экология, су мәселесі секілді дәстүрлі және жаңа түрлерін де қамтиды. Бұл мәселе әсіресе Орталық Азия аймағына қатысты анық байқалады. Өйткені, бұл аймақтағы елдер өздерінің ұстанымдарында ұлттық мүддені жоғары қойып, аймақтық мүддені кейінге қалдырып отыр.

Орталық Азия аймағынындағы қақтығыстық жағдай күрделі үрдіс, өйткені аймақтағы режимдердің ішкі мәселелерімен қатар оларға сырттан қысымның жасалуы да бар. Бұл жағдайда ОА мемлекеттерінің ортақ мүддесі ретінде мемлекет ішіндегі және аймақтағы тұрақтылықты сақтау болып табылады. Қазіргі таңдағы Орталық Азияны саяси және экономикалық тұрақсыз мемлекеттер – Ауғанстан, Иран, Кавказ елдерінің ықпалы өте жоғары.

Сондықтан да, аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі көп жағдайда ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ҰҚКҰ секілді аймақтық ұйымдардың мәселесіне айналған. Осыған байланысты Орталық Азия елдері өз аймақтарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін осы ұйымдар аясында жүзеге асырады.

Орталық Азия Еуропаның жолындағы бақылаусыз миграциялық лек, ауқымды есірткі саудасы, діни экстремизм мен халықаралық ланкестіктің жолындағы тосқауыл қызметін атқарып отыр. Осыған мәселеге қатысты Қазақстан XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында ЕҚЫҰ үлгісіндегі Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін Азиядағы Өзара әрекеттестік пен Сенімділік Шарттары туралы Келісім идеясын ұсынған болатын. Бұл ұйымға 18 мемлекет мүше және ол өзінің ұйымдасуы жағынан ЕҚЫҰ үлгісіне ұқсас болып табылады [3]. АӨСШК мүшелері мен бақылаушылары арасында орталықазия аймағында орналаспағанына қарасмастан, осы аймақ мәселелеріне қатысты мемлекеттердің болуы ұйым жұмысының аймақтық деңгейден ауқымды екендігін көрсетеді.

Сондықтан да, ОА мемлекеттері ЕҚЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз теуі мәселесінде саяси тұрақсыз мемлекеттерге қатасты қатынасында делдал болуы негізінен аймақтық ұйымдар арқылы жүргізілуі қажет.

Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі барысында Ұйым мүше-мемлекеттері арасында аймақтық қауіпсіздікке қатасты талас туындауына жол бермеді. Бірақ Қазақстанның бұл ұйымнан өзге аймақтық ҰҚКҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ТМД секілді ұйымдарға мүше болуы оның көзқарастары мен ұстанымдарына өзгерістер енгізді. Мысалы, Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымына мүше болуы, оның ҰҚКҰ-ның соңғы кезеңде ұйымның әскери құрамын күшейту туралы шешімінен тысқары қалуына жол бермейді. Бұл шешім бойынша орталық Азия аймағында ұйымға қарасты шұғыл қимыл-әрекет тобы құрылып, ол ортақ ӘҚЖ жүйесі арқылы қорғалады [4]. Ал бұл ОА мемлекеттерінің НАТО ұйымымен және өз территорияларын оның әскери-әуе күштері пайдалануына

беруі туралы келісімге қайшы келеді. Сонымен қатар, ҰҚКҰ-ның мүше-мемлекеттері Оңтүстік Осетиядағы қақтығысқа қатысты ортақ пікірге келе отырып, бұл қақтығысқа Грузия елінің «кінәлі» екендігін және бұл оқиғаға қатысты Батыс елдерінің «екі жүзділік танытып» отырғандығын мәлімдеді.

Қазақстанның келесі бір аймақтық ұйым ШЫҰ мүшелігінде болуы және сол арқылы Ресей мен Қытай мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатуы АҚШ бастаған НАТО және ЕО (ЕҚЫҰ) елдерінің геосаяси мүдделеріне кедергі келтіреді. Қазіргі таңда Орталық Азиядағы ықпал үшін геосаяси күш орталықтары арасында «үлкен ойынның» басталғаны белгілі. Негізгі геосаяси «ойыншылар» – Ресей, АҚШ, Қытайдың аймаққа қатысты ұстанымдары қатаң түрде байқалуда, өйткені олардың аймаққа және осы территория мен оның сыртында орналасқан мемлекеттерге қатысты ұстанымдарының әр түрлілігі бұл өзара тартыстың аймақтағы энергоресурстармен қатар, саяси ықпалға да қол жеткізу шарасы екендігін көрсетті. Негізгі үштік – АҚШ – Ресей – Қытай арасындағы текетірестің соңғы кездердегі шиеленістігі және олардың арасындағы консенсустың жоқтығы орталықазия аймағындағы геосаяси ойыншы ретіндегі қатынастарында қиындықтар туғызады. АҚШ-тың Ауғанстан мен Ирак жеріндегі ланкестікке қарсы операцияларды негізге ала отырып Орталық Азия аймағына аяқ тіреуі мен кейінгі кездерде аталынған мемлекеттерде тұрақтылықты орната алмауына қатысты беделінің төмендеуі оның ОА аймағындағы қауіпсіздіктің кепілі бола алмайтындығын танытты. Ал ШЫҰ-ның негізін қалаушылар – Ресей мен Қытайдың Ұйым жұмысы мен идеологиясына қатысты көзқарастарының алшақтығы оның тиімділігін төмендетіп отыр. Қытай үшін ШЫҰ өзі басшы болған бірден-бір аймақтық ұйым. Солдықтан да, Пекин оны жаһандану үрдісі мен әлемдік экономиканың аймақтану мәселесіне қолдауды мақсат етеді. Ол ШЫҰ-ның екінші «Шығыстық НАТО» кейпіне кіргенін қаламай, оның аймақтық және жаһандық экономиканың жандануының құралы болуын көздейді. Ал Ресей тарапы болса ШЫҰ-ның басым бағыты ретінде қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық танылып, ұйымның ланкестік, экстремизм, сепаратизм мен есірткі саудасына қарсы күрес жолындағы белсенділігін арттыруды мақсат етеді.

Міне, Орталық Азиядағы геосаяси тартыстың негізгі акторларының осындай қайшылықтарына қатысты аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі таңда өзекті сұрақтардың бірі болып отыр. Ал осы Орталық Азия аймағындағы

қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуде ШЫҰ маңызды механизм болуы мүмкін, өйткені, аймақтағы қауіпсіздік негізінен осы ұйымға мүше-мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуы мен қоршаған ортаның жағдайына тікелей байланысты. Осы мәселеге байланысты ШЫҰ-ның мүше-мемлекеттерінің бірі – Қазақстанның қауіпсіздік жөніндегі келесі бір ұйым – ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі мен осы қызметі арқылы ОА аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты талпынысы мен әрекеттері маңызды болып табылады. Өйткені, мемлекет пен оның аумағындағы (аймағындағы) күш қолданылатын саяси қатерлер ретінде төмендегілерді қарастыруға болады: сепаратистік қозғалыстар; территориялық мәселелер мен қайшылықтар; ұлттың өзін-өзі басқаруға қатысты егемендікке қауіп төндіретін күштік әрекеттер; ланкестік шаралар, кейбір тараптардың ықпал ету және билік жүргізу аймағын қалыптастыруға талпынысы; аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қатыспау; сенімсіздік пен ұстанымдардың қайшылығы, дағдарыстық жағдайларда өзара сенімділіктің болмауы; жаңа демократиялық күштердің конституциялық тәртіпті және азаматтардың құқығын әскери және қылмыстық күштер тарапынан қорғалуын қамтамасыз ете алмау; құқықтық мемлекет негіздерінің және азаматтық қоғам құрылымдарының әлсіздігі.

Жоғарыда келтірілген факторлардың біреуінің ықпалының басқа салаларға әсерін Украина, Қырғызстандағы төңкерістер, Әндіжан, Шыңжаң оқиғасы немесе Оңтүстік Осетия жеріндегі қақтығыстан байқауға болады. Сондықтан да, кез-келген аймақтағы қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі ең алдымен демократия құндылықтарының, құқықтық мемлекеттің, адам құқықтарының, азаматтық қоғамның сақталуымен тікелей байланысты.

Осыған байланысты Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі барысында өзінің Еуразия құрлығының Азиялық бөлігінде орналасқан мемлекет екендігін, ЕҚЫҰ-нан басқа аймақтық ШЫҰ, ҰҚКҰ секілді басқа да ұйымдардың мүшесі, ол ұйымдар мен ЕҚЫҰ-ның құндылықтары мен ұстанымдарының сәйкес келе бермейтіндігін ескере отырып, өзінің төрағалығы тек ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекеті үшін ғана емес, сонымен қатар ОА аймағы мен оның көршілері үшін де тиімді болуын назарға ала отырып, аталынған ұйым аясындағы қауіпсіздік кеңістігін Еуразиялық үлгіге өзгертуін ұсынған болатын.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде алғаш жарияланған Еу-

разия идеясы өзінің өміршеңдігін танытып, қазіргі таңда жүзеге аса бастады. Әрине, қазіргі таңда Ресей, Беларусь және Қазақстан арасында жасалынған Кедендік одақ, Біртұтас экономикалық кеңістік пен Еуразиялық экономикалық одақ өз қызметінде таза экономикалық бағытта болғанымен де, кез-келген экономиканың астарында саясат жататындығы белгілі. Демек, жалпы кең мағынадағы «Еуразия идеясы» аздамзат мәдениетінің негізгі орталықтарының бірі еуразия құрылығының болашақта әлемдік қауіпсіздік архитектурасының орталығы болатындығына, осы аймақта түрлі жаһандық және аймақтық қауіпсіздік құрылымдары – ШЫҰ, ЕЫҚҰ, АӨСШК, ҰҚКҰ, НАТО және тағы да басқа ұйымдардың өзара ықпалдастығы мен қарым-қатынас орнататын аймағына айналуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Питер де Крем. Тридцать лет после Хельсинки: будущие вызовы. Доклад для Общего Комитета по политическим вопросам и безопасности. Парламентская Ассамблея ОБСЕ. РА (05) I.1 R- Вашингтон, 1-5 июля 2005 г.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на Саммите тысячелетия ООН (Нью-Йорк, 6 сентября 2000 г. // <http://www.mfa.kz/rus>
3. ОДКБ намерен создать многостороннюю вооруженную группировку в центральноазиатском регионе//www.regnum.ru/news/1054238.html

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауындағы отандық ғылымды дамытудағы негізгі басымдықтар

Нұрлан Сейдін,
«Ғылым ордасы» РМК бас директорының
орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

Дана ел мыңдаған жылдар өмір сүреді» деген бір жақсы нақыл сөз бар. АҚШ, Қытай, Ресей секілді елдердің ұзақ жылдар бойы дүниежүзі кеңістігінде бәсекелестік үстемдігін сақтап қалуындағы құпиясы неде? Жетістіктің негізі – ол айқын және ойланып істелген даму стратегиясының болуы. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап жүйелі және жоспарлы мемлекеттік жоспарлау және одан кейінгі қызметтерді болжау сипатталады.

Халықаралық сарапшылар тарапынан бүгінде біздің республикамыздағы таңқаларлық өзгерістер, яғни жиырма жылдың ішінде белгісіз, экономикасы әлсіз елден әлемнің елу дамыған елдерінің ішінен орын алған мықты мемлекетке айналуының себептері зерттелуде.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа үндеуіндегі жыл сайын қойылатын міндеттер мен мақсаттар қарыштап дамудың негізі болуда.

Мемлекет басшысы белгілеп берген бағыттар мен міндеттерді тиімді әрі нәтижелі іске асыру, Қазақстанның күрделі кезеңдерден табысты өтуіне, нарықтық экономиканың негізін салуға, демократиялық құндылықтардың кеңінен орнығуына, азаматтық қоғам институттарын басынан бастап құруға, халықаралық қарым-қатынасты ретке келтіруге өз әсерін тигізді.

Бүгінде республикамыздың алдында жаңа міндеттер, зор мүмкіншіліктер мен жаңа мақсаттар белгіленген. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты келешекке бағытталған бағдарлама қабылданып, әлемнің дамыған отыз елінің құрамына кіру міндеті қойылды.

Ағымдағы жылдың 17 қаңтарында Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жыл сайынғы жолдауында Қазақстанның дүниежүзі көшбасшыларының қатарында тұруының стратегиялық жоспарының орындалуын ұсынды[1].

Елбасы бұл жолы өндіріс пен өнеркәсіпті инновацияландыруға; экономиканың дәстүрлі салаларын модернизациялауға және оны ғылыммен ұштастыруға; орта және шағын бизнесті дамытуға ерекше мән беріп отыр.

Ерекше назар ғылымды дамытуға аударылып отыр. Ғылымның экономикадағы нақты үлесі, ғылым мен бизнесті кооперациялау, ғылыми-зерттеу қызметтерін дамыту, шетелдік ғылыми қауымдастықпен ықпалдасу, ауқымды халықаралық жобаларға қатысу міне осы міндеттер бүгінгі күні ғылыми қауымдастықтың алдында тұрған негізгі мәселенің бірі.

Елбасы: «Ғылымды қажетсінетін экономиканы құру дегеніміз – бұл ең алдымен қазақстандық ғылымның әлеуетін көтеру» деген болатын.

Отандық ғылым саласы дамуының бүгінгі қарқынын талдай отырып, Қазақстанның ғылымы әлеуетінің жеткілікті деңгейде жоғары екенін сеніммен айтуға болады және де оның жоғары жетістіктерге жету үшін мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалуда.

Соңғы жылдары елімізде ғылым саласын дамыту мәселесінде жағымды бетбұрыстардың болып жатқаны көпшілікке белгілі. Ғылымды ұйымдастыру мен басқару және бағалау жүйесінде жаңа үлгілер енгізілуде. Оның негізгі қағидалары 2011 жылы 18 ақпанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңында белгіленген [2]. Бұл құжат отандық ғылым және ғылыми-техникалық қызметтер саласында қоғамдық қатынастарды жетілдіруге және дамытуға бағытталған.

Жаңа заң Қазақстанда ғылыми зерттеулер мен ізденістерді жүргізу үшін көптеген жаңа мүмкіндіктер береді. Ғалымға нақты мүмкіндіктер мен оның толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануына мүмкіндіктер бере отырып, ғылыми жетістіктерінің нәтижесін кеңінен қолданысқа енгізуге кепілдіктер береді, сондай-

ақ, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды қарастырудың жаңа жеңілдетілген жүйесін қарастырылған.

Ұлттық ғылыми кеңестер, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталықтары секілді жаңа құрылымдар құрылды. Олардың міндетіне сараптаулар және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бойынша шешімдер қабылдау кіреді.

Егерде статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, 2000 жылы Қазақстанда ғылыми-зерттеулермен айналысатын ұйымдардың саны 257 болса, бүгінде республикада 400-ден аса ғылыми ұйымдар жұмыс жасайды. Бұл ұйымдарда 23 мыңнан астам адам ғылыми ізденістермен айналысуда.

Жылдан-жылға жастардың ғылымға келуі жандануда. 35 жасқа дейінгі ғалымдардың үлесі 38% болса, 45 жасқа дейінгілердің үлесі 56% жетуде.

Бүгінде Елбасы тарапынан қойылған міндеттердің ауқымы мен маңызын тереңінен үлкен жауапкершілікпен түсіне отырып, еліміздің жарқын болашағы жолында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан отандық ғылым саласын қарқында дамыту үшін ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Бүгінде отандық ғалымдарымыздың арасындағы сабақтастықтың жалғасуы мен ғылыми әлеуетті жоғары деңгейде сақтап қалу үшін ерекше көңіл бөлінуде. Осы ретте ғылымға жас мамандарды тартуда, жоғары оқу орындары түлектері үшін ғылым саласының тартымдылығын арттыру үшін белсенді жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта әрбір ғылыми-зерттеу институтында (ҒЗИ) Жас ғалымдар кеңесі белсенді қызмет атқаруда, сонымен қатар ҒЗИ мен ЖОО-ның магистрлер мен PhD докторларын бірігіп даярлаудағы тәжірибесі кеңеюде.

Бір сөзбен айтқанда ғылыми кадрларды даярлауда ҒЗИ мен ЖОО-ның өзара тығыз қарым-қатынасы арқылы ғылым мен білімнің терең және жан-жақты ықпалдасуы – 2014-2016 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыттарын іске асыру шараларының жоспарында қамтылған.

Осы жылдың қыркүйек айынан бастап Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен «Ғылым ордасы» кешенінде орналасқан он ҒЗИ базасында ғылыми-зерттеу институттары және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен жоғары санатты мамандарды бірлесіп дайындау бойынша жоба іске асырылмақшы. Қазіргі уақытта ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде: оқу бағдарламалары жасалуда, ғылыми қызметкерлер құрамынан

оқытушыларды тағайындау жұмыстары жүргізілуде. Өз кезегінде Ғылым ордасы жобаның іске асырылуы үшін барлық қолайлы жағдайларды жасауда. Мәселен аудиторлық қорды дайындау, оны қажетті жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтау.

Ғылымды дамытудағы маңызды стратегиялық жолдың бірі ол ғылым мен нақты экономикалық сектордың өзара байланысын күшейту болып табылады. Зерттеу жобаларын іріктеп алу кезінде ғылыми әзірлемелердің инновациялылығына, олардың экономиканы алға жылжытудағы маңыздылығына көп көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар жобаларды гранттық қаржыландырудағы байқаулардың түрлері кеңейеді: 25% бизнестің қатысуымен байқау, қарқынды индустриалды-инновациялық даму міндеттеріне сәйкес қолданбалы зерттеулер жүргізу және т.б.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу мәселесінде мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл дүниежүзінің басқа елдерінде өте жеткілікті тараған тәжірибе. Мысалы, Францияда бизнестің үлесіне 54% инвестиция келсе, Финляндия мен Швецияда шамамен - 65%, Люксембургта - 80%.

Осымен қатар ғылыми қауымдастық халықаралық маңыздағы ғаламдық ғылыми әзірлемелерге қатысу және Қазақстанда жүргізілетін зерттеулерге шет ел ғалымдарын тарту секілді міндеттерді іске асыруға бар күшін салуда.

Мысалы Назарбаев Университеті базасында ЛСА атты жапон компаниясымен күн сәулесінің фотоэлектрлік жүйесін пайдаланумен экологиялық таза энергияларды енгізу жобасын іске асыру басталуда.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары Біріккен ядролық зерттеулер институтымен жемісті қызмет істеуде.

Сонымен қатар ел Президентінің тапсырмалары шеңберінде шет елден мықты деген ғылыми мамандарды тарту, сонымен қатар Қазақстанға табысты қазақстандық ғалымдардың келуін ынталандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Халықаралық ғылыми қауымдастық арасында қазақстандық ғалымдардың ғылыми әзірлемелерін дәріптеуге аса назар аударылуда. Бұл мәселедегі тиімді әдіс ол халықаралық беделді журналдарда қазақстандық ғалымдардың мақалаларын жариялаудағы белсенділік. Статистикаға жүгінетін болсақ, 2000 жылы шет ел журналдарында индексі жоғары импакт-фактормен барлығы 225 мақала жарияланса, ал Web of Science және Scopus екі алдыңғы қатарлы дүниежүзілік

базада 2012 жылы 1 405 ғылыми мақала жарық көрсе, 2013 жылы жарияланған еңбектердің саны – 2 000 асып кеткен.

Жыл сайын әлемнің ғылыми басылымдарында Қазақстан ғалымдары жариялайтын мақалалардың шамамен 45% басқа мемлекеттердің зерттеушілері сілтеме жасап отырады. Бұл өз кезегінде дүниежүзінің ғылыми қауымдастығы тарапынан Қазақстанның ғылымына деген сұраныстың, талаптың бар екендігін көрсетеді.

Жалпы бүгінде дүниежүзінің дамыған отыз елінің қатарына кірудегі стратегиялық мақсатқа тек жаңа жоғары технологияларды дамыту арқылы, индустриалды-инновациялық бағдарламаларды іске асыру арқылы жетуге болатындығы бәрімізге мәлім. Оның ғылым саласын дамытумен тікелей байланысты екенін айта кету керек. Осыған байланысты ерекше назар ғылымды дамыту мәселесіне бөлінген. Елбасының Жолдауында осы бағыттар бойынша нақты міндеттер белгіленген. Сондай-ақ Президентіміз қаржыландыру елімізге жұмыс жасайтын нақты әзірлемелер мен ғылыми жаңалықтарды ашуларға бағытталуы тиіс, ол өз кезегінде Қазақстанның дамыған елдердің – дүниежүзі экономикасының лидерлері арасынан өз орнын алуына мүмкіндік береді деп атап айтқан болатын.

Ғылымды қаржыландыру көлемі соңғы жылдары артып келеді. Егерде 2011 жылы ғылыми ұйымдарға 26,8 млрд теңге бөлінсе, 2013 жылы ол көрсеткіш 52,9 млрд теңге жеткен. Бұл ғылыми зерттеулер мен ізденістерді қаржыландырудың 80% артқаны көрсетеді [3].

Жалпылай атқанда, бүгінгі таңда қазақстандық ғылыми ұйымдар белгілі бір жүйеде қалыпты дамуда. Ал жаһандану жағдайында оның әрбір құрамының белгілі бір тәртіпке негізделген жұмысы болуы қажет. Бүгінде заманауи ғылыми инфрақұрылымның маңыздыларыны бірі ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 11 ақпандағы Қаулысымен құрылған «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып табылады. Бұл ғылым мен мәдениет саласын бір жерге шоғырландыруды және елдің интеллектуалды әлеуетінің өзара қарым-қатынасын іске асыратын көпфункционалды орталық, бір кешенде бес мұражайды, Ұлттық ғылым академиясын және жаратылыстану мен гуманитарлық бағытындағы он ғылыми-зерттеу институттарын біріктіруде.

Бүгінде кәсіпорын өз қызметін мұражай саласында ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды және жобаларды әзірлеу мен іске асыру, кітапханатану және басқа да ғылымның басым бағыттарын іске асыру; тарихи-мәдени және ғылыми мұраларды

сақтау және дамыту, оны одан әрі зерттеу және жан-жақты насихаттау, сонымен қатар кітаптардың және құжаттардың толық ғылыми кітапханалық-ақпараттық қорын құруға шоғырландыруда.

Атап айтатын болсақ, қазіргі заманда ғылыми әзірлемелерге, әртүрлі инновацияларға деген шынайы сұранысқа қоғамдық өмірдің барлық саласы мұқтаж. Ғылымның әрүрлі саласын зерттеуде Ғылым ордасы да өз үлесін қосуда. Бұл жерде ғылыми қауымдастық үшін аса маңызды, әрі қызықты сегіз гранттық жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Олардың ішінде: «Жазба деректеріндегі дала дипломатиясы (XIII–XVIII ғ.ғ.)», «Қазақстан және Ресей кітапханаларының, мұрағаттарының және мұражайларының жинақтарындағы Қазақ кітабы (XIX–XX ғ., басы)», «Тарихи-деректану зерттеулері», «Айқап журналы» (1911–1915 жж.), «Ғылыми кітапхананың қолжазба және сирек кездесетін кітаптар қорында сақталған материалдардың библиографиялық көрсеткіштерін жасау», «Шежіре жазба ескерткіш ретінде (XVII–XIX ғғ.)», «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудың басым бағыттары бойынша электронды ресурстарының ғылыми қорының моделін әзірлеу» және т.б. Бұл жұмыстардың маңыздылығы бүгінгі күнге дейін жүргізілген зерттеулер әзірлемелері, оқу құралын жасау кезіндегі әртүрлі жарияланымдарда жарық көрген мақалалармен айғақталады. Барлық сегіз жоба бойынша жұмыстар осы жылы аяқталып, ғылыми айналымға отандық тарихнама саласы бойынша жаңа деректер енгізіліп, отан тарихының көптеген ақтандақтарының орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында «алдағы онжылда көптеген кездейсоқ оқиғалардың, жаһандық нарықтағы және дүниежүзі саясатындағы жаңа дағдарыстардың орын алуы мүмкін» екенін атап айтқан болатын. Мұндай мәселелердің алдын алу үшін де ауқымды міндеттер қойылды. Президент әрбір жеке адамның, әрбір ұйымның барынша және белсенді қатысулары олардың жетістіктерін көрсететіндігін айтты. «XXI ғасырда еркін серуендеуге уақыттың жоқтығын» Елбасы атап айтты. Жұмыс қабылданатын барлық шешімдердің сындарлы және эволюцияшылдық қағидалар негізінде, өзара пайдалы ашықтықта, қазақстандықтардың әл ауқатын бекіту және барлық халықтың қолдауы негізінде болуы тиіс.

«Қазақстан жолы - 2050» - бұл тек қана стратегия емес, бұл барлық халықтың бір мақсатқа – Қазақстанның одан әрі өркендеуіне баратын жолы. Бұл мақсат, бір кездері біздің ата-бабаларымызды

біріктірген, ал біз оған тәуелсіздіктің алғашқы күнінен ұмтылып келеміз.

Бүгінде Қазақстан халқы Елбасы бастаған жалпы қазақстандық «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы төңірегіне толығымен шоғырланған. Дәл осы ауызбіршілік «Қазақстан-2050» Стратегиясын жемісті әрі нәтижелі іске асырудың қайнар көзі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 17 қаңтар 2014 ж. // <http://www.akorda.kz>.
2. «Ғылым туралы» ҚР 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңы №407-IV // <http://www.edu.gov.kz>.
3. «Ғылым ордасы» РМҚ ұйымдастырған және Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын талқылауға арналған дөңгелек үстел материалдарының жинағы Алматы: Ғылым ордасы, 2014. 8—9 б.

Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау саласындағы жағдай: мәселелері мен шешімдері

Алтынай ШАМГУНОВА,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың
әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің
ғылыми қызметкері

Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде азаматтық қоғам институттарының және адам құқықтары жүйесінің дамуына қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен адам құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастығының мәселелері заманауи саяси оқиғалар тұрғысынан барынша өзекті болып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда тиімді құқықтық жүйе құруға қажетті барлық факторлар мен шарттарың теңдігін қалыптастырудың алғышарттары бар екендігін айтуға болады. Бірақ, Қазақстанда қалыптасқан тәжірибе көрсетіп отырғанындай адам құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметінде біртұтас ұстаным мен жүйелілік жоқ. Мемлекеттік органдардың бұл салаға қатысты ұсынған бірқатар бастамалары қазақстандық ҰЕҰ мен халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау таппады, және де оларда биліктік құрылымдардың қатысуын мүлдем қарастырмайды.

Жалпы, Қазақстандағы адам құқықтары саласындағы жағдайды негізгі екі тұрғыдан – ішкі үрдістер және халықаралық жетістіктер көзқарасынан қарастыруға болады.

Жалпы, *халықаралық қауымдастық* ресми деңгейде Қазақстандағы құқықтық саладағы жағдайға «қайшы көзқараста»,

оған еліміздің сыртқы саяси салдағы жетістіктері мен түрлі халықаралық беделді ұйымдардың берген ресми статистикалық мәліметтерінің сәйкессіздігі ықпал етіп отыр. Мысалы, соңғы жылдарда халықаралық деңгейде ойындалған жетістіктер ретінде еліміздің еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕҚЫҰ) және Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ) төрағалық етуін айтуға болады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалық етуі, ауқымды азаматтық форумдар өткізуі, Елбасының Қазақстан халқына соңғы Жолдауында әлеуметтік салаға баса назар аударылуы адам құқықтары саласын реттеудің маңыздылығын арттырды және ағымдағы мемлекеттік билік пен қоғам және оның негізгі институттары арасындағы толыққанды пікіралмасуларды қалпына келтіру мәселелерінің өзектілігі өсті. Ал ИЫҰ Қазақстанның төрағалығына келер болсақ, оның негізгі жетістігі ретінде ұдайы жұмыс атқаратын Адам құқықтары жөніндегі комитеттің құрылуы болды, ол ұйымның барлық мүше-мемлекеттерінде азаматтық құқық пен бостандықты қамтамасыз етудегі жағдайды жақсарту мәселелері бойынша мұсылман елдері арасындағы тәжірибе алмасу мен пікіраламасуды қалыптастыруға қажетті алаң ретінде танылды.

Соған қарамастан, Freedom House ұйымының 2014 жылдың қаңтарындағы мәліметіне сәйкес, Қазақстан рейтингі саяси құқықтар бойынша 6 балл, ал азаматтық құқықтар бойынша 5 баллға тең болғандықтан «еркін емес» елдер қатарына кіріп отыр [1]. Бірақ, аталынған халықаралық құрылымдар мен әлемдік акторлардың еліміздегі өткізілген сайлаулардың ашықтығына қатысты ұдайы айтылатын ескертпелерін; олардың еліміздегі саяси танымал тұлғаларға қатысты «маңызды» істерге белсенді қызығушылығы мен араласуға деген талпынысын ұмытпаған дұрыс. Адам құқықтарының бұзылуына қатысты алаңдаушылық білдіріп Қазақстан басшылығына түрлі өтініштер, үндеулер мен наразылықтар танытқандар ішінде көптеген халықаралық жетекші құқыққорғау ұйымдары бар: Халықаралық адам құқықтары лигасы, Халықаралық Амнистия, Халықаралық Хельсинки Федерациясы, Human Rights Watch және басқалар. Бірінші кезекте ел басшылығын сайлау туралы, саяси партиялар, БАҚ, митингтер мен шерулер заңнаманы либерализациялауға қатысты уәделерін орындамады деп айыптайды. Адам құқықтарына тікелей және жанама қатысы бар барлық салалар сынға алынған. Сот және пенитенциарлық жүйеге барлығын артық айыптаулар айтылған. Бұқаралық ақпарат

құралдары мен тәуелсіз құрылымдар тарапынан билік тарапынан монополизация үдерісінің орын алуы мен қарсылық пен сын айту мүмкіндігінің шектелуі, адам құқықтары үрдісіндегі прогресстің болмауы туралы мәселелер көтеріледі.

Ал *ішкі жағдайға* келер болсақ, көп жағдайда бұл сала адамдардың негізгі құқықтары мен еркіндігіне қатысты қолайсыз динамика және айтарлықтай кемшіліктермен сипатталады. «Мұзтаудың шыңында» шешімі толық кешенді шараларды қабылдауды қажет ететін үрдістер тұр, өйткені адам құқықтарын қорғау саласы өте ауқымды, оған азаматтың саяси, әлеуметтік-экономикалық, азаматтық, мәдени және басқа да құқықтарын қамтамасыз етудің мәселелері кіреді. Әділ құқықтық жүйе ішкі саясаттың өте маңызды құрамы болып табылады, себебі мемлекет қоғамдағы әлеуметтік қызметтерді атқарудың жетекші субъектісі болып саналады. Өз кезегінде тиімді құқықтық жүйе азаматтық қоғам құрудың негізгі факторы және принципі болып табылады.

Жалпы, 2012 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия хатшылығына жеке және заңды тұлғалардан адам және азамат еркіндігі мен құқықтарының бұзылуына қатысты 1355 өтініш хат келіп түскен.

Келіп түскен бұл өтініштерге талдау жасау барысында келесідей үдерістер байқалды [2]:



Бұл көрсеткіштерді талдау барысында бейресми ауызша айтылған өтініштердің болуы факторын, және де Қазақстанның құқықтық инстанцияларына азаматтардың өтініш білдірудің дәстүрлі жолы жоқ екендігін де есепке алған дұрыс.

Соңғы кездерде Қазақстанда еңбек, азаматтық, әлеуметтік-мәдени қақтығыстар жиі орын алып кетті, олардың алдын алу үшін бастапқы кезден ақ адамдардың құқықтық және басқа да нормаларын бұзбау қолға алынуы тиіс еді. Жағдайды еңбек құлдығы мен жанұялық зорлық фактілері туралы ақпараттар қиындата түседі, өйткені бұлар адамдық қасиеттердің мызғымастығы құқығын тікелей бұзу болып саналады. Бұл жағдайда қоғамдағы шиеленістік пен қақатығыстық жағдайды төмендетуге бағыттылған жұмыс – сот-құқықтық жүйені жетілдіру тәжірибесі дұрыс шара болып есептеледі.

Қазіргі таңда еліміздегі адам құқықтары саласы ҚР Конституциясына, 2010-2010 жж. арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұжырымдамасына және 2009-2012 жж. арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы шаралардың ұлттық жоспарына сәйкес реттеледі [3,4].

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі адамның негізгі құқықтары мен еркіндігін жүзеге асырып отырған заңнамасы халықаралық стандарттардың талаптарына толығымен жауап бере алмайды. Өкінішке орай тәжірибеде ратификацияланған құқықтық актілер мен нақты істердің жағдайы арасында салыстырма жүргізілмейді, бұл өз кезегінде мемлекеттік вedomстволар күнделікті қызметіне өзгерістер енгізуге негіз болар еді. Адам құқықтары мен еркіндігі саласындағы жалпылама мойындалған халықаралық принциптер мен нормалардың тікелей әрекет ету сферасын кеңейту көп жағдайда Қазақстан тарапынан осы салаға қатысты халықаралық келісімдер мен конвенцияларды ратификациялау жолы арқылы жүзеге асыралады.

Қазақстан БҰҰ адам құқықтарына қатысты көптеген құжаттарын ратификациялады, оның ішінде: Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (ICCPR), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (ICESCR), Азаптауға қарсы конвенция (CAT), Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция (CEDAW), Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция (CERD), Балалар құқықтары туралы конвенция (CRC) және басқалары да бар.

Мемлекеттің осы және басқа да құқыққорғау пактілерін бекітуі мемлекеттің нақты жауапкершілігін мен оның органдарының өз міндеттерін орындауын танытып, адам құқықтарына қатысты

заңнама мен тәжірибені одан ары өзгертуге ынталандыруға себеп болу мен адам құқықтарын қорғаудың әлемдік қауымдастық пен халықаркалық үрдісіне интеграциялануына ықпал етуі тиіс.

Де-юре Қазақстан адам құқықтары мен бостандығын құрметтеу, қорғаусыз өмір сүруі мүмкін емес демократиялық қоғамның принципі болып саналатын азаматтық қоғам идеясын қолдайды.

Ал де-факто елімізде әлі де болса адам бостандығы мен құқықтарын перманентті бұзудың жүйелік сипатқа ие фактілер бар. Сонымен қатар көп жағдайда статистикалық мәліметтер мен құқық бұзушылықтың нақты фактілері арасында алшақтық байқалады. Көп жағдайда мәселенің орын алуына тұрғандардың қажетті деңгейдегі құқықтық сауатының болмауы және мәселені «жылы жауап қою» әсер етіп отыр. Ал мемлекеттік құқыққорғау тетіктерінің тиімділігі көп жағдайда халқының қоғамдық құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейімен тікелей байланысты.

Құқықтық мәдениет дамуының қажетті деңгейінің болмауына байланысты сыбайластық құқық бұзушылық пен қылмыстардың орын алуына қажетті қолайлы жағдай сақталады. Сот актілерінің орындалуының тиімділігі мен әділеттілігінің болмауы түрлі қиындықтардың тек құқықтық орта ғана месе, сонымен қатар әлеуметтік ортада да туындауына ықпал етеді, өйткені қоғамда құқықтық нигилизмнің қалыптасуына, заң мен сотқа құрметсіз қарауды, азаматтық-жанұялық, еңбек және заңмен бекітілген басқа да міндеттерді мойындамау, құқыққа қайшы әрекеттерді қолдау секілді қиындықтар тудырады.

Осылайша, Қазақстандағы адам бостандығы мен құқықтары саласындағы күрделі жағдайды есепке ала отырып, келесідей ұсыныстарды назарға алу ұсыналады:

- Сот, заңнамалық және әкімшілік органдар, азаматтық қоғам институттары жұмысшыларының кәсіптік дайындығы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру бойынша шаралар жүргізу;
- Ел ішіндегі құқықтық жүйені нығайту үшін адам құқықтарын қорғаудың тиімді жұмыс жасайтын тетіктерінің болуы, оның ішінде халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарын қорғайтын және қалпына келтіретін сот жүйесінің болуы шарт;
- Сот жұмысының қауырттылығын төмендету арқылы сот актілерінің орындалуы саласындағы жағдайды сапалы жетілдіруге қажетті қолайлы жағдай жасау қажет (тұрғындардың медиация институтына жүгінуін арттыру мақсатындағы ақпараттық саясатты күшейту);

- Еліміздегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және ұлтаралық жағдай туралы халықаралық хабардар болушылықты жақсарту үшін мониторингтік зерттеулердің ұдайы жұмыстық ақпараттық құқыққорғаулық желісін жасау;
- Модернизация, кадрлық жаңарту, жемқорлыққа қарсы кешенді бағдарламалар енгізу арқылы сот және құқыққорғау органдарының тәуелсіздігін көтеру;
- Азаматтық қоғам субъектілері тарапынан транспарентті мониторинг жүргізу арқылы Қазақстанның өз халықаралық міндеткерліктерін орындауына қатаң бақылауды сақтау;
- Әділ соттың тәуелсіздігін орнату, әділ сот үрдісі мен азаптауды тоқтату қатысты, оның ішінде БҰҰ органдарының адам құқықтарына қатысты ұсыныстарын орындау бойынша тиімді шараларды қабылдау.

Адам және азамат бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету өтпелі қоғам жағдайындағы авторитаризм мен демократия теңдігі қатынасына ықпал ететін маңызды мәселе болып саналады. Адам құқықтарының ұлттық тұжырымдамасының мазмұны, оның жүзеге асырылуы, адам бостандығы мен құқықтары мәселелерінің мақсатты және жүйелі түрде шешімін табуы Қазақстандағы саяси режим мен қоғамдағы демократизация үрдісінің одан ары дамуына ықпал етеді.

Қазақстанның демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде дамуындағы негізгі мақсаты заңнамалық жарияланған саяси, экономикалық, әлеуметтік, азаматтық, мәдени және жеке құқықтарды нақты мазмұнмен толықтыру және оларды жүзеге асырудың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Официальный сайт Freedom House // <http://freedomhouse.org/sites/default/files/FIW%202014%20Scores%20-%20Countries%20and%20Territories.pdf> (дата обращения: 04.03.2014).
2. Доклад о ситуации с правами человека в Республике Казахстан в 2012 году // <http://bureau.kz/news/download/399.pdf> (дата обращения: 01.03.2014).
3. Национальный план действий в области прав человека в Республике Казахстан на 2009-2012 годы // http://www.undp.kz/userfiles/plan_ru.pdf (дата обращения: 01.03.2014).
4. Указ Президента Республики Казахстан «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» (с изменениями и дополнениями от 16.01.2014 г.) // <http://>

online.zakon.kz/Document/?doc_id=30463139 (дата обращения: 02.03.2014).

5. Информационно-ресурсный центр г. Алматы. Концепция развития гражданского общества Республики Казахстан на 2005-2015 годы // http://infonpo.ucoz.kz/publ/publikacii/konsepcija_razvitija_grazhdanskogo_obshhestva_v_kazakhstane/1-1-0-9 (дата обращения: 02.03.2014).

Қазақстан Республикасына шетел инвестициясын тартуда мемлекеттік реттеу маңызын арттыру

Айжан КОЖЕКЕНОВА,
Т. Рысқұлов атындағы Қазақ
Экономикалық университетінің
PhD докторанты

Шетелдік инвестицияларды тарту ісі мемлекеттен нақты қолдау табуы тиіс. Инвестициялық қаржыларды ел экономикасына қатыстыру әр түрлі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін, оған шетел банктері мен халықаралық ұйымдардан қарыз алудан бастап, кәсіпорындарды тікелей шетел инвестор-ларының меншігіне сатуға дейінгі әрекеттер жатады. Мұның өтпелі формасы ретінде бірлескен кәсіпорындар ұйымдастырылуы да мүмкін. Шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту – өте пайдалы үдеріс. Біріншіден, шетелдік инвестициялар елдің өндірістік базасын жедел жаңартуға және оның өндірістік мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі. Екіншіден, шетел фирмалары жаңа өндіріс орындарын ашумен қатар, капиталистік бәсекелік күресте шыңдалған еңбек пен өндірісті ұйымдастыру тәжірибиесін ала келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: « Біз экономикамызға шетелдік инвестициялар, технологиялар мен инновацияларды кеңінен тартатын боламыз. Инвесторлар үшін жұмысқа қолайлы жағдайлар жасаймыз. Біз дамыған 30 елдің тобына кірудің осы маңызды тетігі арқылы экономикамыздың өңірлік, жаһандық экономикалық жүйемен терең ықпалдасуын айқын көріп отырмыз» деп айтқан

[1]. Инвестицияларды мемлекеттік реттеу мәселесін жан-жақты талдаудың маңыздылығы – инвестицияларды қадағалау Қазақстан өндірісінің құрылымдық қайта құрылуының басты құралы болып табылатындығында сенеміз.

Экономикалық жүйенің қалыптасу кезеңінде инвестициялық саясат басым сипатқа ие болды. Шетелдік инвестицияларды тартуға бағдарлану негізгі бағытқа айналды, мұның өзі қолайлы инвестициялық ахуал туғызуды талап етті. Қазір енді біршама уақыт өткенде атқарылған іс-шараларды ой сарабынан өткізіп көрсек, инвестициялық тартымдылыққа негіз болған бірқатар жәйттерді атап өтуге болады. Бұл тұрғыда елдің ішкі өмірінде инвестиция салуға қолайлы ахуал, саяси тұрақтылықты қалыптастыру қажеттігін, шетелдік инвестициялар салу үшін құқықтық нормативтік базаның болуын, инвесторларға жеңілдіктер берілуін, олардың жұмыс істеуі үшін мүмкіндік туғызуды атауға болады. Шетел инвестицияларын экономиканың басым салаларына салу принципінің мәні – мемлекетте жүргізіліп отырған құрылымдық және инвестициялық саясатқа сәйкес шетел инвестицияларын басым объектілерге бағыттау. Бұл бір жағынан, ресурстардың шектеулі болуымен, екіншіден, экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін оларды рационалды қолдану қажеттілігінен туындайды. Ішкі инвестициялық ресурстарды басым объектілерді дамытуға, ал шетелдік ресурстарды екінші ретті мақсатта қолдану дұрыс емес. Бұл принциптің екінші жағы, мемлекет экономика, әлемдік жүйедегі алатын орны сияқты белгілерге сүйене отырып, нақты бір ел, оның компаниялары мен фирмаларының инвестицияларын тарту керек.

Мемлекеттік инвестициялық үрдіске белсенді араласуы келесі әдістер арқылы жүреді:

- жеке кәсіпкер қызметі үшін тиімді жағдай жасау;
- Мемлекеттің ел үшін маңызды және тиімді жобаларына тікелей қатысуы;
- Жеке кәсіпкерліктің тиімділік негізі ретіндегі инфрақұрылымдық объектілер құруда мемлекеттің қатысуы.

Ел экономикасының ғаламдық мәселелерінің шешілуіне байланысты мемлекеттің инвестицияны реттеу ұйымдастырылады. Инвестицияның көлемді бөлігі бастапқы және тәжірибе бойынша мемлекеттік емес ұйымдарға салынады. Сондықтан инвестицияны мемлекеттік басқарудың жанама тетігін тағайындау қажет.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жүргізу екі бағыт бойынша жүреді, біріншісі инвестициялық қызмет дамуына тиімді

жағдай жасау болса, екіншісі мемлекеттің инвестициялық қызметке тікелей қатысуы. Шетел инвестициясы және инвестицияны қолдану мен мемлекеттік реттеудің негізгі өзара байланысты қағидалары келесі кестеде көрсетілген.

1-кесте. Шетел инвестициясын мемлекеттік реттеу қағидалары

Қағидалар тізбегі	Маңызы
Экономикалық қауіпсіздік қағидасы	Халықаралық мемлекеттік және банктік несиелерді қолдану және тарту саясатын жүргізу кезінде олардың сыртқы қарыздың және елдің төлем балансына теріс айырманың жалпы артуына әсерін тигізетінін ескеруді болжайды;
Мемлекеттің инвестициялық мақсатын жүзеге асыру	Шетел инвестициясы мемлекетпен реттеліп макроэкономикалық міндеттерге бағытталуы қажет- ЖІӨ артуы, төлем балансының үйлесімді болуы, өндіріс пен жұмысқамтылық мәселелерінің шешілуі, мемлекеттік бюджет дефицитінің кемуі, баға тұрақтылығы және т.с.с
Шетелдік капиталды қолданудағы кезеңділікті және алғышарттылық бағытты қалыптастыру қағидасы.	Шетелдік инвестицияларды қолдау экономиканың жалпы міндеттеріне тәуелді. Ол даму келесі кезеңдерден тұрады: импортты алмастыру, экспортқа бағытталған өндірісті дамыту, ғылымға сиымды технология негізін құру;
Несиені жобалы үлгіде қолдау қағидасы.	Сыртқы қарызды жобалауда несиелеудің алғышартты жобаларының тізімінің болуы;
Инвестициялық климатты жақсарту қағидасы	Инвестициялық климаттың дамуы елдің инвестициялық беделін арттыруына әкеледі;

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу белгілі талаптарға жауап беруі қажет, олар өз кезегінде мемлекет пен шаруашылық субъектілердің ағымдық және алғышарттық жоспарларына сай көлемдегі капиталдың тұрақты құйылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Соған орай 1- кестеде берілген негізгі қағидалармен қоса келесі қағидаларды атап айтқан жөн.

- сыртқы қарыз алысу түрін бағалаудың әртүрлі салыстырмалы қағидалары;
- шетелдік капиталдың стратегиялы және басымды салаға ену қағидасы;
- шетелдік және ұлттық инвесторлар жағдайының теңқұқылығын қамтамасыз ету қағидасы;
- жобаларды таңдауда байқаудың болу қағидасы; халықаралық несиелеуге халықаралық кәсіпкерліктің болу басымдылық қағидасы.

Бүгін Қазақстанда инвестициялық қызметті атқаруға барлық құқықтық негіздер жасалынған. Осылай 2003 жылы, инвестициялар-

ды ынталандырудың экономикалық негізі мен құқықтық шараларын айқын көрсететін «Инвестициялар туралы» заңы қабылданды.

Берілген заң халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша өткенші экономикалы елдер арасындағы инвестиция аясындағы ең үздік заңның бірі болып танылған.

Заңмен инвесторлардың құқықтарының толық сақтау және жасалған келісім- шарт тұрақтылығы кепілденген, сонымен қатар инвесторлар аясындағы мемлекеттік құзырлардың қызметтері нақты белгіленген. (капиталдың еркін қозғалысы, пайданы еркін қолдану, жерге жеке меншік құқығы, сонымен қатар шетел инвесторлары үшін де)

Және де айтылған заңда инвестицияны Қазақстанның алғышартты салаларына жүзеге асыру туралы мемлекеттік қолдау шаралар анықталды. Айта кететін жайт инвестицияларды қолдау шаралары отандық сонымен қатар шетелдік инвесторларға теңінен таратылған.

Солай, Қазақстанның шикізат емес салаларына жобаларды жүзеге асыруда келесі түрдегі инвестициялық преференциялар беріледі:

- 1) инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға арналған немесе кешендік құрал- жабдықтарды кіргізуде кеден салымынан босату;
- 2) мемлекеттік заттай гранттар (заттай мемлекеттік гранттар ретінде жер орындары, ғимараттар, көліктер, құрал-жабдықтар беріледі) ;
- 3) инвестициялық салық преференциялар.

2009 жылы 1-ші қантарда күшіне еңген Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне сәйкес инвесторлармен қолданылатын инвестициялық преференциялар салығы тәртібі жеңілдетілген, нақтырақ айтсақ уәкілденген органдармен жасалынған келісім-шарт жасасу кезінен берілетін бұрын сонды жүзеге асырылған инвестициялық преференциялар алу тәртібі жеңілдетілді. (инвестиция бойынша Комитеті).

Инвестициялық салық преференциялар преференциялар объектілер құнынан және соңынан болатын қайта жөндеу мен жандандыру шығынынан алынатын салымға қатысты жасалады. Сонымен қоса шығын мерзімі 3 жылдан 10 жылға ұзартылған, ол дегеніміз инвестициялық преференциялық салық алғышартынан алуға болатын табыс. Корпоративтік табыс салығы 2009 жылдан – 20 % ға дейін, 2010 жылдан 17,5 % ға дейін, 2011 жылдан 15% ға (2008 жылы -30 %) дейін мөлшерлеме төмендету көзделген; құн салығының мөлшерлемесі 12 % ға дейін төмендеді [2].

Қазақстан аумағындағы инвестицияларды қолдау және ынталандыруға бағытталған инвестициялық заңдардағы шаралардан басқа, Қазақстан Үкіметімен 41 ел арасында, оның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Ресей, Туркия, Иордания, Нидерланды және т.с. арасында инвестицияларды қолдау мен ынталандыру туралы екіжақты келісім, және де ЕурАзЭО мүшелері арасындағы бір көпжақты келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларының бірі ретінде мемлекеттік қаржы даму институттары арқылы жобаларды қосақаржыландыруды айтқан жөн. (Ұлттық инновациялық қор, инвестициялар мен экспорттық несиелерді кепілдендірубойынша Корпорация, Қазақстанның даму банкі, “KAZNEX” экспортты жетілдіру және дамыту бойынша Корпорация).

Берілген даму институттардың басты мақсаты болып, барлық деңгейде бизнесті қолдау және дамыту жүйесін құру арқылы ұлттық экономиканы әртараптандыруға көмектесу және инвестициялық ресурстарды тиімді басқару табылады. Сонымен қатар ел экономикасын әртараптандыруды жетілдіруде және аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде басты рөлді әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар алады (ары-қарай – ӘКК), өз қызметтерін Қазақстанның 7 макроаймақтарында жүзеге асырады. Әрбір корпорация елдің сәйкес аймақтарына берілген мемлекеттік активтерді басқару бойынша аймақтық даму институтын көрсетеді. ӘКК ұлттық компания мәртебесінде құрылған және инвестицияларды тартатын жобаларды реттеуде маңызы зор.

Әлеуметтік –кәсіпкерлік корпорациялар жобасына қатысу бизнес үшін қаржыға, жер, технология және сыртқы нарық ресурстарына қол жеткізуде жағымды. Берілген корпорациялардың көмегі арқылы шетел компаниялар қазақстандық серіктестіктер қатысуымен Қазақстанда бірлескен кәсіпорын құруға мүмкіндік алады. Ол жерде шетелдік технологиялар мен отандық шикізат қолданылып, шығарылатын өнімнің бәсекеқабылеттілігін арттыруға жол ашады.

Экономикалық ынталандырудың келесідей құралдары жаңа дамуға ие болды, олар индустриалдық және әлеуметтік экономикалық аумақ, технопарктер.

Бүгінгі күні Қазақстанда алты әлеуметтік экономикалық аумақтар құрылған: «Ақтау Морпорты» көлік-логистикасы қызметі бойынша, «Астана-жаңа қала» құрылыс және құрылыс материалдарды өндіру

бойынша, Алматы қаласының төңірегіндегі ақпараттық технологиялар бағы, «Оңтүстік» Оңтүстік-Қазақстан облысындағы- тоқыма өнеркәсібін дамыту бойынша, Атырау қаласындағы Ұлттық индустриалды мұнайхимиясы технопаркі және де – Астана қаласынан 200 шаршы км туристік кластерді даму бойынша – «Бурабай» ӘЭА.

Жоғарыда айтылған арнайы экономикалық аумақта инвесторларға жаңа өндірісті тиімді ұйымдастыру үшін қажетті инфрақұрылыммен қамтылған жер телімдері ұсынылады. Аумақ территорияларында еркін кеден аумағының тәртібі іске асырылады, және де айтарлықтай салық жеңілдіктер ескерілген (КТС бойынша, жер, мүлік салықтары бойынша), ол өз кезегінде өңдеуші салаларға инвестицияларды ынталандырып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік экономикалық және аймақтық саясатқа сәйкес өнеркәсіп орындарын анықтап беруге де мүмкіндік береді.

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына әсер ететін үш негізгі фактор бар.

Біріншісі –ол елдің бизнес климаты, ұтымды инвестициялық заңмен, инвестицияларды тартымды қолдау шараларымен қолданатын және де экономикалық, саяси тұрақтылықпен белгілі.

Екіншісі – табиғи және минералды ресурстармен бай қамтылған болуы.

Ғалымдардың бағасы бойынша біздің ел табиғи ресурстардың қорлары бойынша алтыншы орынды алады. Д.И. Менделеевтің химиялық элементтер кестесінің 110 элементтер ішіндегі Қазақстан жер қойнауында 99 элементі табылған, 70- элемент барланған, 60-ы алынып, қолданылады екен.

Қазақстан цинк, вольфрам, боррит қорын барлау бойынша бірінші, екінші-күміс, свинец,уран және хромит, үшінші-медь және флюорит, төртінші- молибден және алтыншы –алтын бойынша орын алады.

Үшіншіден – ол Қазақстанның тиімді географиялық орны, инвесторларға шамамен жарты миллиардтан астам адам тұтынушы нарығын ұсынатын, яғни орталықазияттандырылған аймақ нарығы, Ресей және Қытай.

Қазақстанның тиімді инвестициялық климатының даму темпі әлемдік кеңістікте айтылған. Қазақстанда Әлемдік Банк рейтингі және халықаралық қаржы корпорациясы «Doing Business» бойынша 2012 жылы 11 сатыға өзінің көрсеткіштерін жақсартты, солай 183 әлемдік елдің арасында 47 орынға ие болды. Алайда 2012 жылы Ernst and Young компаниясымен Қазақстанның инвестициялық

тартымдылығы туралы зерттеу жүргізілген, соған орай шешілмеген мәселелер бар екенін анықтады.

Ernst and Young деректері бойынша 35% сұхбаткерлер Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы 2010-2011 жылдары жақсарды деп, ал 43% – өзгеріссіз қалды (сурет 1)



1-сурет. Соңғы екі жылда Қазақстанның инвестициялық климатының өзгеруі [3]

Зерттеу бойынша 14% сұхбаткерлер Қазақстанға шетел инвестицияларының климатының нашарлауына әсер еткен факторларға:

- Бизнеске Әкімшілік қысымның артуы мен бизнес- үрдіске мемлекеттік органдардың араласу деңгейінің артуы.
- Ресурстық протекционизм, өнімді бөлу туралы келісімді жою, келісімнен тұрақтылық туралы жерқойнауын қолданудағы салықты қоспағанда;
- Құқықтық реттеу аясының нашарлауы және инвесторлардың капиталсалымы бойынша қауіпсіздігі;
- Шетелдік азаматтарға тән еңбек заңының нашарлауы, «жергілікті күту» қатынасты талаптардың артуы, жиынтығында сұхбаткерлер ойынша инвестициялық жобалардың атқарылуына теріс әсер етуі мүмкін.
- Банктік саланың қайтақұрылымдау нәтижесінде кейбір сұхбаткерлер ойынша жаңа инвесторларды тарту үрдісінде кері әсер етуі мүмкін.

Осы айтылған мәселелер шешілген жағдайда инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыруға жол ашылады деген пікірдеміз. **Сонымен қатар, еліміздің инвестициялық ахуалын жақсарту, оны насихаттау, тәжірибе алмасу мақсатында іскер топтар өкілдерінің инвестициялық саясатты тиімді жүргізіп отырған мемлекеттерге сапарлар жасауының маңызы зор. Екіжақты кездесулер, бизнес-форумдар және ынтымақтастықтың өзара басқа да тиімді шараларын ұйымдастырып отыруға үлкен мән берілуі қажет.** Мемлекеттің өнеркәсіптік және инвестициялық саясатының ортақ мақсаты – өнім өндірісін одан да жоғары қайта өңдеу кезеңдерінде қосылған құнды және оған байланысты қызмет ету секторларымен шоғырландыруға бағытталуы тиіс, тап дамыған елдердегідей.

Осыған байланысты, Қазақстан үшін аса маңызды міндет – экономиканың қайта өңдеу секторын дамыту, елдің экономикалық дамуында инновациялық құрамдас бөліктің үлесін ұлғайту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // www.akorda.kz
2. Государственное регулирование экономики: . Учебное пособие / Под. ред Темирбекова А.Б., Ускеленова А.Т., Темирбек Е.Б. – Алматы.: МАБ, 2013 г. – С. 320
3. Исследование инвестиционной привлекательности Казахстана Ernst & Young, 2012 год. Представления и реальность. – 31 стр.

Экономикалық өсудің теориялық негіздері

Ұлан ЕРДЕНБЕКОВ,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің
магистранты

Экономикалық өсу кез-келген елдің экономикалық өмірінің аса маңызды мәселесі болып табылады. Алдымен, «экономикалық өсу» мен «экономикалық даму» ұғымдарын ажырата білу қажет. Экономикалық даму экономиканың өсуімен қатар экономиканың құлдырау үрдістерін де өзіне жатқызатын аса кең мағыналы ұғым болып табылады.

Экономикалық өсу қандай да бір елдің ұлттық экономикасында белгілі бір уақыт аралығында өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер көлемінің өсуін сипаттайтын сол елдің экономикалық әлеуетінің ұлғаюын көрсетеді.

Экономикалық өсу – ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуі; өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаты – бұл халықтың әл-ауқатын материалдық тұрғыдан көтеру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шығарылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасын жақсарту, орта есеппен бір адамға шаққандағы табыстың өсуін шапшаңдату, сонымен қатар, ұлттық табыстың халықтың әр топтары арасында бөлінуін жақсарту.

Қазіргі уақытта, Қазақстан да экономикалық өсудің осындай мақсатын көздей отырып, сапалы экономикалық өсуге жету үшін бірқатар міндеттерді орындауды алға тартады.

Экономикалық өсудің міндеттері:

1. Посткризистік даму жағдайында мемлекеттің экономикаға араласу саясатын оңтайлы үйлесімділікпен жүргізу.
2. Экономикалық өсуге негізделген өңдеуші өнеркәсіп салаларына шетел инвестицияларын көптеп тарту және тиімді инвестициялық саясатты жүзеге асыру.
3. 2050-жылға арналған Стратегияны жүзеге асыру;
4. Отандық кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру және «Өнімділік – 2020» бағдарламасын орындау.
5. Отандық өндіріс салаларының бәсекелік қабілеттілігін көтеру және өндірісті әртараптандыру.

Алдағы уақытта, еліміз экономикалық өсудің осы және басқа да міндеттерін орындау арқылы экономикалық өсудің тиімділігі мен сапасына маңызды түрде көңіл бөледі. Демек, экономикалық өсудің тиімділігі мен экономикалық өсудің сапасы кез-келген ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалайды.

Экономикалық өсудің тиімділігі – бұл тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту, олардың бәсекелік қабілеттілігін көтеру, өнімнің жаңа түрлерін жасау, өндірістің мамандандырылуын тереңдету, инновациялар мен жаңа технологияларды игеру сияқты экономикалық қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтитын кең мағыналы ұғым.

Экономикалық өсудің сапасы – бұл халықтың материалдық жағдайларын жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму деңгейін арттыру, адам капиталына инвестиция құюды күшейту, адамдардың өмір сүру деңгейі мен еңбек жағдайларының қауіпсіздігін сақтау, толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету және халықты әлеуметтік қорғауды күшейту сияқты маңызды көрсеткіштер арқылы сипатталатын ел экономикасының дамуының әлеуметтік бағыттылығы.

Экономикалық өсудің қарқыны мен оның сапасы арасында белгілі бір өзара байланыс болады. Бірқатар жағдайларда, экономикалық өсудің жоғары қарқыны сапаның өсуімен сәйкес жүрмеуі мүмкін немесе керісінше, экономиканың өсудің тым әлсіз қарқыны өмір сүру сапасының жақсаруына мүмкіндік беруі мүмкін. Сондықтан да, көптеген экономистер қазіргі уақытта, экономикалық өсудің тұрақтылығын көрсететін өсудің орташа қарқынын (жылына 2-3%) қамтамасыз ету әлдеқайда тиімдірек деп санайды. Олай болса, дамыған елдердегі экономикалық өсудің стандартты деңгейі орта есеппен жылына 2-3%-ды құрайды деген сөз. Бұл жерде осындай стандартты өсу жұмыссыздық пен инфляцияның қалыпты деңгейіне

сәйкес келетін жұмыспен толық қамту деңгейімен ұштастырылуы тиіс. Бірақ, кез-келген экономикалық өсудің әрқашанда оң нәтижеге әкеле бермейтіндігін ұмытпағанымыз жөн, яғни теріс экономикалық өсу де болады. Экономикалық өсудің дағдарысы – бұл әлемдік тәжірибеде нақты жалпы ішкі өнім көлемінің қатарынан үш жыл бойы жалғасқан 9%-ға дерлік төмендеу көрсеткіші.

Ал қазіргі дамыған нарықтық экономика жағдайында экономикалық өсудің шын мәніндегі көрінісін тепе-теңдіктік экономикалық өсу сипаттайды.

Тепе-теңдіктік (теңгерімді) экономикалық өсу – бұл белгілі бір уақыт аралығында бір-біріне тұрақты түрде теңесетін жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс көлемдерінің ұлғаюын көрсететін ұлттық экономиканың ұзақ мерзімдік дамуы. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңгерімді өсуі нәтижесінде бағалардың тұрақты деңгейін ұстап тұруға болады.

Қандай да бір елдің экономикалық өсуінің нәтижесін жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс ретіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер сипаттайды. Олар белгілі бір уақытқа пайызбен өлшенеді.

Экономикалық өсуді өлшеудің тәсілдерін екіге бөлуге болады:

1. Нақты жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі. Бұл әдіс экономика мүмкіншілігінің молаю шапшандығын бағалау үшін қолданылады.

2. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әл-ауқатының дамуын талдағанда, немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

Қоғамдық өндірістің типіне байланысты, өнімнің өсу шапшандығы мен өндіріс факторлары көлемі өзгерістерінің арасындағы сәйкестік әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан экономикалық өсу де бірнеше типке бөлінеді.

Экономикалық өсу қарқыны – пайыздық көрсеткішпен әдетте бір жылға есептелетін нақты ЖІӨ-нің өсім қарқынының көрсеткіші. Бірақ, бұл көрсеткіш зерттелу сипатына қарай бір айға, кварталға, жартыжылдыққа, онжылдыққа, яғни уақыттың қандай да бір қолайлы кезеңіне сәйкес есептелуі мүмкін. Экономикалық өсуді өлшеудің мынадай негізгі көрсеткіштері бар:

1. Өсу коэффициенті – бұл қарастырылып отырған ағымдық кезеңдегі өсу көрсеткішінің базистік кезеңдегі өсу көрсеткішіне қатынасы:

$$Y_t = Y_t - Y_{t-1} / Y_{t-1}, \text{ немесе, } \Delta Y_t = Y_t - Y_{t-1}$$

2. Өсу қарқыны – 100%-ға көбейтілген өсу коэффициенті;

3. Өсім қарқыны – өсу қарқыны минус 100%.

Экономикалық өсу жиынтық динамикалық көрсеткіш болып табылады және ұлттық экономиканың жағдайын белгілі бір уақыт аралығында жалпы сипаттайды.

Нақты ЖІӨ көрсеткіші экономикалық өсудің қарқынын нақты өлшей алмауы және экономиканың жалпы жағдайын дұрыс анықтай алмауы мүмкін. Осы жерде экономиканың жағдайын аса нақты анықтай алатын басқа да көрсеткіш қолданыла алады – ол жан басына шаққандағы ЖІӨ.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ – елдер арасындағы экономикалық өсуді және экономикалық жағдайларды салыстыру үшін қолданылатын өсуді нақты өлшей алатын әдіс.

Экономикалық өсудің екі түрін ажыратып көрсетеді:

Нақты экономикалық өсу – бұл статистикалық органдардың кезеңділікпен жариялап отыратын ЖІӨ-нің немесе басқадай макроэкономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы шынайы түрде өсуі.

Өлеуетті экономикалық өсу – бұл экономиканың белгілі бір жылдамдықпен немесе қарқынмен өсе алу мүмкіндігі мен дәрежесі. Бұл өсуді қамтамасыз ете алатын факторларға мыналар жатады:

- а) еңбек, капитал және жер сияқты ресурстарды арттыру;
- ә) технологиялық прогресстің көмегімен, өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту немесе жұмыс күшінің біліктілігін арттыру есебінен осы ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Экономикалық өсудің теориялық тұрғыдан негізгі үш типі бар:



1. Интенсивті типі – техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ЖІӨ мен ұлттық табыстың сапа жағынан өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады. Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары:

- қолданылатын ресурстар сапасының өсуі (жұмыс күшінің сапасын өсіру және заттық капиталдың сапасын жақсарту);

- ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту (технологияны жетілдіру, өндірісті және өткізуді ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру).

2. Экстенсивті типі – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ЖІӨ мен ұлттық табыстың сан жағынан өсуі. Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары:

- жұмыс күші санының өсуі;
- капитал көлемінің өсуі.

3. Аралас типі – факторлардың өсуімен қатар, техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ЖІӨ мен ұлттық табыстың сапа жағынан да, сан жағынан да өсуі.

Макроэкономикада экономикалық өсудің факторларын негізгі үш топқа бөліп қарастырады:

1. Ұсыныс факторлары – адам ресурстарының болуы, табиғи ресурстар, негізгі капитал, технология деңгейі.

2. Сұраныс факторлары – бағалар деңгейі, тұтыну шығындары, инвестициялық шығындар, мемлекеттік шығындар, таза экспорт көлемі.

3. Бөлу факторлары – экономикалық айналымға тартылатын ресурстардың тиімділігі, ресурстардың өндіріс үрдісінде толық, әрі ұтымды түрде пайдаланылуы.

Дегенмен, экономикалық өсуде маңызды рөлді ұсыныс факторлары ойнайды. Осының ішінде, еңбек және еңбек өнімділігін ерекше атап өтуге болады, яғни, еңбек экономикалық өсудің факторы ретінде еңбек өнімділігі көрсеткішімен анықталады. Еңбек өнімділігі – бұл бір жұмысшыға келетін өндірістің жалпы көлемі және ол мына қатынаспен анықталады: Y/L ,

мұнда Y -шығарылым көлемі,

L -экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны немесе еңбектің істелген адам-сағат саны.

Өртүрлі елдердің келтірген есептеулерінде еңбек өнімділігінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі де соғұрлым жоғары болады деп саналады.

Жоғарыда аталып өткендей, экстенсивті экономикалық өсу кезінде белгілі бір уақытта, еңбек өнімділігінің шамасы өзгермейді, яғни, Y/L шамасы тұрақты болып қалады. Ал интенсивті экономикалық өсу кезінде ЖІӨ-нің өсу қарқыны жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқынына қарағанда тезірек болады, яғни еңбек өнімділігі артады.

Еңбек өнімділігінің артуына технологиялық прогресс факторы аса маңызды түрде әсер етеді. Технологиялық прогресс – бұл

өндірістік үрдісті ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар, өндірістік үрдісте қолданылатын ғылымның әртүрлі салаларындағы ашылымдар мен жаңалықтар және басқа да заманауи жетістіктер. Сонымен қатар, білім және адам капиталы сияқты ерекше факторға және оның экономикалық өсуге қосатын үлесіне де маңызды түрде көңіл бөлген жөн.

Адам капиталына инвестициялар – қазіргі заманғы экономикалық өсудің аса маңызды факторы. Осындай инвестициялар әлеуметтік-экономикалық құрылымның ҒТП-нің даму ырғағына үздіксіз ілесіп, әрі бейімделіп отыруына жағдайлар жасайды. Демек, бүгінгі күні сапалы білім алуға, денсаулық сақтауға, жұмыс орнында тәжірибе жинақтауға, инновацияларды енгізуге инвестиция салусыз, яғни адам капиталын дамытусыз экономикалық өсудің шынайылығына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Алайда, экономикалық өсудің теріс факторлары да болады. Экономикалық өсуді тежейтін факторларды экономикадағы әлеуметтік өзгерістер деп атайды. Оларға әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау саласын шектен тыс мемлекеттік реттеу деген факторлар жатады. Мәселен, қоршаған ортаның ластануын бақылау бойынша мемлекеттік реттеуді күшейту қысқа мерзімде экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуіне алып келуі мүмкін.

Соңында, экономикалық өсудің институционалдық факторларын да атап өткен жөн. Меншік құқығын мемлекеттік қорғау, қоғамдық тәртіпті орнату және қолдау, тәуелсіз сот сияқты институционалдық факторлар экономикалық өсуге оң әсер беріп еңбек өнімділігінің артуында ерекше рөл ойнайды.

Бүгінгі күнге дейін ұзақ мерзімді тұрақты, әрі теңгерімді экономикалық өсудің нәтижелері туралы ортақ пікір жоқ. Сол себепті, әртүрлі макроэкономикалық мектеп өкілдерімен түсіндірілетін экономикалық өсудің үлгілері әртүрлі алғышарттар мен болжамдарға сүйенеді.

Экономикалық өсудің теорияларын көптеген экономистер дамытты. Соның ішінде, Дж.Кейнс, Ч.Кобб, П.Дуглас, Э.Денисон, С.Кузнец, Й.Шумпетер, Р.Харрод, Е.Домар, Р.Солоу, Э.Фелпс, П.Ромер, К.Эрроу, Г.Мэнкью, Д.Уэйл, Д.Ромер, Р.Лукас, Х.Юзава сияқты ғалымдар ерекше үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С. Әкімбеков, А.С. Баймұхаметова, У.А. Жанайдаров. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. – Астана: 2002. – 464 б.
2. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Ә.Қ. Шеденов, Е.Н. Сағындықов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Б.И. Комягин. / Жалпы редакциясын басқарған Ә.Қ. Шеденов. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2004 – 455 бет.
3. Я. Әубәкіров, К. Нәрібаев, М. Есқалиев, Е. Жатқанбаев, т.б. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. – Алматы, «Санат», 1998. – 479 бет.
4. Ғабит Ж.Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана: 2006. – 248 б.
5. Нарматов С.Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы. (Оқу құралы). – Алматы: «Эверо», 2009. – 516 бет.
6. Курс экономической теории: учебник - 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2006. – 832 с.
7. Сажина М.А., Чибриков Г.Г. Экономическая теория: Учебник для вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2005. – 672 .
8. Крымова В. Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. – Алматы: Аркаим, 2009. – 196 б.
9. Женсхан Д.Ж. Экономикалық теория. Экономикалық емес мамандықтарға арналған қысқаша курс. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ., 2008. – 147 б.
10. Шеденов Ә.Қ. Экономикалық ілімдер тарихы: оқулық. – Ақтөбе: А – Полиграфия, 2006. – 316 б.

Интеллектуалды қоғам азаматын тәрбиелеудегі гуманитарлық технологиялар

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасының меңгерушісі,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

Біз өмір сүріп отырған қоғам жаңа талаптар мен міндеттерді ұсынуда. Оның басты себебі неде? Ақпарат немесе білім қоғамы ғылым мен технологияны, сондай-ақ олардың қоғаммен байланысын мүлдем жаңа арнаға бұрды. Ғылыми-техникалық жетістіктердің жылдам қарқын алуы азаматтардың қоғамдық болмысы мен қоғамдық санасын өзгертті, жаңа құндылықтар пайда болды.

Қазіргі заманғы ғылым жаңа технологияларды өндірумен қатар, қоғамның рухани құндылықтарына бағытталған жаңа саланы – гуманитарлық технология саласын дүниеге әкелді. Бүгінде гуманитарлық ғылымдардың жаһандық үндеулер алдында шоғырлануы оларға пәнаралық сипат берумен қатар, қоғамның рухани-гуманитарлық, этно-мәдени, философиялық-дүниетанымдық салаларын біріктіре, бір арнаға тоғыстыра бастады. Гуманитарлық ғылымға деген жаңа көзқарас құндылықтар проблемасына қайта оралуға, гуманитарлық ілімнің өзегіне айналуға негіз болды.

Ғылымның жаңа саласы ретінде, жаратылыстану технологиясына жаңа мән беретін ерекше сала – гуманитарлық технология (ГТ). Өйткені заманауи технология, озық технология күн санап адамға, адам өмірін өзгерте отырып жақындап келеді. Сондықтан да адамға бағытталған технологияны гуманитарлық деп атауға толық негіз

бар. Сондай-ақ «гуманитарлық» сөзі екі мағынада қолданылады: біріншісі – гуманитарлық ғылымға, білімге; екіншісі – адамға бағытталуы мағынасында қолданылуы. ГТ үшін оның қос мағынасы да тән.

Гуманитарлық құндылықтарға құрылған интеллектуалдық әлеует қалыптастыру бағытындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, ғылыми қауымдастық алдына мынадай мәселелерді:

- синтергетикалық және жаңа институционализм әдістері арқылы интеллектуалды азамат концепциясын синтездеуді;

- гуманитарлық құралдардың мақсатты топтарға әсер етуі, шешім қабылдау процесіне адамның қатысу рөлінің артуын; сондай-ақ гуманитарлық технологиялардың даму және прогрессивті өркендеу құралы ретінде танылуын;

- гуманитарлық технологиялардың орындалуын бағалау алгоритмі арқылы талдамалық, ақпараттық, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу қажеттігін;

- гуманитарлық технологиялардың сенімге құрылуы, адам мен қоғам арасындағы нақты изоморфизмнің (жауапкершілікке қабілеттілік) қалыптасуын күн тәртібіне қойды.

Әлем елдерінің алдында тұрған проблеманың өзі де қоғамның рухани әлеуетін арттыру болып отыр десек жаңылмас едік. Өйткені, адамның әлеуметтік қажетіне жараған озық технологиялар заманы белгілі бір деңгейде, яғни адамзаттың рухани құлдырауына, танымдық тоқырауына әкелген болатын.

Бүгінде әлемнің көптеген елдерінде бұл бағытта бас қосқан ғалымдар түрлі бағыттарда мәселені шешуге атсалысуда. Мәселен, АҚШ-тың Гарвард университетінде гуманитарлық бастамалар бағытында, сондай-ақ Катар мемлекетінде гуманитарлық ғылымдарға байланысты зерттеулер кешенді түрде жүргізілуде. Осы елдегі Гуманитарлық зерттеулер базасы дүние жүзі бойынша алдыңғы қатарлы ақпараттар қорына ие. Жоба аясында зерттеу траекториясы дүние жүзінің 191 елін қамтиды. Зерттеу негізінде таяу арадағы гуманитарлық сипаттағы қауіп-қатерді ескертуге арналған Дағдарыс картасы жасалды. Ол жобаның мақсаты соңғы технологиялық жетістіктердің адам өміріне ықпалын анықтау және дағдарыс жағдайларында технологиялық жетістіктерді мүмкіндігінше тиімді пайдалану жолдарын зерттейді.

Әлем назарындағы табысты жобалардың бірі осы Катар еліндегі: «Ілімге, білімге және оны игеруге деген ықылас барлық

мүмкіндіктерге жол ашады» - деген қағида негізінде жұмыс істейтін Инновация және Білім беру Саммиті аясындағы зерттеулерді атауға болады.

Әлемнің Судан, Гаити, Либия, Сомали, Сирия сияқты елдерінде аталмыш жоба бағытындағы зерттеулер тәжірибесі бар. Бұл жобалардың барлығы да төтенше жағдайларда және қақтығыс жағдайларында гуманитарлық сипаттағы жаңа технологияларды қолдану жолдарын зерттейді. Сондай-ақ бұл салада әлемнің ғылыми қауымдастығының басын қосқан Женева, Вашингтонда өткен халықаралық конференцияларды атауға болады.

Біз үшін ізгілікке құрылған ілім мен білімді ту еткен шығыстық Катар тәжірибесі лайықты. Дегенмен, қаржылық-экономикалық, әлеуметтік-саяси тұрғысынан алғанда катарлық тәжірибені тұтастай елімізге көшіре алмаймыз. Әмірлік резиденциясында университеттердің университетін салып, ең озық ойлы ғалымдарды жинап, ізгі қоғам құру жолында батыл әрекет еткен катарлық идея қай елді болмасын ойландырарлық реформа.

Иә, әлемдік тәжірибеде ел экономикасын интеллектуалды инвестиция арқылы дамыту өзін-өзі дәлелдеп берді деуге толық негіз бар. Адамның интеллектуалды әлеуетін *инвестиция* ретінде қарастыру ғасырдың үздік теориясы. Атақты ғалым Гэри Бэкер осы саладағы ғылыми еңбегі үшін экономика бойынша Нобель сыйлығының иегері атанды.

Соңғы жылдары Қазақстан қоғамының интеллектуалдық әлеуетінің дамуы және өзекті проблемалары зерттеліп, талдау жүргізіле бастады. Қазақстандағы гуманитарлық құндылықтардың заманауи қағидаларын талдау, қажетін қабылдау, құндылығын сақтау, дәстүрін жалғастыру – жаңа заманның, өрлеуге бет бұрған қазақ елінің басты мақсаты, айқын мұраты.

Ақпараттық қоғам немесе индустриалдық қоғамның дамуын тереңірек зерделеуде өзге елдердің тәжірибесіне сүйенеріміз анық. Дегенмен өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен болмысыз, ұлттық интеллектіміз бен әлеуетімізді тек өзіміз құраймыз, өзіміз жасаймыз және ол тек бізге керек.

Сол үшін мынадай сұрақтарға жауап іздеу қажет: ақпарат – интеллектуалдық құндылықты жасаушы күш болғандықтан әлемдік ақпараттық бәсекелестік қаншалықты қолжетімді және ол қалай өзгеруде, ол интеллектуалды қоғамды айқындаушы фактор ретінде жаһандану үдерісіне қалай ықпал етуде, алдыңғы қатарлы ел ретінде дамыған мемлекеттердің қандай басымдықтары бар, олардың осы

мақсатта қолданып отырған қоғамдық құралдары қандай, ол ел дамуына қалай әсер етуде.

Адамның интеллектуалды әлеуетін инвестиция ретінде қарастыру үшін де бізге сол адамды интеллектуалды азамат ретінде қалыптастыру керек және оның интеллектуал болып өсуі үшін де салым салу керек. Салым дегеніміз, сол азаматтың зерделі де сергек, зерек те зиялы болып өсіп, қалыптасуына қажет қаржылық-материалдық, рухани-мәдени, өнегелі-тәрбиелік ортаны жасай білу дегеніміз. Сонда ғана қоғамға интеллектуалды азамат өз тарапынан қарымын қайтара еңбек етеді. Бұл тұрғыда біздің әлеуетіміз қаншалықты деп сұрамастан бізді басқалар атап көрсетіп, нысана етерліктей қашан жоғары деңгейде дамимыз деген сұрақтың жауабына жетуіміз керек.

Мұның өзін таяуда Елбасы бағдарламалық мақаласында нақтылап берді: «Шындықты мойындайық: болашақта ХХІ ғасырда тек еңбек қана барлық қазақстандықтардың әл-ауқатқа және жаңа өмір сапасына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады».

Қазақстан ғылымында адам капиталының дамуы мен интеллектуалды қоғам әлеуетін арттыруға арналған гуманитарлық технология саласы бойынша зерттеулер жүргізіле бастауы бұл мәселеге жаңа дем беріп отырғаны рас. Және де елімізде ұлттың интеллектуалдық капиталы қалыптасуына бағытталған мемлекеттік реформалардың тиімді жүзеге асуына қатысты гуманитарлық базис әзірленуіне, сараптамалар жүргізілуіне ықпал етерлік ғылыми орта қалыптастыратыны тағы бар.

Елбасы қолдауымен іске асқан зияткерлік мектептері мен Назарбаев университетінің құрылуы осы саладағы зерттеулерді жүргізудің балама құрылымдары болып табылады. Гуманитарлық технологияларды Қазақстанда интеллектуалды азамат әлеуетін арттыратын инвестиция капиталына айналдыру таяу болашақтың перспективалық мақсатта қолға алынуы құптарлық жайт.

Батыс ғалымдары болашақта ұлттар, халықтар жойылып, жер бетінде жаһандық азамат деген бір ғана ұғым қалады деген ойларын тәптіштеп, арнайы департамент ашып, зерттеулерін ұсынғанына куә болдым. Бұл меніңше, жаһандану ұғымын бетке ұстап, астамшылық саясат жүргізуді көздеу деп түйдім. Сонда интеллектісі жоғары азамат өзінің ұлттық түбірінен, халықтық дәстүрінен ада болуы керек пе? Жоқ. Тағы да жоқ деп жауап бергім келер еді. Себебі, біз айттып отырған интелект-азамат ұлттық тамырынан нәр алып, ұлттық тектіліктен қорек жиуы тиіс. Сонда ғана ол заманауи құндылықтардың

озығын пайдалана отырып, елінің дамуына, халқының өркендеуіне себін тигізерлік азамат болады.

Дәл қазіргі күнде ғылыми ортада интеллектуалды азамат концепциясын жасау түрліше талқыға түсіп отыр. Интеллектуалды азамат кім, ол қандай болуы тиіс дегенде тағы да гуманитарлық ілімге келіп тірелеміз. Гуманитарлық құралдар арқылы тұрғындардың шешім қабылдау процесіне қатысуын, әлеуметтік-саяси белсендігін арттыру, сондай-ақ гуманитарлық технологиялардың өркендеу құралы ретінде пайдалану сияқты міндеттер жүктейді. Бастысы – гуманитарлық құралдардың сенімге құрылуы тиіс. Яғни адам мен қоғам арасындағы сенім азаматтардың жауапкершілікті түсіне, орындай білуінен.

Қазақстандық қоғамдық-саяси ғылым саласында гуманитарлық технологиялар саласын зерттеудің әлсіз жағы басымырақ. Өйткені бізде бұл ғылым саласы жайлы әлі жалпы түсінік қалыптасып үлгермеген. Зерттеу жағынан кенже ғылым болып табылады. Оның үстіне бізде гуманитарлық технология саласында интеллектуалдық ұлт қалыптастыруға бағытталған гуманитарлық құралдарды басқаруда кешенді зерттеу орталықтары, зертханалары жоқ.

Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, интеллектуалдық капиталға, адам инвестициясын арттыруға ұзақ мерзімді жұмыс істейтін Катар Саммиті, Дағдарыс картасы сияқты форматтардағы жобалар жетіспейді. Сондай-ақ шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, табысты жобаларды ұлттық нарыққа лайықтау, осы саланы дамытатын инновациялық идеяларды өмірге асыратын ғылыми әзірлемелер жетіспейді.

Гуманитарлық сипаттағы құралдарды пайдалана отырып, жаңа технологияның негізінде ақпараттық деректер мен қорлар мен базаларды әзірлеу, халықтық сипатта қолжетімді ету мемлекет қолдауымен, ғылыми қауымдастықтың орындайтын міндеті.

Ұлттың интеллектуалды капиталын қалыптастыру тікелей мемлекеттің міндетінде. Билік тарапынан идеология мәжбүрлеу мақсатында емес азаматтардың ерікті де еркін таңдауына, шешім қабылдауына мүмкіндік неғұрлым сеніммен берілсе, азаматтарымыз да соғұрлым жауапкершілікті қабылдай алатындай сеніммен жауап қайтарған жағдайда парасатты қоғам орнағаны. Бұл бағытта бизнес орта өкілдерін белгілі бір ізгілікті, руханиятты, мәдени жобаларға меценат, филантроп ретінде тарту тәжірибесі әлем елдерінде дәстүрлі орын алғаны белгілі. Дегенмен бұл кешенді де тұрақты, ауқымды да бұқаралық сипат алмайтынын ескерсек жағдай түсінікті. Сол үшін де

парасатты да ізгілікті, руханиятты да өркениетті қоғам қалыптастыру жолында мемлекеттік механизмдер мен билік қамқорлығы қажет.

Интеллектуалды азаматтың әлеуетін арттыру жаңа ілім мен біліммен толығады. Сондықтан да интеллектуалды қоғамның басты қоры – білім. Білімсіз қоғам – қараңғы қоғам. Біз үшін білім жаңа ұғымға, жаңа мәнге ие болып отыр. *Ақпарат қоғамы – білім қоғамы*. Сондықтан бұл бағытта кешенді түрде озық технологияларды тиімді пайдалана отырып, бұқаралық ақпараттық науқандар мен руханиятты, ізгілікті шараларды ұзақ мерзімді жүргізу басты стратегиялық мақсат болуы қажет. Оны орындау әлеуметтік топтардың, тұрғындардың ерекшеліктеріне қарай жүргізу бұқарамен жұмыс жөніндегі PR-технологтардың міндеті.

Адамның интеллектуалды әлеуетін инвестиция ретінде қарастыру үшін де бізге сол адамды интеллектуалды азамат ретінде қалыптастыру керек және оның интеллектуал болып өсуі үшін де салым салу керек. Салым дегеніміз сол азаматтың зерделі де сергек, зерек те зиялы болып өсіп, қалыптасуына қажет қаржылық-материалдық, рухани-мәдени, өнегелі-тәрбиелік ортаны жасай білу. Сонда ғана қоғамға интеллектуалды азамат өз тарапынан қарымын қайтара еңбек етеді. Бұл тұрғыда біздің әлеуетіміз қаншалықты деп сұрамастан бізді басқалар атап көрсетіп, нысана етерліктей қашан жоғары деңгейде дамимыз деген сұрақтың жауабына жетуіміз керек.

Зерттеу қазақстандық интеллектуалды қоғамды қалыптастыру мәселелеріне арналғандықтан әлемдік тәжірибедегі ел экономикасын интеллектуалды инвестиция арқылы адам капиталы теориясына бағытталған атақты ғалымдардың еңбектеріне сүйенбекші. Ғылыми зерттеулерде адамның интеллектуалды әлеуетін *инвестиция* ретінде қарастыруға болатынын дәлелдейді.

Мысалы, атақты ғалым Гэри Беккер өз еңбегі үшін экономика саласындағы Нобель сыйлығының иегері атанған. Беккердің пікірінше, экономикалық тәсіл адам мінез-құлқын түсінуде, айқындауда тұтас жүйені қажет етеді. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың бірнеше буын өкілдері талай сәтсіздікке ұшыраған болатын. Беккердің есептеуі бойынша, АҚШ-та адам капиталы инвестициясы құнды қағаздар инвестициясына қарағанда бірнеше есе артық пайда әкеледі.

Беккер өз талдауларында адамның даралығы, төзімділігі сияқты рационалды, мақсатты мінез-құлқынан бастап басқа да әлеуметтік пәндерге қатысты адам өмірінің түрлі аспектілеріне қатысты

түсініктерді қарастырды. Ғалымның әзірлеп, ұсынған моделі осы саладағы зерттеулердің негізін құрады.

Адам капиталы – әрбір тұлғаға тән білім, дағды, әрекет, ынта саналады. Оған салынатын инвестиция қатарына: білім жетілдіру, кәсіби тәжірибе арттыру, денсаулық сақтау, географиялық ұтқырлық, ақпарат іздестіру.

Зертеушінің алғашқы ұсынатыны – білімнен қайтатын экономикалық нәтижені бағалау саналады.

Беккер алғаш рет білімнің экономикалық тиімділігіне статистикалық есеп жүргізген ғалым. Жоғары білім алғандардың өмірлік табысын анықтауда олардың табысынан кәсіби білім алғандардың өмірлік табысы, олардан орта білім алғандардың өмірлік табысы азайтылды. Білімге кеткен шығынмен қатар (оқу ақысы, жатақхана т.б.), оқу жылдарында білім алушы ала алмаған, «жіберіп алған жалақы» қоса қарастырылады. Шын мәнінде, мұндай қолға тимеген жалақы білім алушының білімге кеткен уақытының құндылығымен, білімге кеткен шығынмен өлшенеді әрі оны пайдалану жинақталған балама қаржы болып табылады. Оқуға кеткен салымды кіріс жинағы ретінде қарастырған Беккер оның қайтарымын жылдық табыстың 12-14%-ы деп санайды. Ғалымның білімге кеткен шығыннан қайтатын кіріс жолын есептеуі адам капиталын қоғамдағы басты интеллектуалды қор және сарқылмас инвестиция ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Және бұл еңбек ғалымға Нобель сыйлығын әперген болатын.

Жаһандық әлемнің Қазақстан қоғамына ықпалы, берері мен алары бары рас. Дегенмен елдің әлеуетінің артуы адам капиталын дамытуға тікелей қатысты екендігін түсіну, түйсіну, қабылдау, орындау – бүгінгінің басты міндеті.

Соңғы жылдары елімізде интеллектуалдық әлеуеттің дамуы және өзекті проблемалары халықаралық деңгейде зерттеліп, талдау жүргізіле бастады. Қазақстандағы гуманитарлық құндылықтардың заманауи концептілерін талдау үшін аталған зерттеулер маңызды.

Әлемнің озық ойлы ғалымдары бұл бағытта кешенді зерттеулер жүргізіп, аталмыш мәселеге қатысты ортақ ойларын ғылыми қауымдастыққа ұсынды. Мәселен, Вернер Клемент, Герхард Хаммерер, Карл Шварц, Ахмед Бонфор, Лейф Эдвинсон, Кен Фарр, Ричард Лорд, Лэрри Вольфенбаргер, Аврора Тейксейра сияқты зерттеушілер еңбектерінде адам капиталын интеллектуалды инвестиция ретінде қарастырады. Олар білім қоғамында адам капиталы мен материалдық емес: білім, ғылым, идея сияқты құндылықтарға

өте үлкен ерекше көңіл бөліп, оның мәні мен құны жыл санап артып отырғанын дәлелдейді. Көптеген еңбектерде адам капиталына салынған инвестиция ұзақ мерзімді қажет етсе де, тұрақты дамудың негізі, бірден бір кепілі ретінде қарастырылады.

Сондықтан қазіргі кезде аталмыш мәселе теориялық тұрғыда қарастырылып қоймастан, оның ғылыми негізін қалау күн тәртібіндегі өзекті мәселе екендігін ғалымдар баса айтады. Атап өтсек, В. Клемент, Г. Хаммерер және К. Шварцтың «Intangible Investment from an Evolutionary Perspective», А. Бонфор мен Л. Эдвинсонның «Қоғамға арналған интеллектуалды капитал: ұлттар, аймақтар және қалалар», К.Фарр, Р. Лорд, Л. Вольфенбаргердің «Экономикалық бостандық, баяси бостандық және экономикалық тұрақтылық: себеп-салдарлық талдау», А. Тейксейраның «Адам капиталының фирма қызметімен байланысы: теориялық және эмпирикалық талдау» атты еңбектерінде бұл мәселе ғылыми талданады. Аталған зерттеулерде өсу немесе даму теориясы эволюциялық теория ретінде қарастырылады, интеллектуалды капитал (интанджибл) яғни материалдық емес сала деп аталатын терминдерді кеңінен талдап, сипаттайды.

Интанджибл Инвестмент – материалдық емес салаға инвестиция салу мағынасын білдіретін термин. Қазіргі уақытта ғылыми қауымдастық жиі талқылайтын, көпке танымал теория. Сондықтан аталмыш мәселенің теориялық негізін қалау маңызды. Теориялық тұрғыда ұсынылған мәселелердің бірі – материалдық емес саланы инвестициялау эволюциясы. Неміс ғалымдары В. Клемент, Г. Хаммерер және К. Шварц материалдық емес саланы инвестициялау теориясын жан-жақты талдап, бұл бағыттағы зерттеулерге, ғылыми мектептерге, оның терминологиясы мен әдістеріне т.с.с. сипаттама береді [1].

Материалдық емес салаларды қаржыландыру мәселесі әлемнің озық елдерінде басты орында тұрады. Аталған мәселе француз ғалымы А. Бонфор мен швейцариялық ғалым Л.Эдвинсонның «Қоғамға арналған интеллектуалды капитал: ұлттар, аймақтар және қалалар» еңбегінде кеңінен талданады. Материалдық емес салаға инвестиция салудың маңызын, қажеттігін баяндаған авторлар, оның қоғам дамуына әсерін ерекше атап өтеді [2].

Материалдық емес құндылықтарды дамыту саясатын ұстанған елдердің тәжірибесін зерттеген авторлар келесідей шолуды ұсынады. Материалдық емес салаға инвестиция салу қай елде қалай жүзеге асып отырғанын талдаған ғалымдар озық тәжірибелерді атайды. Ол елдердің қатарында Израиль, Жапония, Еуропа елдері бар.

Автордың зерттеулерінде аталған елдерде интеллектуалды капитал алдымен қоғамдық секторға, қызмет көрсету салаларына жұмсалатынын, нәтижесінде жалпы мемлекеттік деңгейге әсер ететіні айтылады. Оны авторлар былайша дәлелдейді:

«Ұлт байлығын дамыту үшін, ең алдымен, адамдар сауатты болуы тиіс. Сондықтан алдағы уақытта ауылшаруашылық және индустриялық жоспардан бөлек интеллектуалдық капитал жоспарының картасы жасалынуы тиіс».

Қазіргі уақытта бұл салада бірігіп жұмыс істеу қажеттігін ғалымдар ерекше атап өтеді. Яғни түрлі деңгейдегі қарым-қатынастар артқан сайын интеллектуалды капитал соғұрлым тиімді болмақ.

Әр елдің саяси көшбасшы болуы ұлттық деңгейде, қоғамдық ортада интеллектуалды капитал қалыптастыруды талап етеді. Бұл мәселені ғалымдар мынадай міндеттерден тұрады деп атайды:

- интеллектуалды капиталды визуализациялау; интеллектуалды салымдарды білім капиталы кластерінің құрамында қарастыру; аймақтарға интеллектуалды капитал салудың тиімділігі мен жаңашылдығын мәдени құндылық ретінде қалыптастыру; білім капиталына жаңа инновациялық қоғамдық жүйе ретінде басымдық беру.

Жоғарыда аталған міндеттерден байқалатыны, ең алдымен, интеллектуалды капиталдың мәні мен маңызын, қажеттілігі мен мүмкіндіктерін халыққа, мақсатты аудиторияға визуалды коммуникация арқылы тарату, түсіндіру, ағарту. Келесі мәселе, білім капиталы кластерін құру, жүйелеу, шоғырландыру. Яғни білім аталған материалды емес саланы дамытудың басты құралы, негізі, күші саналады.

Интеллектуалды капиталды мәдени құндылық, мәдениет дамуының өлшемі ретінде қарастыру ерекше назар аударуға тұратын мәселе. Себебі, озық технологиялар, ақпарат ұтқырлығы дәуірінде мәдениет басты құндылықтар қатарында. Сондықтан интеллектуалды капиталды мәдени феномен ретінде таныту, дамыту, қалыптастыру тиімді де ұтымды міндет.

Әлемнің бәсекеге қабілетті озық елдері білім капиталына басымдық беріп, оны инновациялық қоғамдық жүйе ретінде стратегиялық міндет ретінде қабылдауы бұл бағыттағы өркениетті қадам, көреген саясат.

Экономикалық, саяси бостандық және экономикалық игілік мәселелерін зерттеген американдық ғалымдар К. Фарр, Р. Лорд және Л. Вольфенбаргер ғылыми қауымдастыққа әлемдік рейтингісі жоғары

басылымдарда жиі аталатын, өте көп оқылатын материалдардың авторлары. Олардың бірлескен авторлығымен «Экономикалық бостандық, саяси бостандық және экономикалық тұрақтылық: себеп-салдардық талдау» атты еңбектерінде интеллектуалдық тұрақтылық мәселелеріне эмпирикалық талдаулар жүргізеді. Авторлар экономикалық бостандық саяси бостандыққа әкелетін бірден-бір фактор екендігін дәлелдейді [3].

Индустриалық және индустриалық емес елдерде экономикалық, саяси бостандық пен экономикалық дамудың бір-біріне ықпалын талдау жасайды. Авторлар дамыған - индустриалық елдер қатарына 20 мемлекеттің: АҚШ, Жапония, Канада, Австралия және Еуропа елдерін, ал дамушы - индустриалық емес елдерге Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа және Таяу Шығыс, Азия, Африка елдерінен 78 мемлекеттің экономикалық қуатын, интеллектуалды әлеуетін талдайды.

Португалия ғалымы А. Тейксейраның «Адам капиталының фирма қызметімен байланысы: теориялық және эмпирикалық талдау» еңбегінде адам капиталы мен фирма қызметі арасындағы байланыс қарастырылады [4].

Автордың адам капиталы әлеуетін арттыру жолдарын қарастыруға арналған талдаулары экономикалық, технологиялық және орындалу тұрғысынан сипатталады. Сондай-ақ аталмыш еңбекте адам капиталы мен адамның мінез-құлқы арасындағы байланыс талданып, адам капиталына сұраныс тудыратын факторлар айқындалады. Адам капиталының шоғырлануына қоғамдық және институтционалдық негізде ықпал ету жолдары қарастырылады. Адам капиталын арттыру арқылы фирма қызметінің табыстылығы, өміршеңдігі теориялық және эмпирикалық тұрғыда талданады.

Швейцариялық ғалымдар Б. Карлсон, Г. Элиассон «Индустриялық динамика және эндогендік даму» атты зерттеулерінде экономикалық даму әр түрлі идеялар жаңа технологиялар ретінде іске асуы арқасында жүзеге асады деп жазады. Авторлар қандай идея экономикалық өрбуге алып келеді және сол идеялардың қайсысы қоғам дамуына тиімді ықпал етеді деген сұрақтарға жауап іздейді. Ол үшін технологиялық жүйені экономикалық негіз ретінде қарастырып, осы байланыстардың өзара қарым-қатынасын талдайды [5].

Шетелдік зерттеушілер жаңа дәуірде, ақпарат дәуірінде интеллектуалды капитал қоғам дамуының кепілі ретінде қарастырады. Интеллектуалды капиталды арттырудың басты технологиясы —

гуманитарлық ілімге, білімге ден қою. Бүгінгінің ғылымы жаңа технологияларды шоғырландыруға үйлестіруге бағытталған қызметке басымдық беріп отыр.

Қазақстандық ғалымдардың алдында гуманитарлық технологияларды зерттеу, оның мүмкіндіктерін қарастыру, нәтижелерін интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жарату міндеті тұр. Бұл міндеттер озық ойлы, ізгі ниетті ғылыми қауымға интеллектуалды азамат қалыптастыру, олардың шешім қабылдау процесіне қатысуын белсендіру, адам мен қоғам арасындағы сенімді арттыру сияқты талаптарды жүктейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Clement W., Hammerer G., Schwarz K. Intangible Investment from an Evolutionary Perspective. OECD, 1998. – 23 P.
2. Bounfour A., Edvinsson L. Intellectual Capital for Communities: UK, Oxford. – 2005. – 348 P.
3. Farr W.K., Lord R.A., Wolfenbarger J.L. Economic Freedom, Political Freedom, and Well-Being A Causality Analysis. Cato Journal. Vol. 18. No 2. – 1998. – 248-262 P.
4. Teixeira A., Núñez Guerrero I. On the Link between Human Capital and Firm Performance. A Theoretical and Empirical Survey. Portugal. PEF Working Paper No. 121, November. 2002. – 38 P.
5. Carlsson B., Eloasson G. Industrial Dynamics and Endogenous Growth. KTH. – Stockholm: Sweden. 2001. - 24 P.

Қазақстан тұрғындарының этнодемографиялық ахуалы (1959-1989 жж.)

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Соғыстан кейінгі бейбіт өмір, ауылдық жерлердегі отбасыларында балалар санының өсуі, 1954-1956 жылдардағы тыңды игерумен байланысты республикаға одақтықтың түкпір-түкпірінен жастардың келуі (басым бөлігі 20-35 жастағы), олардың ішінде ер-азаматтардың басым болуы, демографиялық ахуалға оң әсер берді. Ер-азаматтардың әйелдермен арасалмағы республика бойынша тиісінше, 47,5 және 52,5% құрады, қалалық жерлерде – 47,3 және 52,7%, ауылдық жерлерде – 47,7 және 52,3% құрады [1, 135]. Саяси биліктің компартия басшылығындағы индустриалды-аграрлы Қазақстанның техникалық және экономикалық әлеуетін көтеру бағыты аясында, сырттан жұмысшы қолы көптеп әкелінгенмен халық шаруашылығының салалары бойынша еңбек ресурстарының жүйелі реттілігі сақталмады. 1939-1979 жж. санақаралық жылдар ішінде республика тұрғындарының құрамындағы басым этностар: орыстар, украиндар, белорустарды құрады. Мысалы, 1970 жылғы санақ бойынша республика тұрғындары ішіндегі этностардың үлес салмағы: қазақтар (32,6%), орыстар (42, 5%), украиндықтар (7,2%), немістер (6,6%) құраса, қалған татарлар, өзбектер, белорустар, ұйғырлар, кәрістер, әзірбайжандар 2,2-0,4% аралығында, одан да басқа 500 мыңға (3,8%) жуық ұлттарды құрады [2, 13].

Республикадағы урбанизациялану үрдісінің үлес салмағы сырттан келгендер есебінен 1959-1970 жж. (6,5 пунктке) артты. Бұл үрдіске белсенді қатысқан этностар: орыстар, украиндар, кәрістер, әзербайжандар, белорустар, ал қалалық жерлерге тартылу деңгейі төмен этностар: қазақтар, өзбектер, ұйғырлар болды, яғни бұл этностар ауылдық жерлерде басымдылыққа ие болды, бұларға немістер мен әзербайдандарды қосуға болады (ауыл тұрғындары өсімі табиғи өсіммен қалыптасты). Бұл үрдіс 1970-1989 жж. аралығында да сақталынды. Өңдеуші өнеркәсіп орталықтарының орнықты дамымауы белең алды. 1926-1959 жж. аралығында қалалық тұрғындар саны тыңды игеруге сырттан көшіп келген қоныс аударушылардың ауылдан қалаға көшуімен өсті. Қалалық жерлердегі өнеркәсіптің дамуы мен құрылыс жұмыстарына сырттан еңбек ресурстары молынан тартылғанмен, білікті жұмысшы күшіне, мамандарға сұраныс сақталынып қалды. Осы бір келеңсіз мәселелердің орнын толтыратындай жергілікті ұлт өкілдерінің біліктілігін арттыру, оларды қалалық жерге тарту тетіктері ойластырылмады. 1960-шы жылдар соғыстан кейінгі дүниеге келген нәресетелердің кәмелетке келу кезеңімен тұспа-тұс келеді, бұл кезеңде табиғи өсім болғанмен, әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты өмірге келген нәрестелердің шетінеуінің жоғары деңгейі орын алды. Ал соғыстан бұрынғы дүниеге келгендер саны азая бастады. Демографиялық зерттеулер мен сарапшылар пікірінше, тұрғындар санының күрт төмендеуіне дәстүрлік факторлар әсерінің болғаны жоққа шығарылмайды (мысалы, ер-азаматтардың міндетті түрде өздерінен 5-7 жас кіші әйелдермен отбасын құру дәстүрі және басқа). 1960-жыдары барлық этностар бойынша бала туудың төменгі деңгейі сақталынды. Қазақстан тұрғындарының жастық-жыныстық құрылымында 1959-1970 жж. туу көрсеткішінің төмендеуінен кәмелетке келгендердің үлесінің кему үдерісі байқалды. Кейінгі жылдары кәмелет жасындағы ер-азаматтар санының кемуі некені бұзу мен қайта некеге тұру үрдісіне жол берді. 1959-1970 санақаралық жылдары нәресте өлімінің жоғары болуы, ал туу көрсеткішінің төмендеуі байқалды. Тек 1971 жылдан бастап тұрғындардың туу көрсеткіші тұрақтанып, деңгейі көтеріле бастады. Мұның бастамасы 1956-1960 жж. тыңды игерудің алғашқы жылдарында белең алған еді. Мысалы, 1960 жылы Тың өлкесінің жалпы тұрғындарының құрамы бойынша: 0-15 жастағылары - 36%-ын, мектепке дейінгі 0-6 жастағылар – 21,6%, мектеп жасындағылар – 20,8% құрады.

Отбасылық қатынастар. Қазақстандықтардың 95 пайызы отбасы мәселесіне басымдылық береді. 1939 жылы Қазақстанның табиғи өсімі – 23,5 промиллді құрады [3]. Республикадағы 1960 жылғы тұрғындардың туу көрсеткіші 1950-жылдар деңгейінде сақталынды (бұл отбасында бала санын шектеу үрдісі шарықтамаған кезең). Дегенмен, тың өлкесінде салыстырмалы түрде 1950 жылға қарағанда 1959 және 1961 жылдары туу көрсеткіші баяулады. Материалдық әл-ауқаты мен тұрғын үй жағдайын жақсартуға мақсат тұтқан тұрғындардың нәрестелі болуға асықпауы 1961-1970 жж. туу көрсеткішінің төмендеу себептерінің бірі болып табылады. 1961-1970 жылдары Одақ бойынша некелесу көрсеткіші де баяулады (1961 ж. – 12,8 промиллді құраса, 1965 ж. – 9,3, 1970 ж. – 9,5 промиллді құрады). Ал Қазақстанда сырттан келгендер арасында жастар үлесінің басымдығына орай, тұрғындар санына табиғи өсімнің жоғарлылығы әсерін тигізді. Дегенмен, туу көрсеткіші төмендеді (қазақтардың нәрестелі болу көрсеткіші 1961 ж. – 44,4 промиллді, 1965 ж. – 37,2 және 1970 ж. – 31,3 промиллге түсті) [4]. Мысалы, 1961-1970 жж. оның төмендеуі Одақ бойынша – 6,5 пунктті құраса, Қазақстанда – 12,1 пунктті құрады, ал республикада тұрғындардың табиғи орнын толтыру жоғары деңгейін сақтады, орташа арифметикалық көлемі – 22,5 промиллді құрады (Одақ бойынша – 12,3 промилль). 1970 жылы туу көрсеткішінің тұрақталуының бастамасы болды – 23,4 промилль, ал 1975 ж. – 24,3-ке көтеріліп, 1980 ж. – 23,8 промиллді құрады [5]. 1970-1980 жж. тұрғындардың кәрілену үрдісіне орай, өлім-жітім саны – бір мың адамға шаққанда 1970 ж. – 6 адам, 1975 ж. – 7,2, 1980 ж. – 8 адамды құрады. Сол сияқты 1970-1980 жж. некелесу саны артты: 1000 адамға шаққанда 1970 ж. – 9,5 адамнан, 1980 ж. – 10,6 адамға өсті.

Республикаға қоныстанған тың игерушілердің және 1956-1961 жж. қазақ отбасыларында туылғандар, 1980 жылдар басында кәмелетке толып, некеге тұрғандар саны туу көрсеткішінің тұрақтануына әсер берді. Республика бойынша 1970 жылы – 306,6 мың нәресте дүниеге келсе, 1980 жылы – 356 мың. 1959 жылдармен салыстырғанда, 1970 жылдары әйелдердің өмірге бірінші және екінші нәестелерін әкелу деңгейі өскенмен, әйелдердің үшінші және одан да көп бала табу үлесінде төмендеу байқалды (1970 ж. – 48,5%, 1980ж.- 33%) [1, 148]. Отбасында бірінші және екінші нәрестені дүниеге әкелу үлесі 1970-ші жылдары 1959 жылмен салыстырғанда ұлғайғанмен, үш және одан да көп нәрестелі болу үлесі кеміді. Бұл үрдіс отбасылық-некелік қатынастарға әсерін берді. Халық шаруашылығы мен елдің

қоғамдық-саяси өмірінде әйелдер белсенділігі артты. Олардың қоғамдағы атқаратын қызметі өндіріске молынан бағыттала бастады. Көп балалы отбасының дәстүрлік қалыпы өзгере бастады да, қоғамдық өндірістегі белсенді еңбек және қоғамдық-саяси жұмыстар негізінде бір-екі немесе нәрестесіз отбасылардың қалыптасуы көрініс бере бастады. Кей тұста материалдық әл-ауқатының артуы мен мәдени-тұрмыстық, білім, рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру көзқарасы басымдығымен нәрестелі болуды кейінге қалдырған жаңа отбасылық «құндылықтар» орын алды. Осылайша қалалық және ауылдық жерлерде отбасы санының азаюы беки түсті. Біріншіден, елдің жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуымен салыстырғанда отбасы мен некелік қатынастардың қарқыны баяу болды; екіншіден, дәстүрлік және діни ұстанымдардың сақталынуы (1950-жылдары ауылдық жерлерде көп әйел алу ғұрыпы да байқалды, бұл жерде соғыстан кейінгі ахуалға байланысты тұсы да болғанын ескеру қажет шығар); үшіншіден, жалпы әлеуметтік-экономикалық (әсіресе қала тұрғындары) және демографиялық (әсіресе ауылда) дамудағы артта қалу белгілері; төртіншіден, кейбір ауылдық жерлердегі этностардың (қазақтар, өзбектер, ұйғырлар және басқа) әлеуметтік-демографиялық даму деңгейі, республика тұрғындарының басым бөлігімен салыстырғанда үлесі төмен болды.

1959-1970 жж. некелесу жасара түсті. 1959 жылы Қазақстанның қала және ауыл халқының 16-17 жастағы 1000 адамның 45-і некеге (оның ішінде 7 ер кісілер, 38 әйел) тұрған, 18-19 жас аралығында – 336 адам, оның 58 ер кісі, 278 әйел. Ер-азаматтадың жетіспеушілігі мен әйелдер санының басым болуы 32 жастан жоғары жастағыларды байқалды. Қазақ ССР-да некелесу деңгейі КСРО бойынша орташа алғанда жоғары болды. Бұл тікелей көші-қонға байланысты болды. Соғыс алдындағы тарихи үрдістер, тың игеруге байланысты, 1960-1970жж. қалалар мен өндіріс орындарына жан-жақтан қоныстанушыларды орналастыру етек алды. Республикадағы 50-58 жастағы ер-азаматтардың барлығы некеде тұрған, ал бұл жастағы әйелдердің жартысына жуығы жесірлер немесе ажырасқандар қатарында болды.

Ал 1970 жылы Қазақстандағы 1000 адамға есептегенде 16-17 жастағылар арасында 5 ер-азамат және 28 әйел, 18-19 жастағылар арасында 43 ер-азамат және 211-әйел, 20-24 жастағылар арасында 306 ер-азамат және 613 әйел, 25-29 жастағылар арасында – 795 ер-азамат және 878 әйел некеде тұрған. Яғни 1959 жылмен салыстырғанда 1970 жылы ер-азаматтар арасындағы некелесу үлесінің төмендегені, жал-

пы 16-24 жастағылар арасындағы төмендегенін көрсетеді. Әйелдер арасында 25-34 жастағылардан бастап некелесу үлесі ұлғайған. 1989 жылы 20-29 жас аралығындағылар арасында некеде тұрмаған ер-азаматтар мен әйелдер үлесі 41,1% және 24,1% құрады. Осы аталынған жастағы топ ішіндегі әйелдердің 5,3%-ы жесірлер және ажырасқандарды (1999 ж. – 8,4%) құрады. Дегенмен, ажырасудың жалпы саны мен коэффициенті 1999 жылы (25,6 мың) 1989 жылмен (45,8 мың) салыстырғанда қысқарды, 2,8%-дан 1,71%-ға.

Қазақстанда 1970 жылдары некеге тұру жасын 16-24 жастағыдан әрі қарай кейінге қалдыру үрдісі орын ала бастайды. Некеге тұрудың орташа жасының ұлғаюы, 1970 жылғы санақ бойынша 25-29 жастағы ер-азаматтардың некелесу үлесінің төмендеуіне әсерін берді. Отбасылық-некелесу қатынасы, жалпы және неке жасындағы ер-азаматтар тапшылығы жағдайында, ересек жастағы ер-азаматтар тобының жас әйелдермен (кейде 10-12 жас немесе әйелдерінің 1-2 жас үлкен болуы) некелесуінің жаппай өріс алуымен бейімделді.

1989 жылы елдегі 15 жас және одан жоғары жастағы барлық ер-азаматтар мен әйелдердің тиісінше, 66,8% және 60,4% некелескен болса, 1999 жылы нарықтық экономикалық жағдайда, бұл көрсеткіш тиісінше, 62,3 және 55,6 %-ға төмендеді. 1989 жылы отбасын құрмаған немесе түрлі себептермен некелік-отбасылық қатынасты бұзған жалғызбастылар, 3,5% -дан 1999 жылы 5%-ға жуық өсті. 10 және одан да көп балалы отбасылар саны 1979 жылы 81,2 мыңнан (2,5%), 1989 жылы 53,6 мыңға (1,4%) қысқарды. 1972 жылы қазақ отбасында орта есеппен 5,01 бала болса, 1978 жылы – 4,85, 1985 жылы – 4,27, ал 90-жылдардың аяғына қарай үш балаға дейін кеміді [6, -466.]. Ел тұрғындарының жалпы табиғи өсіміндегі қазақтардың табиғи өсімі 1989 жылы 64 пайызды (1991 жылы - 72%) құрады.

Қазақстанда үш және одан көп балалы жанұялар көпбалалы отбасылар санала бастады. Отбасылық коэффициенті (тұрғындардың 1000 адамына шаққандағы отбасы саны) 1989 жылы – 232 отбасын, 1999 жылы – 236 отбасын құрады.

Неке қатынастары. 1959 жылы жергілікті ұлт өкілдерінің 1000 адамның 16-дан жоғары жастағылар ішінде 722-сі ер-азаматтар және оның 611-і некеде тұрған. Ер-азаматтардың төрттен үш бөлігі, әйелдердің үштен екі бөлігіне жақын. 16-19 жас аралығындағы ер-азаматтар некелесе бастаса, әйелдердің төрттен бір бөлігі некелескен (тиісінше 51 және 275). Бұл 1940-1943 жж. туылғандар, 1941 жылдың бірінші жартысында табиғи өсімі болғанмен, нәрестелер өлімі де артты. 18-19 жастағылар 16-17 жастағыларға қарағанда ба-

сым болды. Ал 20-29 жастағылар арасындағы ер-азаматтардың жартысы, әйелдердің бестен төрті (580-825) некелескен. Бұл 1930-1939 жж. аралығында дүниеге келгендер. Қазақтардың әсіресе, 1933-1939 жж. аралығындағы табиғи өсімі басым болды. 30-39 жастағылар арасындағы ер-азаматтар түгелдей дерлік және әйелдердің басым бөлігі (955 және 833) некеде болды. Бұл 1920-1929 жж. дүниеге келгендер. Яғни аштық пен жұттан кейінгі 1923-1924 жж. туылғандар қатары. Бұл топтағы ер-азаматтар соғыс майдангерлері және зардабын көргендер. 1959 жылғы санақ бойынша 20-39 жас аралығындағы әйелдер үшін бірінші немесе қайта некелесу кезеңіне келеді. Некелесуді кейінге қалдыру (20-23 жас аралығындағылар - оқуына, тұрмыс, отбасылық, материалдық жағдайына қатысты) немесе қайта неке құрмаған: ажырасқандар, жесірлер және көп балалы аналар. Келесі 40-49 жас аралығында алдағы жас ерекшелігіндегі топтарға қарағанда ер-азаматтар арасындағы некелесудің артуы мен әйелдер арасында төмендеуі. 40-49 жастағы әйелдер фертильді жастан шығады. Бұл жаста алғашқы неке туралы айта алмаймыз, ал ажырасқандардың некелесуі өте сирек. 1959 жылғы санақ қорытындысы ер-азаматтар арасындағы ажырасулар мен балалы-шағалы болса да қайта некелесу үрдісін дәйектеді. Мұндай үрдіс ер-азаматтардың қуатты жастағылар санының кемуі немесе жетіспеушілігінен де болды.

1970 жылы 1959 жылмен салыстырғанда қазақтар арасындағы некелесу деңгейі төмендеді. 16 жастан жоғары жастағылар 683 ер-азаматты және 602 әйелді құрады. Некедегі ерлер үлесі азайды. 1970 жылдан бастап ата-аналардың (1946-1950жж туылғандар) «жаңа толқыны» құрылды. 1970 жылы 16-25 жас аралығында некелесу үлесі азайса, 30-39 жас аралығындағылар ер-азаматтар 33 адамға қысқарса, әйелдер арасында 32 адамға көтерілді. 40-49 жас аралығында, ер-азаматтар 17 адамға қысқарса, әйелдер 116 адамға өсім берді. 50-59 жастағылар арасында осылайша қарқын ала, 60 және одан жоғары жастағылар ішінде ер-азаматтар 33 адамға кеміді, әйелдер 39 адамға некелесу саны көбейген [7, 387]. 1959 жылы тұрғындар ішінде орыстардың некелесу көрсеткіші қазақтарға қарағанда төмен болса, 1970 жылы керісінше, 1000 адамға есептегенде орыстардың қазақтарға қарағанда некелесуі ер-азаматтар 22 адамға, әйелдер бойынша 18 адамға артық. Әсіресе 16-19 жас аралығындағы некелесу бойынша ер-азаматтар 13, әйелдер – 2 адамға жоғары, 20-29 жас аралығындағыларда ер-азаматтар 37, әйелдер – 40 адамға жоғары; 30-39 жас аралығындағыларда ер-азаматтар – 15-ке, әйелдер – 46 адам

төмен, 40-49 жас аралығында ер-азаматтар – 16, әйелдер – 44 адамға төмен, 50-59 жас аралығындағылар 7 және 57 төмен, ал 60 және одан да жоғары жастағы қазақтар мен орыстардың ер-азаматтарының некелесу көрсеткіші бірдей, әйелдер орыстар қазақтарға қарағанда 27 адамға төмен. Орыстардың некелесу көрсеткішінің жоғарлылығы 16-19 жастағы, 20-29 жастағылар (ер-азаматтар бойынша) есебінен және республикадан тыс көші-қон әсерінен артқан. Сонымен қатар завод, құрылыс, ауыл шаруашылық жұмыстарына жұмысшылар мен қызметкерлерде республикадан тыс жерлерден тартылғандықтан, олардың саны 1963 жылы 150 мың адамнан, 1966 жылы – 205 мың адамға өсті. Бұл да орыстар арасындағы некелесу көрсеткішінің жоғарлауына негіз болды. 1970 жылы республика бойынша отбасында орта есеппен 4,3 адамды құрады. Отбасыларының үштен екі бөлігі – 2-4 адамды құрады, жалпы отбасыларының төрттен үші бір ұлт өкілдерінен (2-5 отбасы мүшелерінен) құралды. Ал 10 және одан да көп адамнан тұратын отбасылар – 2,3 пайызын құрады [8, 286-287]. Орыстар мен украиндықтар отбасылары қалалық жерлерде басым болғандықтан, отбасы мүшелері 2-4 адамды құраса, өзбек және қазақ отбасылары ауылдық жерлерде басымдық беруімен көп балалы отбасы бағытын сақтады. Республиканың ауылдық жерлердегі 10 және одан да көп балалы отбасылар үлесі – 3,5 пайызды құраса, ал ауылдық жерлердегі жалпы қазақ отбасыларының ішінде 10 және одан да көп балалы отбасылар үлесі – 5,6 пайызын құраса, 1970 жылы ауылдық жерлердегі 2-4 балалы орыс отбасылар үштен екі бөлігін құрап, 10 және одан көп балалылар үлесі 0,3 пайызын құрады. Ауылдағы қазақ отбасылары 10 және одан да көп балалы отбасыларының бестен төрт бөлігін құраса, мұндай отбасылардың ауылдық жердегі басқа ұлттардың үлесі: орыстар – 2,4, украиндар – 0,4, татар – 0,2, өзбектер – 4,6, белорустар – 0,02%. 1970 жылғы санақ бойынша жалпы тұрақты тұрғындар саны – 13 009 адамды құраса (12 594 мың адам отбасы мүшелері), оның ішінде жалғыз бастылары – 416 мың адамды құрады (20 жасқа дейінгілер – 21,9% студенттер, 20-29 жас аралығындағылар – 25,5%, 30-39 жас – 10,3%, 40-49 жас – 8,8%, 50-54 жас – 5,2%, 55-59 жас – 8%, 60 және одан жоғары – 20,3%) [9]. 1989 жылы 65 және одан жоғарыдағылар үлесі жалпы тұрғындар санының – 5,6%, ал 1999 жылы – 6,7% құрады, ауылдық тұрғындар арасында тиісінше, 5,1% және 5,7%, 6,9% өскен. Бұл 90-жылдары еңбекке қабілетті жастағылардың республикадан сыртқа көші-қоны, жасы келген қарттар есебінен кәрілену үрдісі көрініс бере бастады.

1970 жылы отбасынан жеке тұрған 20-29 жас аралығындағылар ішінде ер-азаматтар үлесі – 43,6 % (әйелдер – 25,9%) құрады. Бұл жастағы жастар құрылыс, рудниктер, шахталар, мұнай өндірісі, завод, фабрика жұмыстарына орналасуларына байланысты тұрған жерлерінен қоныс аударды. Жалғызбастылар құрамына отбасынан ажырасқандар, немесе жесірлер және т.б. құрады. Жалпы жалғызбастылар категориясы бойынша 40-49 жас аралығындағы ер-азаматтар (6,8) үлесі, әйелдерге (10%) қарағанда кеміді. Зейнетақы жасына жақындағаннан бастап, 60 және одан жоғары жастағылар арасында ер-азаматтарға (5,9%) қарағанда, жалғызбасты-әйелдер (29,3%) үлесі өсті [1, 162]. Жалғыздыққа негіз болған – соғыстың әсері, өлім-жітім, 1960 жылдың соңы мен 1970 жылдың басындағы отбасындағы ажырасулар, ер-азаматтар өлім-жітімінің жасөспірім кезіндегі экзогендік себептері – жарақат алу, көлік апаттары және т.б. Республика бойынша 2792 мың отбасының құрылымында: бір отбасы балаларымен, ата-аналарымен немесе ата-анасының біреуімен, басқа да туыс-туғандарымен (499 мың отбасы-17,9%) тұрғандарды құраса, екі немесе одан да көп отбасы бір жерде балаларымен немесе баласыз ата-аналарының бірімен, басқа да отбасыларымен – 104 мың (3,7%); ал балалары аналарымен (әкелерімен) тұрған – 302 мың (10,8); аналары (әкелері) балаларымен, ата-анасының бірімен, басқа да туыстарымен тұрғандар – 91 мың (36 %); басқа да отбасылар – 43 мың (1,6%) құрады [1, 159]. 1978 жылы Қазақстандағы некелескен қазақ жігіттерінің 5,8 пайызы, қыздардың 3,3 пайызы, ал 1988 жылы жігіттердің 4,3 пайызы, қыздардың 3,5 пайызы өзге ұлт өкілдерімен отбасын құрған. Осы жылдары Кеңес одағы деңгейінде, қазақтың 36,6 пайызы орыспен, 22,1 пайызы татармен, 8,7 пайызы өзбекпен, 5,0 пайызы қарақалпақпен, 4,8 пайызы қырғызбен отбасын құрған [10].

КСРО бойынша бір отбасында үш ұрпақтың үйлесім табуы (ерлі-зайыптылардың ата-анасы, ерлі-зайыптылар, балалары) Қазақстан тұрғындары басымдық алса, одақ бойынша ата-аналары ерлі-зайыптылардан бөлек тұратындар үлесі аз болды. Қазақстан бойынша отбасында бірнеше ұрпақ өкілі тұратын ауылдық отбасылар үлесі – 23,9% құрады. Сол сияқты жалғыз басты отбасылар қалалық жерлерге қарағанда ауылдық жерде сирек болды. Республика бойынша қазақ әйелдері іліктілігінің – бала туғыштығының жас бойынша өзгеруі (1000 әйелге шаққанда бір жасқа толмаған нәрестелер саны) [11, 123],

Табиғи өсім. 1958-1992 жылдар аралығында қазақ әйелдерінің нәресте көтеру қабілеті екі есе азайған (әсіресе 30 жастан асқандар). Олардың табиғи, физиологиялық нәрестелі болу мүмкіншілігінің

жартысын ғана жүзеге асырған. 1991 жылы қазақ әйелдері 204 мың бала дүниеге әкелген болса, 100 мыңы түсік тастаған, 50 мыңы сақина қойғызған. Демек жыл сайыын 115-125 мың бала санын жасанды түрде шектеуге жол берілген. Республика тұрғындарын 1990 жылы жалғыз басты ер-азаматтардан 7-8 есе көп, 842 мың жесір әйел құраған. Ажырасқан әйелдер еркектерге қарағанда екі есе басым және олардың саны 364 мың адамды құраған. 25-45 жас аралығындағы некеге тұрмаған әйелдер саны – 185 мыңды (мұның 88 мыңы қазақ әйелдері) құраған [11, 124].

1989-1999жж. аралығында әлеуметтік-экономикалық, демографиялық факторлар әсері 0-9 жас аралығындағы балалар үлесі кемуімен (1989ж-22,1%, 1999ж.-17,8%), 15-29 жас аралығындағылардың біршама өсімімен сипатталады. 1989 жылы ер-азаматтар саны 1000 әйелге шаққанда 939, ал 1999жылы – 929 ер-азаматты құрады. Олардың қалалық жерлердегі үлесі тиісінше, 47,5% және 46,8% құраса, ауылдық жерде 49,6% және 49,9% құрады. 1989 жылғы санақ бойынша жалпы тұрғындар құрамында ер-азаматтар мен әйелдердің ара салмағы этникалық топтар бойынша: қазақтар арасында тиісінше, 49,4 және 50,6%; орыстар 47,1 және 52,9% (1999ж.- 45,7 және 54,3%); украиндықтар 46,6 және 53,4%; өзбектер 50,3 және 49,7%; немістер 47,6 және 52,4%; татарлар 45,7 және 54,3%; ұйғырлар 50-50%; белорустар 47,4 және 52,6%; кәрістер 48,7 және 51,3% және басқалар. Жоғарыдағы көрсеткіштер арқылы әйелдер санының басым болу үрдісі байқалады.

1989 жылғы санақ бойынша 40-59 жас аралығындағы 1000 ер-азаматқа, тиісінше 1098 әйел санын құраған. Тұрғындар құрамында жастар (15-29 жас) үлесі басым бола бастады. 1999-2004 жылдар аралығында оның жалпы саны 383 мың адамға (10,1%) өсті. 20-29 жастағылар 1989 жылы ауыл тұрғындарының 17%-ын құрады. Тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру кезеңіндегі ішкі және сыртқы көші-қонға белсенді қатынасқан да 20-39 жастағы (білімі мен біліктілігін көтеру, жұмысқа орналасу, жалақысы жоғары жұмыс іздеу мақсатында) еліміздің тұрғындары. Қазақстандағы тұрғындар 1926-1980 жылдар аралығында солтүстік және солтүстік шығыстан оңтүстік облыстарға көшсе, 1980 жылдардың басынан бастап оңтүстіктен солтүстік облыстарға көше бастайды. Экологиялық апат аймақтарында, мәселен Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Семей, Шығыс Қазақстанның кейбір аудандары тұрғындарының қоныс аударуына байланысты келешегі жоқ ауыл-мекендер пайда болды. Орман, өзендерге қауіп төніп, өзен, теңіз

сулары деңгейі төмендеп, құстардың түрлері азайды. Әсіресе Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарының тұрғындарының аймақтан жаппай көшуі үрдіс алды [12, 102]. 1989 жылғы санақ қорытындысы бойынша [13, 14] Семей полигоны маңындағы Абай ауданында бір пайыз да тұрғындар өсімі болмаған. Әмударияның ең төменгі сағасында 400 мың, Сырдың бойында 500 мың, Арал маңында 100 мың, басы-аяғы 1 миллиондай халық экологиялық зардапқа душар болды.

Қорытынды. 1959-1989 жылдар арасындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық жағдайына жасалған зерделеу жұмыстары келешектегі демографиялық келеңсіздіктерді болдырмау жолдарын нақты айғақтайды. Негізгі әсер етуші факторлар - жұмыссыздықтың өсуі, тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, дәстүрлі отбасылық құндылықтардың сақталмауымен және экологиялық зардаптар арқылы түсіндіріледі.

Келеңсіздіктің алдын алу:

- Мемлекет тарапынан жүргізілетін әлеуметтік тұрақтандыру шаралары жөніндегі ақпараттық насихаттың жеткілікті және жеткіліксіздігі ауылдық, аймақтық, орталықтағы құзырлы органдардың жұмыстарының нәтижесін көрсетеді;

- Жұмыссыздықтың алдын алу мақсатында ауылдық, аудандық, облыстық, қалалық жерлердегі жауапты әлеуметтік мекемелердің құзырлы органдары кәметке толған жастардың, еңбекке қабілетті зейнет жасындағылармен, мамандығы жоқтар, мамандығы бар болғанмен қоғамдағы орнын таба алмай жүргендер қатарын айқындау, керек болған жағдайда күнделікті мониторинг жүргізілуі тиіс. Сыбайластық пен жемқорлықтың алдын алу. Адами құндылықтарды бағаламай, елдің адам капиталы қоры қалыптаса алмайды;

- Отбасылық құндылық – отбасынан басталады. Жасөспірімнің патриоттық рухы ата-ана тәрбиесіне тікелей байланысты. Ата-ананың жүріс-тұрысымен ұрпағының болашақ бағыты айғақталады. Рухани дән себе алғандар ұрпағы рухты, материалдық дүниені басымдыққа қойғандар, ұрпақтар сабақтастығында жаһандық келеңсіздіктер шырғауында кетуі де мүмкін. Ендеше нарық жағдайындағы экономикалық қатынастарды есепке ала рухани жетістіктер мен жаһандық даму технологиясының ұтымды тұстарын ұрпағына сіңірте алғандар болашағы жарқын болмақ.

- Өткен кезеңдердегі экологиялық зардаптардан алған тарихи тағылым - жеке адамның өзінің танымдық, өзгелермен ара қатынас, салауаттылық экологиясына мән беруін алға қойып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата, «Ғылым», 1991. – 192 стр.
2. Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 г. – М., 1973. – Т.4.
3. Народное хозяйство Казахской ССР в 1960 и 1961 гг. (Стат.сб.). – Алма-Ата, 1963. – С.16-19; Казахстан за 40 лет: (Стат.сб.). – Алма-Ата, 1960. – С. 10-11; Народное хозяйство Казахской ССР в 1981 году: (Стат. ежегодник). – Алма-Ата, 1982. – С. 10.
4. Татимов М.Б. Развитие народонаселения и демографическая политика: (Социально-философские аспекты системного изучения и комплексной разработки). – Алма-Ата, 1978. – С. 132.
5. Народное хозяйство Казахстана в 1981г.: (Стат.ежегодник). – Алма-Ата, 1982. – С.9.
6. Жумасултанов Т.Ж. Народ Казахстана: современное состояние народонаселения в Республике Казахстан. – Алматы, ТОО «Классика», 2005. –104 стр.
7. Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 г. – М., 1973. – Т.4.
8. Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 г. – М., 1974. – Т.4
9. Роганова Т.Н. Число и состав семей в СССР// Всесоюзная перепись населения 1970 года: (Сб.ст.) / Под ред. Г.М. Максимова. – М., 1979. – С. 261.
10. Ғали Ә. Ұлтымыздың демографиялық үрдістері // «Қазақ әдебиеті». – 18 наурыз 1994 жыл.
11. Тәтімов М. Қазақ әлемі. – Алматы. «Атамұра-Қазақстан», 1993. –160 бет.
12. Козина В.В. Демографические процессы современного Казахстана. – Алматы : Атамұра, 1995. – С. 14.
13. Тәтімов М. Қазақтың саны қанша? – Алматы. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы, 1991ж., –15 бет.

Қазақ хандығы астанасынан шыққан ойшыл Хусаммеддин ас-Сығанақидың дүниетанымы

Гүлнар Омарова,
философия ғылымдарының кандидаты

Казіргі кезде ұлттық құндылықтарымызды байыта түскен «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы және шетелден әкелінген архив материалдары арқылы бұрын белгісіз болып келген қазақ халқының рухани дүниесіне қатысты мәліметтер халқымыздың мәдени-тарихи болмысын толыққанды зерделеуге үлкен мүмкіндіктер туғызып отыр. Негізінен соңғы кездерге дейін отандық ғалымдарға есімдері белгісіз болып келген, ертедегі қазақ жерінен шыққан ойшылдардың тұлғалық болмысы қазіргі кезде терең зерттеу нысанына айнала бастады. Ә. Дербісәлінің пайымдауынша ертедегі Фараб жерінен шыққан Әбу Насыр әл Фарабиден басқа бүгінгі күні бізге белгісіз он әл Фараби, үш Сайрами, жеті Түкістани, бес Женди, екі Баршынкенти (Баршынлығы), екі Сығнақи, екі Баласағұни, үш Тарази, үш Кердери, Қыпшақи, Дулати, екі Жалайыри, Наймани, Қоңыратли, Қазақи т.б. көптеген ғалымдарға белгісіз тұлғалардың есімдері белгілі болып отыр. Бұл ойшылдардың қазақ жеріндегі ертедегі қалалардан шыққандығын олардың есімдерінен-ақ байқауға болады.

Еуроодақтық көзқарастар мен Кеңестік жүйе әсерінен кезінде ертедегі қазақ жерінен шыққан ойшылдар мен түркі әлемі ойшылдары жасаған рухани құндылықтарға елімізде ұзақ уақыт бойы терең назар аударылмай келді. Түркі әлемінің тарихи-мәдени мұраларын зерделеген А. Вамбери, В. Радлов, Н. Катанов, Г. Рам-

стедт, М. Рясенен, А. Дилачар, К. Менгес, В. Томсен, Н. Ядринцев т.б. түркітанушылардың ғылыми тұжырымдары түркі әлемінің асыл қазына мұралары мен рухани құндылықтарына деген қызығушылық туғызып қана қоймай, шетелдік ғылымда түркі әлеміне деген жаңа көзқарастар қалыптастырды. Сондықтан батыс ғалымдары да ғылымдағы бұл көзқарастармен санасуға мәжбүр болды. Кеңес кезінде түбі бір түркі халықтарының ортақ дәстүр жалғастығы мен әлеуметтік-мәдени дамуы біртұтастықта зерделенбеуі оларды бір-бірінен алшақтата түсті. Кеңес кезінде «этникалық Отан» - қоғамында орын алған құндылықтарға сәйкес, ұлт адамдарының іс-әрекеті қадағаланатындықтан сол кездегі саяси идеологияға сәйкестену керек еді. Кеңес қоғамындағы өмірдің шын мәніндегі ақиқаттан алшақ дүниелер көрініс беріп тұратын шектеулі ой-сана адамдардың жаттануына әкелген құбылыстарды тоталитарлық жүйенің әкімшілік-әміршілдік саясатынан байқаймыз. Кеңес қоғамының шындығы өз елінен қоныс аударып кеткен Н. Бердяев, И. Бунин, П. Сорокин, Г. Федотов, М. Шоқай, Р. Мәрсекөв, Зият Шәкәрімұлы т.б. еркін ойлы тұлғалардың дүниетанымында көрініс берді. Кеңес адамына ақиқаттан алшақ жатқан қапастағы шындықты түсінуге де еркін ой мен іс-әрекет керек еді. Осы құбылыстар КСРО-дан шетелдерге қоныс аударып кеткен орыс зиялылары тарапынан дүние жүзіне тараған миллиондаған бұрынғы Кеңес азаматтарының рухани дүниесінде, шет елдік басылымдарда Кеңес еліндегі нигилистік, қолдан жасалған бейсаналық саяси идеология терең көрініс берді. Кеңес Одағының ыдырауымен бұрынғы құндылықтар жойылған соң, КСРО-ғы ұлттар мен ұлыстар тәуелсіздігін алған Достастық елдерінде «кірме» этностар қатарына еніп, ұлттық өзіндік санасын айқын сезініп, өздерін рухани жағынан айқындау жолындағы таңдаудың алдында тұрды. Сөйтіп, жаңадан құрылған Достастық елдерінде олар өзін ұлт ретінде жаңадан құру, жаңа ұлттық құндылықтарды жасау - әлемге өзін өзі жаңаша таныту проблемасы туындады.

И.Л. Зубова, Г. Нэш, Д. Тош, Л.П. Репин, А. Филюшкин т.б. көптеген жылдарға созылған әлемдегі тарихи сананың бірнеше жылдар бойы бір арнадан шыға алмай, тоқырауға тап болғанын атап көрсетті [1, 343]. . Елімізде сынға алулар О.Сүлейменов, соңғы кездері М.Тажин т.б. тарапынан да орын алғандығы белгілі. Мәселен, еуроодақтық көзқарастар бойынша тұратын мекені жоқ көшпелі, жабайы, жаулаушы деген көзқарастарға байланысты еліміз егемендігін алуымен және «мәдени мұра» бағдарламасы арқылы табылған мәдени тари-

хи деректер бойынша Кеңестік, Еуроодақтық көзқараста зерделенген пайымдауларға отандық ғалымдар тарапынан тойтарыс беріле бастауы, сананың отарсыздануы ұлттық болмысымызды қайта ой елегінен өткізіп, толықтыруға зор мүмкіндіктер туғызды.

С. Нұрмұратов қазақтың сан ғасырлық дүниетанымы, рухани мәдениеті сыңаржақты түсіндіріліп келгенін айта келіп, «көшпенділіктің тарихтағы рөлін кемсітіп қарастыратын еуропалық үстемдік көзқарастар басым болды. Мұндай теориялық және методологиялық негіздер зерттеулерді жалған бағытқа бұрып, оның төл ұлттық болмыстан арасын ажыратып жіберді, халықтың болмысындағы ұлттық идеяның мағынасы көмескіленді» дейді [2, 343]. Г. Нұрышева «Шығыста философиялық ойлаудың Европадағыдай кәсіптік типі болған жоқ. Шығыс ойшылдары философиялық пайымдаудың философиялық емес түріне көбірек жүгінді, өздерінің философиялық ойларын көркемдік, діни туындыларда өзіндік философиялық категориялар мен ұғымдар арқылы баяндады. Шығыс философиясын түсіну үшін осы дүниетанымдық... философиялық ой-пікірлерді бөліп шығара білу қажет. Еуропалықтар бұл ерекшеліктерді түсіне алмады» - дейді [3, 38]. Әрбір ұлттың өз әлеуметтік мәдени даму заңдылықтары бар. Қазақ өмір салтының мәнін білдіретін «көшпелі» ұғымы олардың қыстаудан жайлауға көшіп жүруіне қатысты қалыптасты, бұл құбылыс жалпы қазақтың жалқы ерекше бітім болмысын білдіреді. У. Шалекенов қазақ халқын тек көшпенді деген пайымдардың өрескел екенін, монғол шапқыншылығына дейін ертедегі Қазақстанда өркениеттіліктің терең көрініс беруі ертедегі қала мәдениетінің дамуынан байқалатындығын айтса, Ә. Ғали жаздау, қыстау дегенді, басқа ел көшіп жүр – деп есептейтіндігін, қазақтарда көшпелі өмір салтымен қоса қала мәдениеті қабысып, дала мәдениетін дамытқандығы жайында айтқан пайымдарының сыры тереңде.

Академик Ж. Әбділдин әлеуметтік қызметте белгілі заңдылық өмір сүретінін айтқанда қоғамның даму заңы адамнан тыс көрініс беретінін, адамдар өндіріс жүйесін дамытып, өзіне тән дәстүрлі тәсіл, еңбек құралдарын жетілдіріп қана қоймай, осы арқылы адамның мінезі, өмір салты анықталатынын айта келіп: «Адам еркіндігі, белсенділігі, оның қызметінің шығармашылық сипаты тек табиғат заттарының мақсатқа сай өзгеруінде, тікелей өндірістік әрекеттерден ғана емес, сонымен қатар өзінің шығармашылық және қоғамдық қатынастарының өзгерістерінен көрініс табады» [1, 121] дейді. Қазақ өз табиғи даму заңдылықтарына сәйкестендіре отырып,

өзіне тән шығармашылық тәсілдері мен білім көздерін дамытуы арқылы ұлттың ерекше тыныс тіршілігінің бастау жүйесінен ұлттың өзіндік санасы, салт дәстүрлері, мәдениеті қалыптасты. Қазақтың өзіне тән шаруашылық түрлерін дамытуы барысында ұлтымыздың тыныс тіршілігінің айнасы болған қайнар көздер жүйесі қалыптасып шықты. Дж.П. Мердок мәдениет үйретумен берілетін, тәрбиемен сіңетін, әлеуметті, идеационды, қанағаттандыратын, интегративті екендігін көрсетсе, Т. Ғабитов «мәдениет» - сөзі білім беру, даму, қабілеттілік, құрметтеу секілді мағыналарға ие болғандығын айта келіп, мәдениет: 1. белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; 2. адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері 3. адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.); 4. агромәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет т.б.) дейді [1, 65].

Кеңес Одағы тұсында Қазақ халқын ертеден мәдениеті дамыған ел етіп көрсету, сауда мен мәдениет орталығы болған Сығанақ т.б. ертедегі қалалар жайында сөз қозғау ол кездегі саясатқа жат болатын. Дегенмен, В. Бартольд, В.Я. Владимирцов, Л. Гумилев т.б. көшпелілердің мемлекеттігі концепциясында: «Көшпенділер үшін мемлекеттілік қоғам дамуының ішкі сұраныстарынан туды. Көшпенділердің отырықшы көршілермен терезесі тең қатынаста болып, өзін сақтап қалу жолында күресі мен қоғамның ішкі қайшылықтарын реттеу қажеттілігі олардың мемлекеттігін тудырды деген қорытындыға келді» [1, 48]. Арғықазақтар құрған ұлы Ғұн империясы, Үйсін мемлекеті, Қаңлы мемлекеті, Түрік мемлекеті (Батыс, Шығыс Түрік қағанаттары), Қыпшақ мемлекеті, Найман хандығы т.б. қуатты мемлекеттердің салтанат құруы қазіргі Қазақ мемлекеттілігінің үзілмей дамып отырған мемлекеттіліктің қайнар бастауына түп негіз қалады. «Осылардың барлығы қазақ даласындағы мемлекеттіліктің үрдістік жалғасын көрсетті» [1, 32]. Ертедегі қазақтың (арғықазақтардың) классикалық мемлекеттері тұсында қалыптасқан дәстүрлі мәдениет негізінде қазіргі қазақ халқының түп негізі қаланып, қазақ халқының ұлттық менталитеті мен дүниетанымы, рухани құндылықтар жүйесі қалыптасты. С. Нұрмұратов: «Қазақ халқының философиялық ойлау дәстүрінің... алғашқы кезеңіне түркілік дәуірдің философиялық құрылымдары жатады» [2, 343] десе, Ә. Нысанбаев бұрын айтуға болмайтын түркі философиясын зерттеудің өзгерген тарихи кезеңге байланысты жаңа методологиясын қалыптастыру, олардың ұлттық ерекшеліктеріне

қарай ұстанымы, өмір салты алуан түрлі болғанмен, бұл халықтардың генетикалық туыскандық тұрғысынан туындайтын жалпы ортақ ерекшелігі бар болғандықтан түркі мәдениеттерінің ортақ кеңістігін қалыптастыруда түркі философиясының өзектілігі арта түсетініне назарымызды аударды [5, 337]. І. Ерғали түркілік дүниетанымның негізгі принципі адам мен әлемнің біртұтастығы деп есептейді. С. Ақатай Қорқыт түркі халықтарына ортақ... жалпы түркілік прогресс идеясына Қорқыт ілімінің терең ықпалы болғандығына тоқталды [4, 9-10]. Түркі әлемінің әдеби-мәдени асыл қазына мұралары Б. Кенжебаев, Қ. Өмірәлиев, , Ә. Қоңыратбаев, А. Аманжолов, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, М. Жолдасбеков т.б. еңбектерінде айшықталды.

Соңғы кездері отандық ғалымдар Араб, Түркия т.б. елдерден әкелінген тарихи мұраларға сүйене отырып ертедегі қазақ жерінен шыққан тұлғалардың тұлғалық болмысы мен олар жасаған рухани құндылықтарды зерделеп, назарымызға ұсына бастады. Аталған тұлғалардың басым көпшілігінің дүниетанымы осы күнге дейін толық айшықтала қойған жоқ. Аталған ойшылдардың тұлғалық болмысы мен дүниетанымы жайындағы жазба мәліметтердің аздығы мен олардың туындыларының араб және т.б. тілдерден қазақ тіліне аударылмауына байланысты аталған ойшылдардың болғандығына күмәнмен қаралып келгені белгілі.

Бүгінгі күні Хусам ад-Дин ас-Сығанақи дүниетанымын зерттеуші отандық ғалымдар профессор Ә. Дербісәлі, академиктер С. Сартаев, Ә. Нысанбаев және профессорлар З. Қинаятұлы, К. Шәмшиддин, Ә. Момынов, Д. Кенжетай т.б. секілді ғалымдарымыздың көзқарастарының кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, зерделеу қорытындылары көрсетіп отырғандай Хусамеддин ас-Сығнақи ертедегі алғашқы қазақ мемлекетінің, қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ қаласынан шыққан қазақ ойшылы екендігі айқындалды. Қазақ хандығы астанасынан шыққан ойшыл ас-Сығнақидың дүниетанымын араб, түрік тілінен аударылған жазба архив материалдары мен тарихи деректерге сүйене отырып айқындаған аталған отандық ғалымдарымыздың зерделеу қорытындылары елімізде Хусамиддин ас-Сығанақи дүниетанымы мен оның рухани дүниесін терең зерделеуге жол ашты.

Ғалымдар Һисамиддин Сунақ Атамен есімі қатар аталып жүрген Хусам ад-Диннің кім екені жайында ұзақ уақыт бойы мәліметтер болмағандықтан бұл екі тұлғаны не байланыстырады? немесе бұл бір адамның есімі ме? деген таңданысқа толы көзқарастарда жүргендігі белгілі. Академик С.Сартаев Һисамиддин Сунақ-

Атаның өз кіндігінен тараған немересі әл-Хусейн бин Әли Қожа бин Хусамиддин ас-Сығанақи [6, 5] екендігін айта келіп, Һисамиддин Сунақ-Ата Қожа Ахмет Яссауидің имамы болған, оның ата тегі арабтың бірінші халифі Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтындығын сол ғасыр дін басылары мөр басып куәландырған. Әбу Бәкір ас-Сыддықтаның 16-шы ұрпағы имам Аллама (Ғұлама) Һисамиддин Сунақ-Ата – дейді [6, 5]. Бірақ, Ә. Дербісәлі кейбір ғалымдар Хусам ад-Дин ас-Сығанақидің арғы тегін хазіреті Әлиден бастаса, кейбір ғалымдар оның тегін Әбу Бәкір Сыддықпен байланыстырады [7, 13] дегеніне қарағанда, бұл мәселе әлі зерттеу нысанысында қалып отыр. Академик С.Сартаевтың пайымдауынша, бұл мәлімет Ш. Қарақожаұлының Хусамиддин ас-Сығанақи мұраларын іздеу жайындағы хатына байланысты сол кездегі ҚР Премьер-Министрі И. Тасмағамбетовтың тапсырмасымен Түркияның Стамбул, Өзбекстанның Ташкент, Ливанның Бейрут, Иранның Тегеран, Сауд Аравия, Мысыр т.б. елдерінен алынған мәліметтер бойынша негізделген.

Ас-Сығнақи жайында ой өрбіту үшін ойшыл шыққан Сейхундария бойындағы ертедегі Сығанақ қаласына тоқталғанымыз жөн. З.Қинаятұлы: «Сығанақ Қазақтың алғашқы мемлекеті – Ақ Орданың астанасы болған... қала 982ж. түзілген «Худуд ал-Алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» («Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары») атты авторы белгісіз еңбекте «Сунах» атымен белгілі болды. Х ғ. аль-Мукаддаси Сығанақты Отырармен кіндігі бір егіз қала деп көрсеткен. «Сығанақ» - атауы ежелгі түрікше «қамал, қорған» деген мағынаны білдіреді. Мұсылман деректерінде Сығанақ «Дарь-уль-Куфр» немесе «дінсіздердің ордасы» атанып келді. Өйткені, Сығанақ XII ғ. басында әлі де мұсылман дінін қабылдай қоймаған, тәңірге табынған көшпенді қыпшақ хандығының шығыс астанасы болатын. Абдулла-намеде Сығанақ туралы «Ол ежелден бері қыпшақ (қазақ) хандарының астанасы» деп жазды [8, 90-91]. Сунақтар Сығанақтың ежелгі тұрғындары болып табылады, бірақ Ұлттық Энциклопедияда: «сунақтардың шығу тегі туралы әлі де ортақ пікір қалыптаспаған» [9, 78] делінсе, Ш. Қарақожаев Ж. Ержановтың «Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы», С. Құдияровтың «Сунақ шежіресі» еңбектеріне сүйене отырып сунақтардың арғы тегі арабтардан шыққандығын айтады [6, 29]. Сунақтар кезінде тарихтағы қожалар секілді араб жерінен дін жаюға келген екен. Сунақ жері кейін, Сығанақ деп, бұл жерден шыққандар Сунақи немесе Сығнақи деп жазылатын болған.

Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ қаласында қазақтың алғашқы құнды қағазы – ақша жасалып, шет елдермен сауда, мәдениетаралық байланыстар жасалып, өнер мен мәдениет гүлденген кезінде моңғол текетіресінен Сығанақ қиратылғандығы белгілі. З. Қинаятұлы Д. Оссон мен Жувейнидің «Жошы Сығанақта тірі жан қалдырмаған» деген көзқарастарына күмәнмен қарап: «егер тірі жан қалмаса Жошы Хасанның ұлын кімдерге басшы етіп Сығанақта қалдырды. Одан гөрі «көп адамды қырды» деген монғол тарихшысы А. Амардың пікірі сенімді» [8.91] деген пікірде қалды. Сығанақ қаласын «1867ж. П.Лерх, 1906-1907жж. И. Кастанье, 1947 ж. А. Бернштам зерттеді»[9, 123]. Сығанақ қаласы жайында «Худуд әл-Әлам мин әл-Машрик ила-л-Магриб», М.Қашқаридың («Түркі тілінің сөздігі»), Фазаллах ибн Рузбихан («Михман-наме Бұқар»), әл-Мукаддаси, армян тарихшысы Киракос Гандзакеци(ХІШғ.), В. Каллаур, В. Бартольд, А. Якубовский (1929 ж.), С. Толстов, С. Ахинжанов, Ә. Қоңыратбаев, К. Ақышев, К. Байпаков, С. Жолдасбай т.б. зерттеді.

Бүгінгі күні Хусам ад-Дин ас-Сығанақи дүниетанымын зерттеуші отандық ғалымдар Ә. Дербісәлі, академик Ә. Нысанбаев, З. Қинаятұлы, К. Шәмшиддин, Ә. Момынов, Д. Кенжетай т.б. зерделеу қорытындылары көрсетіп отырғандай Хусамеддин ас-Сығнақидың ертедегі алғашқы қазақ мемлекетінің астанасы Сығанақтан шыққан ойшыл «Нихая ілімі мен Хидая білімінің» авторы екендігі анықталды. З. Қинаятұлы мәліметтерінде – Шахрух шығармаларында Нихая ілімі мен Хидая білімінің Сығанақтан тарағаны көрсетіледі. Қазіргі Қызылорда облысы, Кеңес Одағына дейін Дінқорған, Кеңес Одағы орнауымен қазірге дейін Жаңақорған деп аталып кеткен өңірде орналасқан ертедегі Сығанақ қаласы ертеде сауда мен ірі мәдениет ошағына айналып, медреселерде алуан түрлі білімдермен бірге діни білім беру орталықтары жұмыс істеді.

Ә. Нысанбаев пен Д. Кенжетай туған жылы белгісіз Хусам ад-Дин ас-Сығанақидың - Сығанақ қаласында дүниеге келгенін, балалық шағынан бастап Сығанақ, Йасы, Исфиджаб қалаларында білім алғандығын, ислам ғұламалары Хафизуддин ал-Кабир Мухаммед ибн Мұхаммед ал-Бухариден, Фахруддин Мұхаммед бин Мұхаммед ал-Маймарғидан дәріс алған. Оның есімі тарихта «Нихаяның авторы(иесі)» ретінде танылған [10, 273-274] дейтін көзқарастарымен негізінен Ә.Дербісәлі, К.Шәмшиддин т.б. ғалымдардың көзқарасы үндеседі.

Ә. Дербісәлінің Хусам ад-Дин өз заманының озық ойшылдарымен көп араласып олардан үлкен үлгі өнеге алып, фикһ саласының

көрнекті өкілі, Құран білімдерін жетік меңгерген имам Хафиз ад-Дин ан-Насафи, Жалал ад-Дин ал-Мағшардан да білім алғандығын айтады. Ә.Дербісәлінің пайымдауынша, Хұсам ад-Дин ас-Сығанақи білімге құмар қарапайым жан-жақты, терең білімді әрі өлең шығаратын жан екен. Сонымен қатар Хұсам ад-Дин ас-Сығанақиды Құран Кәрім негіздері, фикһ ғылымы, тарих, лигвистика, медицина т.б. ғылым салалары қызықтырған. Ә.Дербісәлі ас-Сығанақи мұраларын зерделеген әл-Құрайши, әл-Айни, әл-Асқалани, ибн-Тагриберди, ас-Суйути, Ташкупризаде, Хвансари, әл-Кафауи, әл-Бағдади, К. Брокельман, Лакнауи әл-Һинди, А.Өзел т.б. араб, парсы, түрік, неміс авторларына сүйеніп, ойшыл есімін атауда бірізділік жоқ екенін айтады. Ә.Дербісәлі түрік ғалымы Ахмет Өзелдің «Ханафилік фикһ ғалымдары» еңбегінде ойшылдың есімі «Хұсам ад-Дин Хұсейн(Хасан) бин Әли бин Хажжас ас-Сығанақи» деп көрсетілгендіктен оның есімі - әл-Хұсейн, әкесі Әли, бабасы Хажжас» деп есептейді [7, 12-13].

Ә. Дербісәлі ас-Сығанақидың дүниетанымын жан-жақты зерделей келе ойшылдың есімі алдымен сол кездегі әйгілі «көрнекті ғалымдардың еңбектеріне түсіндірме жазумен шыққан деген тұжырым жасайды. Ә. Дербісәлінің байқауынша ойшыл ас-Сығанақи еңбектері негізінен әл-Матуриди ілімінің теориялық мәселелеріне арналған екен. Сонымен қатар Ә. Дербісәлі Хусам ад-Дин көзқарастарының қалыптасуына әл-Матуридидің «Китаб ат-Таухид», «Тауилат аһл ас-Суна» т.б. еңбектері және әл-Матуридидің шәкірттері ал-Лаис әл-Бухаридің «Усул ад-дин», ән-Нәсәфидің «Таудих әл-Адилла», ас-Сабунидің «Исмату-л анбиия» т.б. еңбектері үлкен әсер еткендігін айтады. Ас-Сығанақи шығармаларын зерделей келе Ә. Дербісәлі мен К. Шәмшиддин ас-Сығанақи өз заманының көрнекті ойшылдарының шығармаларына терең талдау жасап, өз көзқарасын білдірген және өзі әл-Матуриди ілімі негіздерін зерттеуші ғұлама, Ханафилік ғұлама ғалым дәрежесіне жеткен, фикһ, фикһ негіздері, ақида, грамматика мен морфологияны жүйелеуші көрнекті ойшыл екендігін айтады. Ә.Дербісәлі ас-Сығанақидың бір ғана «Ән-Ниһайя шарх әл-Һидаийа» 3 том, 10 кітаптан тұратын еңбегі оған үлкен атақ-даңқ әкелді» дейді [7,24].

Туған жерінен қоныс аударып араб елдеріне кеткен өз заманының ірі ойшылы Хусам ад-Дин өз дарындылығымен күллі араб ғалымдары назарын өзіне аударғандығын оның қазіргі кезде шет елдерден табылып отырған еңбектерінен байқаймыз. Хусам ад-Дин ас-Сығанақи дүниетанымын зерделеуге арналған қыруар ғылыми

мақалалар мен еңбектерден басқа тек Мысыр ғалымдары тарапынан ойшылдың дүниетанымы мен рухани құндылықтарын терең зерттеген 4 докторлық диссертация қоғалғаны анықталып отыр. Қазақ хандығы астанасы болған Сығанақ қаласын монғолдардың қырғындауынан өзі туылған өлкеден араб елдеріне қоныс аударған ас Сығанақидың мұралары араб ғалымдары М. Махбуз, Ата ас-Сынбати, М. Фуадтардың аудармаларымен қазіргі кезде Қазақ елі оқырмандарға танылды [11, 11-12].

Ә. Дербісәлі Хусам ад-Дин ас-Сығанақидың «Тасдид фи шарх ат-таухид» («Тахид түсіндірмесіндегі нысана»), «Әл-Кафи лима кассара анһу ал-уафи», «Әл-Мунтаһаб фи усул ал-мазһаб» («мазһабтың қайнар көзінің таңдамалысы»), «Ан-Ниһая» фи шарх ал-һидая» («Әл-Һидаяға» толық түсіндірме») Қазақстанға алдырылған шығармалары. Ал, Түркияда ойшылдың «Әл-Кафи фи шарх «Усули-л Фахри-л Ислам» («Ислам мақтанышы (Баздауидің) «Усуліне» жеткілікті түсіндірме»), «әл-Уәфи» фи шархи-л «мухтасар» («Мұхтасарға жан-жақты толық түсіндірме»), «әл-Муассал фи шархи «Муассал» (Әбу-л Қасым Змахшаридың) «Муфассаліне» байланысты түсіндірме»), «Ан-Нажах фи-т тасриф» («Морфологиялық жіктеулердегі жетістік») шығармалары бар екендігін айтады [7, 31]. Ә. Дербісәлі Хусам ад-Дин ас-Сығанақидыкі деп есептелетін шығармалар қатарында: «Кашф аз-Зұннүніне» арналған «Ауаил әл-бадағ», «Шарх Дамиға ал-мубтадиин уа насирату-л муһтадин», «Рисала манакиб Қожа Ахмет Йасауи» («Қожа Ахмет Йасауи өмірбаяны жайлы рисала») [7, 31] – дейтін шығармаларды атайды.

Ал, Ә.Нысанбаев пен Д.Кенжетай Хусам ад-Дин ас-Сығанақи артында 4 түсіндірме (комментарий), 3 трактат, яғни 7 кітап... калам(теология), наху (грамматика), сарф (морфология), тасавуф(суфизм) салаларында еңбектер қалдырғандығын [10, 275] атап көрсетеді. Ә.Нысанбаев пен Д.Кенжетай түрік ғалымдары мәлметтеріне сүйене отырып, Хусам ад-Диннің «Манакиб-и Ахмед-и Йасауи» трактаты Өзбекстан Ғылым Академиясы Шығыстану Институтының кітапханасында сақтаулы екендігін, «еңбек парсы тілінде жазылғаны... еңбекті Неждет Тосын XIII ғасырда жазған» деп есептейд [10, 275]. Сонымен қатар Ә. Нысанбаев пен Д. Кенжетай Хусам ад-Диннің аталған шығармасынан Қ.А. Йасауи өміріне, сол әлеуметтік мәдени орта, кеңістік пен уақыт, Йасауи білім алған ұстаздар жайлы маңызды мәлметтер алуға болатындығын айтады.

Қазіргі кезде шет тілінен аударылған мәдени мұралар ішінде Хусам ад-Дин ас-Сығанақидан басқа да ертедегі қазақ хандығы аста-

насы болған Сығанақ қаласынан шыққан басқа да ойшылдардың есімдері белгілі бола бастады. Жамал әл-Қарши «әл-Мулхақат би с-сурах» еңбегінде Тұғрыл ханның баласы «Сығанақтегінің есімін ерекше атайды» [12, 49]. Ә.Дербісәлі Жалал ад-Дин ас-Сығанақи, Дәруіш Әли ас-Сығанақи, Молла имам ас-Сығанақи, Шайдай шайқы ас-Сығанақи секілді тұлғалардың есімдерін араб деректеріне сүйене отырып анықтады [7, 39]. Жамал әл-Қаршидің «ал-Мүлхақат би с-сурах» еңбегі «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша парсы деректеріндегі қазақ тарихын зерделеу кезінде белгілі болды. Жамал әл-Қарши еңбектерінен: «Алмалық», «Сығанақ», «Сауран», «Талас» қалалары т.б. мәліметтер алынған [12, 48].

Белгілі орыс ғалымы А. Якубовский В. Каллаурдан 28 жыл кейін ертедегі Сығанақ орнын зерделеуге барғанда сол өңірдегі Сунақ Ата кесенесіне кез болған. А. Якубовский: «Каллаур суреттеп кеткен сағана (склеп) бар. Шырақшы бұл ғимаратты мешіт деп атайды» деп, шырақшы Қ. Татыбаевтың В. Каллаурды «Сұнақ Ата» – Алла Умей Хисамуддин Сахиби - Нихалдың» бейіті деп сендіруге тырысқанын, бірақ В. Каллаур бұл мәліметке сенбегенін айта келіп, «Алайда, Абдуллаһ ханның 1006-1598 жж. вакууфтық құжаттарда бұл жерде Абдул Хасан Зия-ад-Дин Сығнақи Шейхтың мазары болғандығы расталды; тағы да осы құжатта Өбейдулла - хан 1044-1634 жж. Абул-л-Хасан Зия-ад-Сахиби Нихал Сыгнақи есімін атайды. Сөз жоқ бұл В. Каллаурдың шырақшы аузынан естіген Хусам ад-Дин Сахиби Нихал Сыгнақидың нақ өзі» дейді [13, 103].

Дегенмен байқап отырғанымыздай, бұл деректерге де қарамастан осы уақытқа дейін ертедегі Сығанақтағы аталған бұл кесененің Хусам ад-Дин ас-Сығанақидыкі екендігіне күмәнмен қаралып келеді. Бұның себебі, А. Якубовскийдің «Хусам ад-Дин ас-Сығанақи 1310 ж. Халеп шаһарында өлген» [13, 103] деген пайымдауы болып табылады. Бірақ, А. Якубовскийдің өзі аталған еңбегінде тағы да күмәндана: «сағанасында моласы болмаса да, оның мұнда жерленгенін жоққа шығаратын негіз жоқ. Егер шағын жайды аты шулы Хусам-ад-Дин Сығанақидің бейіті үстіне тұрғызылған мазары десек, онда үлкен үйді(батыс) «ханақа», яғни шейх пен «монахтар» тұрған жер деп ұғынғанымыз жөн. Мұнда қасиетті бейітке зиарат жасай, шейхтың нақылын тыңдай келген жиһангездер тоқтайтын болған» дейді [13, 104].

А. Якубовскийдің бұл күмәндануынан оның өз сөзін қайталап келтіргеніміз жөн: «Сөз жоқ бұл В. Каллаурдың шырақшы аузынан естіген Хусам ад-Дин Сахиби Нихал Сыгнақидың нақ өзі» дейтін

пайымдауы дұрыс болуы ықтимал. Ә.Нысанбаев пен Д. Кенжетай «Имам Хусамеддин Хусайн Ибн Али Сығанаки (хижра жыл санауы бойынша 711/милады 1311ж.) қайтыс болған» деп А.Якубовский мен Ә.Дербісәлі көзқарастарымен келіспейді [10, 273]. Ә.Дербісәлі Хусам-ад-Дин Сығанакидың 1311ж. Дамаскіге оралып, Шам елінде сабақ беріп... әл-Адим үйінде қонақта болып, оның тілегімен «ан-Нихаяны» жазған... оның 1314 ж. Халабта дүниеден өткені айтылады. Осы мерзім дұрыс сияқты» дейді. Бірақ, Ә. Дербісәлі бұлайша пайымдағанмен, тағы да: «ол шынында да Халабта қайтыс болса, ол туралы араб шежірешілері ескертер еді. Әл-Мысри әл-Ханафи «ат-Табақат ас-Санийа фи тараджим әл-ханафиясында» Хусам ад-Дин Түркіменстанның Мары қаласында дүниеден өткендігін айтады. Бірақ, Мары мен Сығанақ арасы бірнеше күндік жол екенін ескерсек, оның Сығанаққа жетіп те қайтыс болуы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Сығанақ жұрты да Хусам-ад-Дин ас Сығанакидың өз туған жерінде көз жұмғанын... қайткен күнде шырақшы сөзінен алып В. Каллаур айтып отырған адам Хұсам ад-Дин «Сахиби «Нихая» («Нихаяның авторы») ас-Сығанаки» дейтін жорамал жасайды [7, 36-37]. Дегенмен, Ә.Дербісәлі: А. Якубовскийдің «Хусам-ад-Диннің 1310 ж. Халаб яки Марыда қайтыс болған» деген көзқарасына тағы да аялдап: «...лақап болар. Сонда Сунақ баба кесенесі қай Сығанақ перзентіне қойылған? Каллаурға айтқан Сығанақ шейхы Әбу-л Хасан Зия ад-Дин деген кім?» [7, 36-37] дейтін көзқараста қалды. Қазіргі Жаңақорғандағы (Сунақатадағы) кесене Хусам-ад-Дин ас Сығанакиға арналған ба? немесе оның атасы Нисамиддинге арналған ба? осы пікірлер айналасында әлі де пікірлер осы күнге дейін толастамай отырғандықтан, бұл мәселе терең зерделеуді қажет етіп отыр.

С. Жолдасбайұлы В. Бартольд тапқан Сығанақ туралы жазылған 4 жазба грамоталардың 3-шісі парсы тілінде, 1-ші, 2-ші 4-шісі түрік тілінде. Грамоталардың 3-шісінде: «түркілер деп отырықшыланған жергілікті қазақтар мен өзбектерді атаған. Құжатта жылжымайтын мүлік ретінде Алла-Умей Хисамутдин Сахиби (грамотада Абдул-Хасан Зийа-ад-Дин Шайхы Сыгнаки деп қате берілген) ханакасын мазарын ұстап отыру үшін Хисарчук деген жерді мәңгі бекітіп бергендігі ескертілген» дейді. С. Жолдасбайұлы да Сунақ-Атамен есімі қатар аталып жүрген Хусам ад Диннің кім екені туралы Ш. Қарақожаұлының [14, 32] мәліметтерін меңзейді. Сонымен қатар С. Жолдасбайұлы В. Бартольд 1902 ж. тапқан грамотасына... «Зия ад-Дин емес, Хусам ад-Дин деп түзету енгізген. Ал, Убайдулла ханның

1634 ж. берген құжатында Зия ад-Дин Сахиби Нихая Сығанақи деп берілген. Мұнда «ан-Нихая» авторы Хусам ад-Дин екені айқын көрінеді. Сондықтан бұл құжат (грамота) Хусам ад-Диннің мазарына қамқорлық көрсетіп отыру үшін берілген деген ой салады» дейді [15, 64].

С. Жолдасбайұлы: «сонда, сонау басқа жерде дүниеден өткен адамның мазары бұл жерде қандай сеніммен салынған... мүмкін ол басқа Хисамиддин шығар» [15, 64] дегеніне қарағанда және т.б. барлық ғалымдар да А. Якубовскийдің «Хусам-ад-Дин Сығанақидің 1310 ж. Халаб қаласында қайтыс болған» деген топшылауынан аса алмай отыр. Осы күнге дейін ертедегі Сығанақ жұртынан қалған ескі кесенені сол жергілікті Жаңақорған халқының ас-Сығанақидың кесенесі деуіне күмәнмен қаралып келгенмен, бұрынғыға қарағанда көзқарастар айқындала түсуде. Академик С.Сартаев сол өңірге барып жан жақты зерттеумен шектелмей, күллі араб жазбаларындағы мөрмен бекітілген құжаттарды тауып, араб тілінен аудартып, сол құжаттар бойынша ас-Сығанақидың Қазақстандағы тікелей ұрпағы болып табылатынын дәлелдеп, өз бабасына арнап ескерткіш орнатты. «Академик С.Сартаев Хусам ад-Дин ас-Сығанақидың ұрпағы... 2007ж. күзде... Жаңақорғанда Хусам ад-Динге ескерткіш қойғызды. Бірақ, ол бұл Хусам ад-Дин ас-Сығанақиға емес, одан жүз жылдай бұрын өмір сүрген оның бабасы Хисамиддин ас-Сығанақиге арналғанын, Жаңақорғандағы Сунақ Ата кесенесінің де Хисамиддиндікі екенін айтады» [7, 44]. Хусам ад-Дин ас-Сығанақидың тағы бір қазақстандық ұрпағы Ш.Қарақожаұлы «Сунақ – Ата (Хисамиддин)» еңбегінде әйгілі ойшыл Хусам ад-Дин шығармалары мен дүниетанымына тоқталып ойшыл еңбектерін шетелдерден жинау т.б. мәселелерді көтереді.

Арғықазақтар құрған қуатты мемлекеттер қазақ мемлекеттігінің қайнар бастауына түп негіз қалады, осы негізде құрылып, салтанат құрған ертедегі Сығанақ – Ақ Орда қазақ мемлекетінің алғашқы астанасынан бастап үзілмей дамып отырған заңды жалғасы бүгінгі Қазақ мемлекеті болып табылады. Сондықтан З. Қинаятұлының «Сығанақта археологиялық жұмысты жалғастырып, Сығанақты ашық музейге айналдырып, «Сығанақ қазақ мемлекетінің астанасы» деген монумент ескерткіш тұрғызылуы қажет екендігі жөнінде өз көзқарасын білдірді. Сонымен қатар ол: «Астананың жаңа райондарының бірін Сығанақ деп атап, Сыр бойындағы елді мекендердің біріне Сығанақ атын берсек тарих алдындағы борышымыздың өтелгені» [8, 94] дейді. Қазақ хандығының астанасы болған, ертедегі Сығанақ қаласын

Алғашқы Қазақ мемлекеттігінің бастауы болғандығын білдіретін тарихи кешен салынуы өз құндылықтарымызды жас ұрпақтың жадында сақтауға қызмет етері күмәнсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Омарова Г.С. Қазақ диаспорасы: философиялық талдаулар. Karatay KONYA / TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.» 2011. – 191.
2. Нұрмұратов С. Өркениетті қоғам және ұлттық идея//Қазіргі заманғы өркениет және ұлттық идея. – Алматы., 2008. – 482.
3. Нұрышева Г. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы.2001. – 240.
4. Ерғалиев І. Түркі философиясы ғалымдар назарында //Адам әлемі, №1, 1999.
5. Аюпов Н., Нысанбаев Ә. Түркі фәлсафасы және мәдениеттер мен өркениеттердің қазіргі заманғы сұхбаты // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Т.19. – Астана: «Аударма» 2006.
6. Қарақожаұлы Ш. Сунақ-Ата(Хисамиддин). – Алматы, 2003. –163. Қараңыз: Сартаев С. Хисамиддин (Сунақ-Ата) Ислам дүниесінің көрнекті ойшылы (тезисі) // Ислам – ынтымақ пен бірлік жолында. – Алматы, 2008. – 50-51бб.
7. Дербісәлі Ә. Исламтану және араб филологиясы// Ә.Дербісәлінің 60-жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. Том 2. – Алматы: «Нұр-Мүбарак». – 2011. 7-48бб.
8. Қинаятұлы З. Сығанақ алғашқы қазақ мемлекеті – Ақ Орданың астанасы // Отан тарихы, №3, 2008.
9. Сығанақ, Сунақ; Сунақ-Ата//Ұлттық Энциклопедия. – Т. 8. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 2007. – 701.
10. Нысанбаев Ә.Н., Кенжетай Д. Хусамеддин Сығанақи. Рисала Манакибу Қожа Ахмет Иассауи // «Мәдени мұра»: «Қазақ халқының философиялық мұрасы». – Астана: «Аударма» 2005. – 534
11. Керім Ш. Ас-Сығанақи – дінғұламасы //«Исламтану және арабтану филологиясы мәселелері (халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2002-2007) 2008.
12. Мырзабеков Б. Жамал әл Қаршиді білеміз бе?//Ақиқат. – №5, 2008. – 47-50б.
13. Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака. – Алматы, 2008. – С. 127.
14. Жолдасбайұлы С. Сығанақ туралы жазылған грамоталардың қаланың әлеуметтік-экономикалық және этникалық жағын зерттеу дерегі (XIX-XXII)// әл-Фараби атындағы ҚазҰҒҒалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конф. матер. 27ақпан, 2009 ж.
15. Жолдасбайұлы С. Сунақ Ата мешіті // Исламтану және араб филологиясы. – Том 7. – Алматы: «Нұр-Мүбарак», 2011.

Қытай каллиграфиясының даму тарихы

Мади НҰРСАИДОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
шығыстану факультеті,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы
Әлия АНИПИНА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
шығыстану факультеті,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы

Дәстүрлі қытай жазуының аса маңызды эстетикалық өлшемі – оның каллиграфиясымен байланыстылығы болып табылады. Нағыз шебер туындыға өз жанының, өз шеберлігінің барлық күшін салатындықтан, ежелгі дәуірлердің өзінде-ақ адамдар каллиграфияны «Көркемөнердің төресі» деп атаған.

Каллиграфия көбіне бейнелеу өнерінің көркемдік мәнерлілігін анықтайды, ол әрбір көркем жазу немесе жәй ғана қолтаңба түрінде автордың белгілі бір сипатын анықтап отырады. Иероглифтер тұрмыстық лексикада бір мәнге, ал каллиграфияда – неше түрлі философиялық астарлармен ұштасып терең мәнге ие болып отырады.

Каллиграфия өзінің рухы бойынша терең символды және тілі бойынша қысқа да нұсқа болып келеді.

Каллиграфияда сөздің мағынасы және оның қалай жазылғандығы маңызды орын алады. Каллиграфияның ең ежелгі үлгісі болып бал ашатын сүйектерге және тасбақа сауыттарында жазып сызылған – цзягுவэнь мен гувэнь жатады. Ең жаңа археологиялық зерттеулер көрсетіп бергендей, Шань дәуіріне (б.д.д. XVI-XI ғғ.) жататын, тасбақалардың сауыттарындағы және өгіздің жауырындарындағы ежелгі бал ашатын жазулар алдымен қылқаламның көмегімен түсірілген және тек содан кейін барып қана сүйекке пышақпен ойылып жазылған [1, 16].

Қылқалам дегеніміз не және оның ерекшелігі неде?

Қылқаламның пайда болуы Қытай тарихының өте алыстағы дәуірінен бастау алады. Ол қытай суретшілері мен каллиграфтарының алмастырылмайтын құралы болып табылады. Қылқаламның көмегімен солдан оңға қарай және оңнан солға қарай баса отырып жазуға болады.

Қытай каллиграфиясы туындыларының бірегейлігі қылқаламның осы ерекше қасиеттерімен түсіндіріледі. **Дачжуань** (үлкен жазулар) стиліндегі ежелгі мәтіндер, жазулар әсіресе б.з.д. II ғ. ортасы мен I ғ. ортасында кеңінен таралған, қоладан жасалған салттық ыдыстарға түсірілген болатын [2, 55].

Б.з.д. III ғ. соңында, Цинь Ши-хуанди императордың тұсында мемлекеттік құжаттарға арналған жазудың **сяочжуань** (шағын жазулармен жазу) ресми стилі белгіленді. Хань кезеңінде жазу біртіндеп сяочжуаннан лишуға – ресми стильге қарай дами бастады. Хань дәуірінен кейінгі уақытта қытай каллиграфиясының тағы да үш аса маңызды стилі пайда болды, олар: кайшу – тұрақты жазу, синшу – жұмыс бабындағы, күнделікті, іскерлік жазу және цаошу – шөптік стиль деп аталатын жылдам жазу. Стильдердің осындай алуан түрлілігі – қытайдың әртүрлі аудандарында жұмыс, қызмет түріне байланысты жазудың функциясының өзгеруіне алып келген болатын: бір жерлерде көп және жиі жазуға тура келді, бір жерлерде жазу – бай және білімді тұрғындардың көп жазуына байланысты екендігін көрсетеді. Сондай-ақ стильдердің алуан түрлілігі жазу құралдарының материалдарының өзгеруімен байланысты болып келеді.

Қағаз, қылқалам, сия, сия сауыт – дәстүрлі Қытайдың материалдық мәдениетінің осы төрт заты «ғалымның төрт бағалы бұйымы» ретінде белгілі. Осы атаумен олар Қытайдағы кез келген білімді адамның өмірінің тікелей жазу-сызумен тығыз қатыстығын білдіреді. Екі мың жылға таман уақыт бұрын, ежелгі гректер мен римдіктер әлі де мысыр папирустарына жазып жүрген кезде, қытайлықтар қағаз жасап шығара алатын болған [2, 55].

Қытайда өзара қарым-қатынас жасаған кездегі жазылған сөз әрқашан ауызша айтылған сөзден жоғарырақ бағаланған. Қағаздың ерте жасалуының негізгі себебі де осында. Шамамен 200-ші жылы тұт ағашының, одан шамамен 200 жыл өткеннен кейін – бамбук қабығынан алынған қағаз пайда болды.

Өзімізге белгілі болып отырғандай, қағаз ойлап шығару қытайға тиесілі – бұл Қытай мәдениетінің жалпы өркениетке қосқан маңызды

үлесі. Қағазды ашу құрметі Шығыс Хань династиясы заманында өмір сүрген Цай Лунь есімдес адамға тиесілі.

Сия – суретші мен каллиграф үшін аса қажетті зат. Қылқалам мен жазуға арналған сия Қытайда біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырдың өзінде пайдаланыла бастады. Қатты сия желім мен күлдің негізінде жасалады. Көбіне арнайы желім қоса отырып, қылқан жапырақты ағаштардың шайырын жағу арқылы алынатын күл пайдаланылған.

Сапасы жоғарырақ сияға хош иісті заттар: мускус пен қалампыр қосқан. Сияның сапасы көркем шығарманың мән-мағынасына тікелей әсерін тигізетіндіктен, сияны таңдап алуға үлкен мұқияттылықпен қараған. Түсі – ашық-қара, қоспасыз. Қытай сиясы Еуропада бояудың ерекше түрі ретінде тек XVII ғасырда пайдаланыла бастады.

Қытай каллиграфиясының стильдері. Гувэнь жазуының бір түрі болып келетін дачжуань жазуының жалпы жұртшылық мойындаған аса көрнекті туындысы тас барабандарға жазылған жазулар болып табылады. Оларды археологтар Шэньси провинциясынан тапқан болатын.

Дачжуань стилінің ебегейсіздігін қарапайым еткен және цин мен хань тас стеллаларында көптеп кездесетін сяочжуань стилі қытай каллиграфиясының дамуына аса күшті серпіліс берді. Сяочжуань стилінің аса танымал ескерткіші тас стелла – эпитафия болды.

Лишу ресми стилі б.з.д. III ғ. екінші жартысында қалыптасады. Оның пайда болуы Чэн Мянның есімімен байланысты. Жазудың осы стилін кей кездері цзошу – іскерлік жазу деп те атайды. Хань дәуірінде ол ресми стильге айнала бастады. Тасқа қашалған мәтіндер мен мемлекеттік құжаттардың барлығы дерлік осы кезеңде лишу стилімен жазылған. Таңдамалы және күрделі сяочжуань иероглифтеріне қарағанда, ол анағұрлым анығырақ, кескіндері қарапайым иероглифтер болып келеді. Оны кей кездері бафэнь – сегіз мүшелі, өте анық, квадраттық пішінге ұмтылған деп атайды [3, 19].

Хань кезеңінің аяғында каллиграфия өнері өте-мөте жоғары деңгейге жетті, әрине бұл қылқаламның жетілуімен байланысты болды.

Бұл кезеңде каллиграфия әсем, нақышты өнер саласы бола бастады. Бафэнь стилінің аса ірі шебері Цай Юнь болды. XVII ғ. лишу стилінің жұрт мойындаған каллиграфы – Шитао болды.

Кайшу тұрақты стилі лишу стилінің жетілген түрі болып келеді. Кайшу стилі лишудың ізін шала пайда болды деп айтуға әсте болмайды, олар қатарлас дамып отырды. Кайшу стилін тіптен цжэншу

– тұрақты стиль деп те атайды. Ол Хань дәуірінің соңғы кезеңінде лишу стилінің әртүрлі вариацияларынан өсіп-өніп шықты және Ханьнан кейінгі дәуірден бастап Таң заманына дейін, төрт жүзжылдық бойында қарқынды дамып отырды. Тас стеллаларындағы Вэй жазбалары суретшілер үшін, әсіресе Цин заманының суретшілері үшін еліктеуге арналған жоғарғы үлгі болды. Шебер Цзинь Дуньсин өзіне кайшу мен лишу нормаларын үйлестірген ерекше стильмен жазды. Оның иероглифтеріне сызықтардың «квадрат» ұштары тән. Ол әдетте фарфорға кіреукелі (глазурьлі) жазу салған кезде қылқаламды тік қалыпта ұстап жазды, сондықтан оның жазу стилі цзишу – кіреукелі жазу стилі деген атау алды. Кайшу стилінің барша жұрт мойындап, таныған патриархы, ақсақалы деп Чжун Ю саналады. Қытай каллиграфиясы тарихындағы ең даңққа бөленген каллиграф – Ван Сичжи кайшу стилімен жазған. Бұл стиль Тан императоры Тайцзун кезінде кең таралымға ие болды. Оны Оуян Сунь жемісті жүзеге асырып келді. Сунь кезеңінде оны Су Дунпо, Хуан Тинцзянь және Ми Фу, ал Юань кезеңінде – Чжао Мэнфу кеңінен қолданып келген [3, 20].

Синшуды – жылдам іскерлік жазуды – Хан династиясының соңында Лю Дэшэн ойлап тапқан. Ол кайшумен қатарлас дами бастады. Суреттерге жазу жасай отырып, суретшілер дәл осы стильге бәрінен де жиірек жүгініп отырады.

Ең соңғысы – чжанцао атауымен кайшудан да ертерек өмір сүрген цаошу стилі. Цаошу стилінің пайда болуы Чжан Чжи, Цай Юнь және Ду Цао есімдерімен байланысты. Чжанцаодың өзі «шөпті жазу» дегенді білдіреді. Бұл стиль лишудан, оның бафэнь түр тармағында дамып отырды.

Цаошу стилінің тамаша шеберлері Хан каллиграфтары Чжан Чжи мен оның ұлы Ван Сичжи болды. Бұл стиль Таң кезеңінде, оның ішінде Чань монахтарының ортасында кең таралымға ие болды. Сун кезеңінде Хуан Тинцзянь, «жел мен бұлттардың, айдаһар мен жыланның қозғалысын» жаңғыртқан тәрізді, цаошу стилінде жазды, – деп нандырады замандастары. Цаошу принциптерін дачжуаньмен үйлестіре білген У Чаншоның каллиграфиясы ерекше бірегейлігімен көзге түсті. Каллиграфиядағы сызықтардың көптеген поэзиялық атаулары олардың бейнелеу негізіне алып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Китайская каллиграфия. Краткая история и этимология. 214 основных иероглифов (ключей) китайского языка/ [авт.-сост. В. Соколов; рис. С. В. Харевского].- Науч.-попул. изд.- Минск: Харвест, 2009.- 239 с.
2. Энциклопедия китайской каллиграфии. Пекин: Lixiaoshi, 2006 г.-2614 с.
3. Тинъю Чэнь. Китайская каллиграфия.- Пекин: Межконтинентальное изд-во Китая, 2004. – 160 с

Орталық Азия және Қазақстан тарихы мен мәдениетіне арналған алғашқы қазақ және орыс тілдеріндегі баспа кітаптары

Арман ШАЙМАНОВ,
«Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін
кітаптар мұражайының маманы

Казақ тілінде баспа кітаптарды шығару үрдісі алғаш рет 1800 ж. Қазан қаласында ашылған бірінші Азиялық баспаханадан бастау алады. Жоғарыда көрсетілген жыл тарихта қазақ баспасының дүниеге келген уақыты болып есептеледі. Қазан қаласында құрылған баспахана XIX ғ. Орта Азия және Қазақстан халықтарының мәдени-ғылыми мұраларын жинақтап, зерттейтін, жарыққа шығаратын орталығына айналды. Уақыт өте келе баспалар саны күннен-күнге өсіп, қоғамда олардың рөлі мен орны арта бастады. Осындай баспалар XIX ғасырдың II-жартысынан бастап Орынбор, Уфа, Ташкент, Санкт-Петербург, Троицк, Астрахан қалаларында өз жұмыстарын белсенді түрде бастап, қазақ тілінде кітаптар мен газет-журналдар басып шығарумен айналысты. Сол баспалардың ішінде «Шарқ», «Тұрмыш», «Умид», «Урнәк», т.б. баспалардың рөлі ерекше болды. Қазақ тілінде тұңғыш кітаптар – «Қазан» гимназиясы баспаханасында шығарылған. Атап айтқанда: «Сейфүл-мәлік» қиссасы (1807), Қадырғали Жалаиридің «Джами-ат-тауарих», Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (1879), «Қамбар туралы поэма» (1882), «Мухаммед Ханафия» (1882), «Қыз Жібек» (1894), «Қозы Көрпеш қиссасы» (1890), XX ғасырдың басында «қисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысканы» (1900),

«Хисса Алпамыш» (1901), 1909 ж. А. Құнанбаевтың өлеңдер жинағы, «Қазақтың айнасы» (1910), «Қазақша әліппе» (1910), Көбеевтің «Қалың малы» (1913) және т.б. [1].

Қазіргі таңда қазақ тарихына, мәдениетіне, діні мен өлкелік ерекшеліктеріне қатысты қазақ тілінде алғашқы баспа кітаптарына еліміздің бірқатар облыстарындағы мұражайлар, кітапханалар, мұрағаттар мен ғылыми зерттеу институттарында ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер жан-жақты зерттелулер жүргізуде. Сол кітапханалардың бірі - «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, онда 6 млн. жуық түрлі саладағы кітаптар сақтаулы. Соның ішінде 1000-нан астамы Қазан қаласында жарық көрген қазақ тіліндегі алғашқы баспа кітаптары. Мысалы: *Ы. Алтынсарин. Мақтубат. – Санкт-Петербург, 1896; Бақырған кітабы. – Қазан, 1901; Мәжидов Ғабдул-Карим. Қазақ шәкірділеріне һадия. – Қазан, 1909; Махмұд ұғлы Ғали. Қисса-и Самруғ. – Қазан, 1897; Ақылбек Сабал. Назым (Өлеңдер жинағы). – Қазан, 1911; Сал-сал. Юмачинов Мәулекей. – Қазан, 1913; Сәйд-Керей. Қисса-и Абдул Мәлік (поэма) – Қазан, 1909; Ержанов Байбатыр. Тұр Қазақ. – Қазан, 1915; М. Дулатов. Азамат. – Қазан, 1914; Жиһангер ұғлы Шәді төре. Келіннің бетін ашатын терме. – Қазан, 1915. және т.б.* Ал енді осы аталған еңбектер мен авторлардың кейбіреуіне тоқталуды жөн көріп отырмыз. Сол авторлардың бірі, Алаш қозғалысының қайреткері, ақын, жазушы, ағартушы-педагог, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі Міржақып Дулатов болып есетелінеді. Автор өзінің «Азамат» атты еңбегінде ақынның көңіл-күйін білдіретін сыршыл сезімге, терең тебіреніске, ойшыл санаға қарай ойысып, терең поэзиялық өріске бет алғаны анық байқалып тұрады [2].

Келесі ірі тұлғалардың бірі – Ақылбек Сабалұлы, ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген және ақындық өнерде Абайды өзіне ұстаз тұтқан. Шығыс әдебиетінің қисса-хикаяларын аударып, қазақ жазба әдебиетінің тақырып көлемін кеңейткен және уақиғалы поэма-дастандар жазып байытқан. Автордың Қазан баспасынан шыққан қиссалары: «Таһир-Зуһра» (1902, 1911), «Бозжігіт» (1910, 1911), «Қисса Марғұба» (1911), «Ибраһим» (1911), «Хикмет Нығымет» (1911), «Қырық уәзір» (1911, 1920), «Алтын балық» (1912), «Самруғ» (1915), «Дандан ғашық» т.б. Қазаннан басылып шыққан төл шығармалар: «Мағшұқ наме» (1910, 1911) – жастық-махаббат жайындағы өлеңдер, «Назым» (1911), «Сұм заман» (1911), «Ғибратнама» (1911), «Сәтбек батыр» поэмасы (1911, 1915) және т.б.

Келесі кітаптың авторы – Сүлеймен Бақырғани, ол Яссауи ақындық мектебінің ең көрнекті өкілі болып табылады. Яссауидің тікелей шәкірті болған бұл тұлғаның өмірі мен шығармашылығы бірқатар зерттеулерге мұрындық болды. Бақырғани жайлы аңыздық деректер өте көп, біршама нақты мәліметтер де кездеседі. Кейбір деректерге сүйенсек, Сүлеймен Бақырғани 1104-1186 жылдар аралығында өмір сүрген деп жазылады. Автор өзінің «Бақырған кітабында» пайғамбардың дүниеден өтуі, ақыр заман туралы, сегіз жұмақтың белгісі, сауап және пайғамбардың миғражға көтерілуі тағы басқа да ислам аңыздарын баяндайды [3].

Сонымен бірге, ел тарихына қатысты сирек кездесетін кітаптарды түгендеп, оларға ғылыми сипаттамалар жасап, терең зерттеулер жүргізіп жатқан мұражайлардың бірі «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайы. Мұражай қорында XVIII-XIX ғғ. мен XX ғ. 40 жылдары аралығында жарық көрген кітаптар және көне жазба жәдігерлер де сақталынуда.

Мұражай көрмесі түрлі тарихи кезеңдерге сәйкес бөлінген төрт бөлімнен тұрады. Сол бөлімдердің бірі – «Отандық көне басылымдар». Осылармен қатар көрмеге Орта Азия мен Қазақстан тарихы, мәдениеті және жергілікті байлықтар мен өсімдіктер дүниесінің ғылыми зерттелуіне қатысты Санкт-Петербург қаласында жарық көрген орыс тіліндегі бірқатар тарихи баспа кітаптары сақтаулы. Мысалы: Н. Пржевальскийдің «Орталық Азияға жасаған саяхатының ғылыми нәтижелері» атты еңбегін атауға болады. Н. Пржевальский өзінің еңбектерінде Орталық Азияда кездесетін өсімдіктерді терең зерттеп, оларға ғылыми сипаттама жасады.

Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Н. Пржевальский жалпы төрт экспедициялық саяхат жүргізген, ол өзінің «Зайсаннан Хами арқылы Тибетке және Сары өзеннің жоғары ағысына» атты еңбегінде үшінші рет жасаған саяхаты барысында зерттелген ғылыми деректерден баяндайды. Пржевальский үшінші экспедициясы 1879 жылы 13 адаммен Зайсан қаласынан басталған. Экспедиция Урунг өзенін бойлап Хами жазирасы арқылы Са-Чжеу шөліне дейін жалғасып, Нань-Шан таулы қыраттармен Тибетке жетіп, Сары өзеннің жоғары ағысына дейін жеткен. Өкінішке орай, Тибет үкіметі Н. Пржевальскийдің экспедициялық ұжымын Тибеттің бұрынғы астанасы Лхаса қалалық округіне өтуін қолдаған жоқ. Нәтижесінде Н. Пржевальскийдің экспедициясы Танг-Ла асуынан өтіп, Ургуға қайтып оралған. Н. Пржевальский 1881 жылы Ресейге қайтып өзінің үшінші экспедициялық саяхатында кездескен аттың бір түрінің сипаттамасын жасайды.

Бұл аттың түрі бұрында ғылымда ашылмаған болып, уақыт өте келе *Equus przewalskii* атымен ғылымда өз орнын тапты [4].

Келесі кітап орыс ғалымы А. Северцовтің «Түркістан өлкесі бойынша саяхат» атты еңбегі. Географ П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің жазғанына қарағанда А. Северцов орыс ғалымдарының ішінен шыққан алғашқы тау-кен жұмыстары бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізген ғалым болып есептеледі. А. Северцовтің жоғарыда аталған еңбегі ғалымдар мен ғылыми зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес, керісінше сол саланың зерттеуші мамандарының қызығушылығын күннен-күнге арттырып келеді. А. Северцов Орталық Азия мемлекеттерінде *климатология, гидрология, гидрография, орография және лимнология* салалары бойынша терең ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Сонымен бірге, ғалым А. Северцев жергілікті өсімдіктер мен жан-жануарлардың түрлерін, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ғылыми тұрғыдан сипаттаған. А. Северцовтің бұл еңбегі тек қана натуралистерге қызықты болып қалмай, сонымен қатар, тарихшылар, этнографтар мен экономистердің өздеріне қажетті мағлұматтарын алуына мүмкіндіктер береді. Аталмыш құнды еңбекте А. Северцовтің 23 жыл бойы жасаған жеті экспедициялық саяхаттарының үшеуі туралы жазба деректер қалдырылған. А. Северцовтің бірінші экспедициялық жұмысы Сырдария өзенінің бойында жүргізілген, бұл оның Орта Азияға алғашқы жасаған экспедициясы болып есептеледі. Ғалымның қалған екі экспедициясы Тянь-Шань таулы қыраттарына жасалған [5].

Осы күні «Ғылым ордасы» РМҚ Сирек кездесетін кітаптар мұражайы өз қорына мыңнан астам еңбекті жинақтаған. Әрине, ел тарихы мен мәдениетіне қатысты барлық жазба жәдігерлерді қамтып, олардың мазмұнын жеткізу мүмкін емес. Дегенмен, өткенді баяндап, болашаққа жол ашатын құнды-құнды мұраларымызды өз қалпында сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу әрбір қазақ баласының мойнындағы борышы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Уикипедия – ашық энциклопедиясы – kk.wikipedia.org/wiki
2. М. Дулатов. Азамат. – Қазан, 1914
3. С. Бақырғани Бақырған кітабы. – Қазан, 1901
4. Н.М.Пржевальский. Из Зайсана через Хами в Тибет и на Верхоя Желтой реки. – Санкт-Петербург, 1883.
5. Северцов А. Путешествия по Туркестану. – Санкт-Петербург, 1873.

Жапониядағы неолибералды саяси реформалар тарихы

Бағдаулет АҚЫН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
жапонтану кафедрасының оқытушысы

Жапонияның қазіргі саяси жүйесі 50 жылдан астам уақыт бойы қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеңіліс тапқан Жапония 1947 жылы күшіне енген түбегейлі өзгерістерге ұшыраған жаңа Конституцияны қабылдап, онда қазіргі жоғары дамыған азаматтық қоғамның институттары мен нормалары — адам мен азаматтың либералды құқықтары және бостандығы, кәсіпкерлікпен айналысу бостандығы мен жеке меншікті құрметтеу, билік тармақтарының бөлінуі мен өзара бақылануы, заңның жоғары тұруы, ұлттық егемендік пен бейбітшілік қағидалары тұжырымдалған.

Жаңа Конституция негізінде құрылған атқарушы билік пен мемлекеттік-әкімшілік басқарудың (МӘБ) жүйесі соғыстан кейін ұзақ жылдар бойы айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Атқарушы билік пен МӘБ жүйесіндегі кең ауқымды өзгерістер іс жүзінде 1990–2000 жылдар аралығында жүзеге асып, Жапон басқарушы табының саяси стратегиясында түбегейлі өзгерістерімен белгілі болды. Осы саяси төңкеріс 1970–80-ші жылдар тоғысында басталып, Я. Накасонэ үкіметі басқа жоғары дамыған елдермен бірге біруақытта жапон мемлекеттік саясатында неолиберализм идеяларын бекіту жөнінде алғашқы шектеулі қадамдарын жасай бастады [1, 5-22].

Жалпы «неолиберализм» терминіне қысқаша тоқталатын болсақ, «неолиберализм» сөзі «нео» «жаңа» және «либерализм» сөздерінен құрылған. «Либерализм» сөзі 17–18 ғасырларда еуропалық елдерде пайда болған идеялық және қоғамдық-саяси ағым, ол азаматтық, саяси

және экономикалық бостандықтар қағидасын жариялайды. Дж. Локк, А. Смит, Ш. Монтескье және тағы басқалардың концепцияларындағы либерализм бастамалары абсолютизм мен феодалдық ұстанымдарға қарсы бағытталды. Либерализм идеялары алғашқы рет АҚШ Конституциясында (1787 ж.) және Францияның Адам және азамат құқықтары декларациясында (1789 ж.) өз көрінісін тапты. XIX–XX ғғ. басында либерализмнің негізгі ережелері: азаматтық қоғам, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары, құқықтық мемлекет, демократиялық саяси институттар, жеке кәсіпкерлік пен сауда жасау бостандықтарын қалыптастырды. Қазіргі либерализм – неолиберализм еркін нарық механизмі экономикалық қызметінің тиімді жұмыс жасауына, әлеуметтік және экономикалық процестерді реттеуге неғұрлым қолайлы жағдай туғызды.

Жапонғалымдарының арасында «неолиберализм» термині соңғы жылдары көп қолданылып жүр. Көптеген зерттеушілер кейнсианшылдық қағидасы «мемлекеттің жақсы ғұмыр кешуі» (фукуси-кокка, welfare state) идеологиясынан бас тартып, еркін нарық, жеке кәсіпкерлік қағидаларын барынша пайдалануға басым назар аударуды жөн санайды. Жапон неолибералдары саясаттың әр саласында дағдарыстан өту үшін радикалды шешімдерді қабылдауға шақырады. Экономикада — олар жеке бастаманы қолдауды, мемлекеттік реттеуді шектеуді, жекешелендіру мен орталықтан біршама алшақ болуды (децентрализация), әлеуметтік салада — азаматтардың мемлекет алдында жауапкершілігін азайтуды, әлеуметтік кепілдіктерді алып тастауды дұрыс деп санайды. Бірақ осындай өзгерістерге бару үшін қоғамның қарсылығын жеңетін мықты авторитарлы мемлекет қажет. Қазіргі жапон үкіметі мемлекетті тиімді басқаруды, биліктің әкімшілік ресурстарын күшейтуді қолдаушылар қатарында.

Жапониядағы неолиберализм тұжырымдамасының белсенді түрде жүзеге асырылуы 1990–2000 жж. басындағы кезең болып саналады. Бұл кезең Жапония тарихында «Қырғи-қабақ соғыстан кейінгі кезең» деген атпен танымал. XX ғасырдың соңғы он жылында анықталған қосымша факторлардың пайда болуы КСРО-ның құлауы, социализм жүйесінің жойылуы және «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы Қиыр Шығыс пен Тынық мұхиты аймағында жаңа әскери-саяси жағдайдың туындауы жапон үкіметін «форс-мажорлық» жағдайда реформа жасауға күштеді [2, 218]. Бұл факторлар жапон үкіметін біріншіден, осы елдің халықаралық жағдайдағы өзгерістері, екіншіден, либерализм мен нарық бостандығы идеясы туралы ойландырды. Сонымен қатар, әлемдік экономиканың жаһандану процестері ұлттық эконо-

миканы басқаруды жетілдіру, басқа да либералды әдістерді іздестіру міндеттерін ортаға қойды. 1990 жылдың басындағы Жапониядағы қаржы дағдарысы мемлекеттік басқаруды «рационализациялауды», аппаратты және оның шығындарын қысқартуды қажет етті. Жоғарыда келтірілген факторлар жапон басшылығын 90-шы жылдардан бастап сөзден іске көшуге итермеледі. 1996 жылдың қараша айында сол кездегі премьер-министр Р. Хасимотоның мәліметінде «50 жылдан астам уақыт бойы дамып келген Жапонияның әлеуметтік-экономикалық жүйесі өзара байланысты реформаларды жүргізу барысында тоқырау жағдайында тұрды. Біздің міндетіміз – ХХІ-ға лайық жүйе құру» [3, 18]. Елде осындай ауқымды мақсаттарға қол жеткізу үшін конституцияны, парламенттік, сайлау, сот жүйелерін, саяси партияларды ұйымдастыру мен т.б. өзгерістер енгізу көзделіп отыр.

Қазіргі әкімшілік реформалар 1980-жылдардың басында Накасонэ үкіметі билігі кезінде жүзеге аса бастады. 1993 жылы экономика мен қоғамды басқаруды мемлекет тарапынан реттеуді азайту жөніндегі кең ауқымды реформаларды жүзеге асыру мақсатында белгілі қадамдар сол кездегі премьер-министр М. Хосокава тарапынан жасалды; сондай-ақ, маңызды заңдардың бірі – «Әкімшілік процедуралар туралы» заң қабылданды. Алайда шынайы жаппай кең ауқымды реформалар Р. Хасимото (1996–1998 жж.), К.Обути (1998–2000 жж.), И. Мори (2000–2001 жж.), Д. Коидзуми (2001 ж. сәуірден бастап) үкіметтері кезінде жүзеге асырылды. Әкімшілік реформаны жүзеге асырудың бастапқы құжатына Әкімшілік реформа жөніндегі Үкіметтік кеңестің 3 желтоқсан 1997 жылғы Қорытынды баяндамасы жатады. Баяндама реформаның міндеттері мен мазмұнын айқындайтын негізгі саяси құжат болып саналады. Кейіннен 1998 жылдың маусым айында Қорытынды баяндаманың ережелерін заңды түрде нығайтқан Орталық министрліктер мен басқармаларды реформалау туралы негізгі заң қабылданды. Баяндама мен Негізгі заң реформасының кешенді тұжырымдамасын (кейде оны «Хасимотоның көзқарасы») ұсынып, реформаның негізгі бағыттарын – бұл мемлекеттің саяси басшылары болып саналатын премьер-министр мен кабинеттің рөлін нығайту, атқарушы билік орталық аппараты – министрліктер мен басқармалардың құрылымын өзгерту, әкімшілік қызметінің жаңа формалары мен әдістерін енгізу, мемлекеттің кадр саясатын реформалау, өзін өзі басқаратын органдардың құқықтары мен міндеттерін қайта қарастыру және т.б. Осы баяндама мен заңды жүзеге асыру үшін бұрынғы Министрлер кабинеті туралы заң қайта қаралып,

жаңадан Кабинет кеңсесін құру туралы заң қабылданды. Сонымен бірге, биліктің орталық органдарының жаңа құрылымы мен функцияларын анықтайтын 1999 жылдың шілдесінде тағы 17 заң, ал 1999 жылдың желтоқсан айында — қосымша 61 заң қабылданды. Кабинет 2000 жылдың 14 желтоқсанында реформалардың 2001 жылдың 6 қатарынан бастап жүзеге асырыла бастау туралы шешім қабылданды. Заңдардың бір бөлігі 2001 жылдың сәуірінен бастап күшіне ене бастады. Сонымен әкімшілік реформаның маңызды бөлігі жүзеге асырылды. Қазіргі Д. Коидзумидің кабинеті қызметіне келетін болсақ, оны Жапониядағы сарапшылар «10 жылға кешіккен тэтчеризм» деп бағалайды.

«New Left Review» британ журналы қазіргі жапон үкіметінің жаңа саяси іс-әрекеттері тұрғысында ой қозғаған Австралия ұлттық университетінің профессоры Г. Маккормактың «Коидзумидің жетістіктері» атты мақаласын жариялайды [4, 64]. Бұл мақалада жапон үкіметінің бағдарламасын жүзеге асыру барысында Жапония елінің даму перспективасы сипатталады.

Төрт жылдық мерзімге сайланған Д. Коидзуми соңғы бірнеше онжылдықта өзінің бұрынғы әріптестеріне қарағанда ұзақ билік құрған премьер-министрлердің бірі. Бұл жағдай Коидзумидің өз дәстүрін берік сақтап келген жапондар үшін мемлекетте күрт өзгерістер жасауы наразылық тудыру қаупіне қарамастан реформаларды жүргізуді жалғастырды.

Парламент алдында сөйлеген алғашқы сөзінде Д. Коидзуми «тыйым салынған аймақсыз құрылымдық реформаларды» жүргізу туралы айтты. Осы реформалардың көмегімен Коидзуми мемлекетті экономикалық тығырықтан шығаруды көздеді.

Д. Коидзуми жариялаған үкімет қызметінің жоспары келесі екі бағытта сынға алынды. Біріншіден, «тыйым салынған аймақсыз құрылымдық реформаларды» жүргізу жоспары ешқандай нақты мазмұнмен белгіленбей, нақтылықты қажет етті. Екіншіден, реформаларды жүргізу барысында тұрғылықты халық қиындыққа кезігетіндіктен «мықты саяси басшылық» керек болды.

Осы міндеттерді шешу мақсатында Д. Коидзуми бірінші кезекте оның алдыңғы әріптестері тарапынан үкіметтік құрылым реформаларын жүзеге асыру нәтижесінде енгізілген мемлекеттік басқару механизмдерінің новацияларын белсенді пайдалануға көшті. Бұл жерде премьер-министр заң жобасын ұсыну арқылы үкімет басшысының өкілеттілігін кеңейтіп, осының көмегімен Коидзуми кабинетке «маңызды саяси істер бойынша принципиялды бағытты»

анықтауға, сондай-ақ, премьер-министрге тікелей көмек көрсететін құрылымдарды күшейтуге ұсыныс жасай алады [5, 54-57].

Экономикалық тығырықтан шығу тұжырымдамасын жасау үшін Д.Коидзуми Экономикалық және қаржы саясаты жөніндегі кеңесті құрды. Елдің экономикалық курсына жасау барысында Д. Коидзуми кеңеске арқа сүйеуі оның алдын ала Либералды-демократиялық партияда (ЛДП) осы мәселені қарастыруды қолдамайтындығы анықталып, Д. Коидзуми мен ЛДП арасында қайшылықтар пайда бола бастады.

Сонымен қатар, үкімет банк жүйесін реттеуді, бюджеттік қаражатты жартылай мемлекеттік компанияларға беруді, құрылыс пен басқа да қоғамдық жұмыстардың көлемін қысқартуды қарастырды.

Премьер-министр «Негізгі курстың» «жеті реформа бағдарламасына» қатты көңіл бөлген болатын. Бұл реформалар келесі бағыттарды қарастырды:

1. «Жекешелендіру мен реттеу реформасы». Бұл реформа ерекше заңды тұлға болып саналатын қоғамдық кәсіпорындарды жекешелендіру. Басты міндет жекешелендіру нысандарын зерттеу, әсіресе мемлекеттік пошта қызметін.
2. «Таңдау жасауға қолдау көрсету» реформасы жаңа тауарлар мен қызмет өндірісін реттеу мен жаңа кәсіпорындарды ашып, капиталды осы кәсіпорындардың акцияларына айналдыру мақсатында салық жүйесінде қолайлы жағдай жасауды көздеді.
3. Сақтандыру мүмкіншіліктерін кеңейту.
4. Интеллектуалды капиталды екі есеге арттыру.
5. Жергілікті өзін өзі басқаруды күшейту.
7. Бюджеттік реформаны жүзеге асыру.

Осы жоспарды жүзеге асыру кезінде Коидзуми мен ЛДП арасындағы жан-жал шиеленісе түскен болатын.

Д. Коидзуми тарапынан бұрынғы тәртіпті ұстанбай мемлекеттік шешімдерді жасауы көптеген ықпалды либерал-демократтар тарапынан партияның рөлін төмендетіп, премьер-министр авторитарлы билікке ұмтылыс жасап отыр деп қабылданды. ЛДП беделі ішкі қайшылықтардан басқа партия қайраткерлерінің жемқорлық фактілерінің анықталуы салдарынан да төмендей бастады.

Осындай жағдайда Коидзуми үкіметі жеке шешім жасау арқылы жоғарыдағы жоспарды жүзеге асыруды мақсат тұтты. Мысалы, 2005 жылдың тамыз айында жапон парламентінің төменгі палатасы Коидзуми үкіметінің ұлттық пошта қызметін жекешелендіру жөніндегі заң жобасын қабылдамағаннан кейін, Коидзуми императордан тиісті

жарлыққа қол қойғызып, парламентті таратып жіберді. Оның үстіне Коидзуми өзі саяси билікке шыққан Либералды-демократиялық партия қатарынан өз қарсыластарын жоя бастады.

Әрине, поштаны жекешелендіру мәселесі жөніндегі талас-тартыс премьер-министрдің осындай тосын қадамдар жасауына себеп болған жоқ. Жапон пошта жүйесі қарапайым хаттарды жеткізу қызметінен әлдеқайда кең ауқымды жұмыстарды атқаратын құрылым. Жапон поштасы әлемдегі ең ірі қаржы институты, оның активтері 3 трлн. АҚШ долларын құрайды. Қарапайым пошта қызметтерінен бөлек ол жинақ кассалары мен сақтандыру кеңселерін қамтиды.

Жапон отбасыларының 70%-дан астамы пошта жүйесінде есеп-шоттар ашып, сақтандыру келісім-шарттарға отырған. Пошта қызметкерлерінің саны шамамен 260 мың адамнан тұрады, ал елдегі бөлімшелер саны 25 мыңнан асады. Пошта жапондықтардың өмір-салтының ажырамас бөлігі ретінде қабылданады. Мемлекеттің бақылауында болып келген ол көптеген басқа да мемлекеттік корпорациялар секілді ұзақ уақыт бойы көптеген жапондықтарды зейнетақыға шыққанға дейін жұмыс орынмен қамтамасыз етіп, тұрақтылық сезімін ұялатқан болатын. Поштаны жекешелендіру көптеген жапондықтардың жаппай жұмыстан босауына алып келеді және олардың дүниетанымдық көзқарастарына едәуір әсерін тигізеді. Премьер-министрдің жоспарына сәйкес пошта жүйесі 2007 жылға дейін төрт кезеңмен реформаланып, 2017 жылға қарсы толығымен жеке меншікке берілу қажет деп саналды. Коидзумидің неолибералды көзқарастары АҚШ президенті Дж. Буштың ұстанған позициясымен ұқсас болып келеді. АҚШ бұрыннан Жапония үкіметін пошта жүйесін жекешелендіру туралы ұсыныс жасаған. Міне сондықтан да, Д. Коидзуми жақтастарының парламент сайлауындағы жеңісі Буштың жеңісі деп бағалануда.

Реформаның көздеген мақсаты – Жапонияда жаңа банк және іскерлік мәдениеттің дамуы, сондай-ақ, бұл реформалар қазіргі уақыттың нарықтық механизмдеріне сәйкес болуы қажет. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, мемлекет бұрынғы схема бойынша пошта құрылымына қолдау көрсетуді тоқтатып, нарық қағидаларына негізделген басқарудың икемді жүйесіне көшуі керек.

Д. Коидзуми жоспары жүзеге асқан жағдайда жапон елінен АҚШ-тың көретін экономикалық пайдасы орасан зор болмақ. Профессор Макормактің айтуы бойынша АҚШ Жапониядан Ұлыбританияның Қиыр Шығыстағы үлгісін жасап, оған осы аймақтағы американдық мүддесін қорғайтын өкілеттілікті берді. Жапон премьер-министрінің

позициясы болса, толығымен Вашингтонның көзқарасымен сәйкес келеді.

Д. Коидзумидің пошта қызметін жекешелендіру үшін жүргізген күресі жапон экономикасын барынша либерализациялауға ұмтылыс жасаудағы маңыздылығын аңғартып отыр. Қазір үлкен мемлекеттік корпорациялар тиімді жұмыс жасамай отыр. Ондағы адам саны қажетті мөлшерден көп болып, қызметкерлерді басқару өте төменгі деңгейде. Соңында, үлкен мемлекеттік компаниялардағы басқарушы лауазымдарға үміткердің жеке қасиеттеріне қарамай, таныс арқылы тағайындалатыны әкімшілік реформаларды қажет етеді.

Д. Коидзумидің әкімшілік реформаларға өзіндік үлес қосуы ЛДП құрамының жауапты орындарға 26 әйелді тағайындауы болып табылады. Бұл жағдай басқарушы партияны қазіргі заманға сай әрі өзгерістерге әзір екенін аңғартады.

ЛДП-ның қыркүйек айындағы жеңісі – болашақта неолибералды саясаттың күшейетіндігінің көрінісі. Егер осы саясат жүзеге асатын болса, жапондықтар материалдық пайданы қажеттілікпен ұштастырып, күнделікті өмір нормаларынан бас тарту керек болады. Сонымен қатар, премьер-министрдің неолибералды реформаларының алға жылжуымен бірге американдық ықпалдың өсетіндігі сөзсіз.

Әкімшілік реформаларына қатысты оның кабинеті реформаның жеке аспектілеріне басым көңіл бөліп, оларды жетілдіріп нақтылауда. Бұл өзгерістердің басым бөлігі «ашық корпорацияларға» өзгерістер енгізу, басқаруды ақпараттандыруға қатысты кейбір қадамдар жасау және т.б. Реформаның ресми аяқталу мерзімі нақты айтылмады. Мысалы, ашық корпорацияларды реформа жүргізу 2005 жылға қарсы аяқтау көзделген болатын, қалған өзгерістер 2010 жылға қарсы жүзеге асыру көзделіп отыр.

Әлбетте, Жапонияда бүкіл саяси жүйені кең ауқымды көлемде реформаның құрамдас бөлігі іс жүзінде атқарушы билік пен мемлекеттік-әкімшілік басқарудың жаңа жүйесінің қалыптасуы жалпы осы тақырыптың кеңінен зерттеуді талап етеді. Мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесі халықаралық аренада неолиберализм идеологиясы мен саясаты түрінде таралып жатыр. Алайда, осындай кең ауқымды өзгерістер отандық және ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттерде кешенді, жүйелі әрі толыққанды қарастырылмаған. Көптеген жапон тіліндегі құжаттар, ғылыми еңбектер тілдік кедергілерге байланысты жапонтанушылардан басқа зерттеушілер үшін зерттеу қиындық туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сенаторов А.И. Структурные реформы: идеология и политическая борьба // Япония 1998-1999. Ежегодник. -М.: АО «Диалог-МГУ», 1999.
2. Кравцевич А.И. Общественное предпринимательство в Японии. - М.: Наука. 1988. –
3. Голубая книга Японии, Токио 1996 г.
4. Сенаторов А.И. Структурные реформы: идеология и политическая борьба // Япония 1998-1999. Ежегодник. -М.: АО «Диалог-МГУ», 1999.
5. Сенаторов А.И. Япония: крупная реорганизация государственной структуры. – Проблемы Дальнего Востока. 2000, № 2.

Түйіндеме

Модель светского государства в контексте взаимодействия с религией

Смагулов Мурат — научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена одному из направлений, обозначенных в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана, — обеспечение всем гражданам государства свободу совести и противостояние различным попыткам навязать обществу какие-либо общественные нормы, идущие вразрез с традициями и законодательством через выработанные модели светскости.

Model of a Secular State in the Context of Interaction with Religion

Smagulov Murat – Researcher, Department of Social and Political Researches, KazISS under the President of RK

The article is devoted to one of the directions, mentioned in the Message of the President of RK N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, - to ensure that all citizens of the state have freedom of conscience and resist to various attempts to impose on society any social norms that run counter to the traditions and laws through the developed models of secularism.

Углубление всестороннего стратегического сотрудничества Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой

Константин Сыроежкин — главный научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, доктор исторических наук

Статья посвящена процессу углубления казахстанско-китайских отношений. Несмотря на то что на сегодняшний день Китай установил отношения стратегического партнерства со всеми государствами Центральной Азии, тем не менее приоритетность сотрудничества с Казахстаном не вызывает сомнения. Об этом, в частности, свидетельствует тот факт, что казахстанско-китайские отношения характеризуются как «отношения всестороннего стратегического партнерства». На постсоветском пространстве такой статус имеют только российско-китайские отношения. И этот факт свидетельствует о многом.

Deepening of the Comprehensive Strategic Cooperation Between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China

Konstantin Syroyezhkin — *Chief Researcher, KazISS under the President of RK, D.Sc. in History*

The article is devoted to the process of deepening the Kazakh-Chinese relations. Despite the fact that China has established strategic partnerships with all Central Asian states to this day, however prioritize cooperation with Kazakhstan is not in doubt. This, in particular, is evidenced by the fact that the Kazakh-Chinese relations are characterized as «relations of comprehensive strategic partnership». Only Russian-Chinese relations have such status in the former Soviet Union space. This fact speaks for itself.

Информационная безопасность vs кибербезопасность: проблемы определения

Леся Каратаева — *главный научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, доктор исторических наук*

В статье рассматриваются проблемы определения таких понятий, как информационная безопасность и кибербезопасность, так как стремительно развивающиеся информационно-телекоммуникационные технологии привели к ряду фундаментальных изменений практически по всему спектру жизнедеятельности человека.

Information Security VS Cybersecurity: The Problems of Definition

Lesya Karatayeva — *Chief Researcher, KazISS under the President of RK, D.Sc. in History*

This article discusses the definition of concepts such as information security and cyber security, as the rapidly evolving information and communication technologies have led to a number of fundamental changes in almost the entire spectrum of human activity.

Межорганизационная роль Казахстана в области региональной безопасности

Алмас Арзыкулов — *заведующий отделом КИСИ при Президенте РК*

В статье рассматривается роль Казахстана как председателя и активного участника региональных структур безопасности. Принимая активное участие в работе разных организаций в области безопасности, Казахстан в лице Президента Республики Н.А. Назарбаева предложил расширить зону ответственности ОБСЕ, ШОС и т.д. Учитывая выгодное географическое и геополитическое расположение Евразии, можно с уверенностью сказать, что данный регион в будущем станет одним из основных центров глобальной безопасности.

Interorganizational Role of Kazakhstan in the Field of Regional Security

Almas Arzykulov — *Head of Department, KazISS under the President of RK*

The article discusses the role of Kazakhstan as the chairman and an active participant in regional security structures. Taking an active part in the work of various organizations in the field of security, Kazakhstan, represented by the President of the Republic NA

Nazarbayev, proposed to expand the area of responsibility of the OSCE, SCO, etc. Taking into account the favorable geographical and geopolitical location of Eurasia, it may safely be said that the region will become one of the main centers of global security.

Основные приоритеты развития отечественной науки в Послании Президента страны народу Казахстана

Нурлан Сейдин — заместитель генерального директора республиканского государственного предприятия «Ғылым ордасы», кандидат исторических наук

В начале своей статьи автор задается вопросом, в чем секрет сохранения конкурентного преимущества на мировом пространстве на протяжении многих лет таких стран, как США, Китай, Россия? И дает ответ, что фундаментом успеха является четкая и продуманная стратегия развития. Поэтому необходимо всестороннее развитие отечественной науки, чему особое внимание уделил Президент страны в Послании «Казахстанский путь — 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» 17 января текущего года: «Создание наукоемкой экономики — это, прежде всего, повышение потенциала казахстанской науки».

Сегодня республиканское государственное предприятие «Ғылым ордасы», которое объединило в одном комплексе зданий пять музеев, Национальную академию наук и десять научно-исследовательских институтов гуманитарного и естественного профиля, осуществляет консолидацию и взаимодействие интеллектуального потенциала в сфере науки и культуры. Автор уверена, что благодаря совместным усилиям научного сообщества и поддержке Главы государства Н.А. Назарбаева казахстанская наука выйдет на новый виток своего развития и встанет в фортватере индустриально-инновационного развития страны.

Key Priorities for the Development of Domestic Science in the Address of the President of the Country to the People of Kazakhstan

Nurlan Seidin — Deputy Director General of the Republican State Enterprise “Gylym Ordasy”

At the beginning of her article, the author asks, what is the secret of maintaining a competitive advantage in the global space for many years by countries such as the U.S., China, and Russia? And she provides an answer that the foundation for success is a clear and deliberate strategy of development.

Therefore, it is necessary to comprehensively develop the domestic science, to which the President of the country paid special attention in his address “Kazakhstan’s Way — 2050: a Common Goal, Common Interests, Common Future” on 17 January current year: “Creating a knowledgebased economy is, above all, an increase of the potential of Kazakhstan’s science”. Today, the Republican State Enterprise “Gylym Ordasy”, which brought together in a single building complex five museums, the National Academy of Sciences, and ten research institutes of humanitarian and natural profile, provides consolidation and interaction of intellectual potential in the sphere of science and culture. The author is confident that with the joint efforts of the scientific community and the support of the Head of State N.A. Nazarbayev, Kazakhstan’s science will enter a new stage of its development and stay in the wake of industrialinnovative development of the country.

**Ситуация в области защиты прав человека в Казахстане:
проблемы и решения**

Алтынай Шамгунова — научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Одним из важнейших направлений государственной политики в Казахстане является обеспечение благоприятных условий для развития институтов гражданского общества, системы прав человека. Вопрос сотрудничества государства с неправительственными организациями в области защиты прав человека приобретает все большую актуальность в контексте современных политических событий.

**The Situation in the Field of Human Rights Protection in Kazakhstan:
Problems and Solutions**

Altynai Shamgunova — Researcher, Department of Social and Political Studies, KazISS under the President of RK

One of the main directions of the state policy in Kazakhstan is a provision of favorable conditions for the development of civil society institutes, human rights system. The question of cooperation between the state and non-governmental organizations in the field of human rights protection is becoming increasingly important in the context of contemporary political events.

**Совершенствование роли государственного регулирования
иностраннных инвестиций в Республике Казахстан**

Айжан Кожекенова — PhD докторант КазЭУ им. Т. Рыскулова

В статье говорится о том, что основной целью инвестиционной политики Республики Казахстан является достижение благоприятного инвестиционного климата в стране и дальнейшее стимулирование притока прямых иностранных инвестиций в экономику. Инвестиционный климат страны отличается одними из лучших условий для ведения бизнеса.

**Improvement of value of state regulation foreign investments in the
Republic of Kazakhstan**

Aizhan Kozhekenova — PhD student, KazEU after T.Ryskulov

In article it is said that a main objective of investment policy of the Republic of Kazakhstan is achievement of favorable investment climate in the country and further stimulation of inflow of direct foreign investments in economy. The investment climate of the country differs one of the best conditions for business.

Теоретические основы экономического роста

Улан Ерденбеков — магистрант ЖГУ им. И. Жансугурова

В статье рассматриваются основные теоретические основы экономического развития и роста, дается определение таким понятиям, как «экономическое развитие» и «экономический рост».

Theoretical Basis of Economic Growth

Ulan Yerdenbekov — Undergraduate Student, ZHGU after I. Zhansugurov

This article considers the main theoretical basis for economic development and growth, the concepts are defined such as «economic development» and «economic growth».

Гуманитарные технологии в воспитании гражданина интеллектуального общества

Гульмира Султанбаева — заведующая кафедрой КазНУ им. аль-Фараби, доктор политических наук, профессор

Переход развитых стран от индустриального к постиндустриальному информационному обществу, интеллектуальной экономике выдвигает на первый план интеллектуальную составляющую человеческой деятельности, все более возрастает роль науки, образования, новых технологий — всего, что имеет отношение к интеллектуальному потенциалу. В статье рассматриваются основные гуманитарные технологии воспитания гражданина такого общества.

Humanitarian Technologies in Education of a Citizen of an Intellectual Society

Gulmira Sultanbayeva — Head of Department, KazNU after Al-Farabi, D.Sc. in Politics, Professor

Transition of developed countries from an industrial to a postindustrial information society and intellectual economy highlights the intellectual component of human activity. There is a growing role of science, education, new technologies - all that refers to intellectual potential. The article considers basic humanitarian technologies in education of the citizen of such society.

Этнодемографическое состояние населения Казахстана (1959—1989 гг.)

Құндызай Ерімбетова — ведущий научный сотрудник Института истории государства, кандидат исторических наук

В статье рассматривается этнодемографический, возрастной и половой состав населения республики в послевоенное время и в период освоения целины. Автор приводит несколько факторов влияния на рост и состав населения страны в этнодемографическом разрезе.

Ethnodemographic State of the Population of Kazakhstan (1959—1989 гг.)

Kundyzai Yerimbetova — Leading Researcher, Institute of History of the State, Cand.Sc. in History

The article considers the ethno-demographic, age and sex composition of the population in the republic during the post-war time and invasion of virgin lands. The author cites a number of influencing factors on the growth and composition of the population in the ethnic and demographic perspective..

Мировоззрение Хусаммедина ас-Сыганаки

Гульнар Омарова — кандидат философских наук

Благодаря успешной реализации государственной программы «Духовное наследие» были найдены и изучены множество рукописей средневековья, относящиеся к истории Казахского ханства. Одно из таких открытий — труды Хусаммедина ас-Сыганаки, жителя столицы Казахского ханства.

Worldview of Husameddin as-Syganaki

Gulnar Omarova — *Cand.Sc. in Philosophy*

A lot of medieval manuscripts relating to the history of the Kazakh Khanate were found and studied due to the successful implementation of the state program «Spiritual Heritage». One of these discoveries – studies of Husameddin as-Syganaki, a resident of the capital of the Kazakh Khanate.

История развития китайской каллиграфии

Мадн Нурсаидов — *старший преподаватель кафедры китаеведения КазНУ им. аль-Фараби,*

Алия Анипина — *старший преподаватель кафедры китаеведения КазНУ им. аль-Фараби*

В данной статье рассматривается развитие истории каллиграфии. В китайской письменности каллиграфия занимает очень важное место, поэтому рассматриваются требования каллиграфии, стиль каллиграфии.

History of Chinese Calligraphy

Madi Nursaidov — *Senior Lecturer, Department of Chinese Studies, KazNU adter Al-Farabi,*

Aliya Anipina — *Senior Lecturer, Department of Chinese Studies, KazNU adter Al-Farabi*

This article discusses the development of the history of calligraphy. In Chinese writing calligraphy occupies a very important place, so the article considers the requirements of calligraphy, calligraphy style.

Печатные книги на казахском и русском языках касательно истории и культуры Средней Азии и Казахстана

Арман Шайманов — *специалист музея редких книг РГП «Ғылым ордасы».*

В этой статье рассматривается краткое исследование печатных книг на русском и казахском языках относительно истории и культуры Средней Азии и Казахстана, находящихся в фонде Музея редких книг РГП «Ғылым ордасы». Труды, направленные на разностороннее изучение местности, природных ресурсов, животного мира, а также жизни и быта населения, дали первые толчки к развитию отечественной науки, историографии.

Printed Books in Kazakh and Russian Languages about History and Culture of Central Asia and Kazakhstan

Arman Shaimanov — *Specialist, Museum of Rare Books, RSE “Gylym Ordasy”*

This article discusses a brief study of printed books in Russian and Kazakh languages about the history and culture of Central Asia and Kazakhstan, kept in the Museum of Rare Books, RSE «Gylym Ordasy». Studies aimed at comprehensive learning of the area, natural resources, wildlife, as well as the lives and living conditions of the population, gave the first impetus to the development of domestic science, historiography.

Неолиберально-политические реформы в Японии

Багдаулет Акын — преподаватель кафедры японоведения КазНУ
им. аль-Фараби

В статье рассматриваются причины возникновения и развития неолиберальных реформ в Японии. Автор статьи делает попытку анализа неолиберальной политики современного японского правительства. Кроме того, он приходит к выводу, что в целом современное правительство Японии уделяет особое внимание решению вопросов политико-экономического характера путем осуществления неолиберальных реформ.

Neoliberal Political Reforms in Japan

Bagdaulet Akyn — Lecturer, Department of Japanese Studies, KazNU
after Al-Farabi

This article discusses the causes of occurrence and development of the neo-liberal reforms in Japan. The author makes an attempt to analyze the neoliberal policy of the modern Japanese government. Furthermore, he concludes that, overall, the current government of Japan pays special attention to solving the issues of political and economic character through the implementation of neo-liberal reforms.



Казахстанский институт стратегических исследований (КИСИ) при Президенте Республики Казахстан

КИСИ создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 г.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ КИСИ

1. Стратегические аспекты внешней политики:

- ♦ мониторинг внутривнутриполитического и социально-экономического развития сопредельных стран;
- ♦ анализ двусторонних отношений Казахстана с Россией, Китаем, США, Турцией, странами ЕС и СНГ;
- ♦ исследование проблем интеграции на постсоветском пространстве;
- ♦ изучение вопросов борьбы с терроризмом и экстремизмом.

2. Общественно-политические и социальные процессы в современном Казахстане:

- ♦ мониторинг общественно-политической ситуации в Республике Казахстан;
- ♦ анализ этнодемографической ситуации и миграционных процессов в Казахстане;
- ♦ исследование процессов демократизации и становления политических институтов в стране.

3. Экономическая безопасность:

- ♦ исследование проблем экономической безопасности;
- ♦ изучение тенденций развития мировой экономики и анализ их влияния на экономику Казахстана;
- ♦ исследование проблем участия Казахстана в международном экономическом сотрудничестве;
- ♦ социально-экономический мониторинг Республики Казахстан.

ФОРМЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КИСИ

Институт проводит фундаментальные исследования по стратегическим проблемам внешней и внутренней политики, социально-экономического развития Казахстана, готовит материалы прогнозно-аналитического характера для руководства страны.

Институт выпускает три ежеквартальных издания: научно-аналитический журнал «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), научный журнал «Казахстан-Спектр» и аналитический журнал «Central Asia's Affairs» (на английском языке), в которых освещаются проблемы внешней и внутренней политики, международных отношений, национальной безопасности, социальной и экономической политики Республики Казахстан, а также размещает материалы на собственном сайте.

Институт проводит семинары, конференции, «круглые столы», международные форумы по основным направлениям своих исследований.

КИСИ сотрудничает с зарубежными научными и аналитическими структурами, осуществляет международные исследовательские проекты по различным проблемам развития Казахстана и Центральной Азии.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)

ҚСЗИ 1993 жылы 16 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1. Сыртқы саясаттың стратегиялық аспектілері:

- ♦ көршілес елдердің ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;
- ♦ Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Түркиямен, ЕО және ТМД елдерімен екі жақты қатынастарын талдау;
- ♦ посткеңестік кеңістіктегі интеграция мәселелерін зерттеу;
- ♦ қауіпсіздік мәселелерін сараптау.

2. Бүгінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік үрдістер:

- ♦ Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг жүргізу;
- ♦ Қазақстанда саяси институттардың қалыптасуы мен демократиялану үрдістерін зерттеу;
- ♦ Қазақстандағы ағымдағы саяси жағдайды талдау.

3. Экономикалық қауіпсіздік:

- ♦ Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздік мәселелерін зерттеу;
- ♦ әлемдік экономиканың даму қарқынын зерттеу және оның Қазақстан экономикасына әсерін талдау;
- ♦ жаһандану мәселелерін және оның Қазақстанға ықпалын зерттеу;
- ♦ Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға мониторинг жүргізу.

ҚСЗИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Институт Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаты, оның әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты стратегиялық мәселелер бойынша іргелі зерттеулер жүргізеді, ел басшылығы үшін болжама-талдау сипатындағы материалдар дайындайды.

Институт өз зерттеулерінің негізгі бағыттары бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, халықаралық форумдар өткізіп отырады.

ҚСЗИ шетелдердің ғылыми және талдау құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан, олармен Қазақстан мен Орталық Азия дамуының әртүрлі мәселелері бойынша халықаралық зерттеу жобаларын іс жүзіне асыруда.



Журналда басылатын қолжазбаларға қойылатын талаптар

Журнал «Қоғам және Дәуір»

Мақала мәтіні екі дана түрінде принтерден шығарылып (14 кегль, шрифт «Таймс», жол аралығы бірлік, парақ жиегі – әр жағынан 2 см) автордың (авторлардың) қолтаңбасымен бекітілуі тиіс. Әдебиеттер тізімі мәтін соңында түпнұсқа тілінде келесі тәртіппен көрсетіледі: реттік саны, автор, жұмыс атауы, дерек көзі, басылымның шығу айы мен жылы, басылу орны. Мәтіндегі сілтемелер төртбұрыш жақшалармен белгіленеді.

Басты материалмен бірге авторлық парақ ұсынылады, оған автордың (авторлардың) аты-жөні, жұмыс орны мен лауазымы, қызмет немесе жеке телефон нөмері кіреді.

Мақалалардың қолжазбасы қайтарылмайды және рецензияланбайды. Мақаланың мазмұнына автор жауапты. Редакция мақаланың жариялануы және қабылданбауы туралы шешімді өзіне қалдырады.